

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық**

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

**Алматы
2017**

ӘОЖ 373.167.1:159.9

КБЖ 74.268.8

Ө 29

*«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының
авторы С. А. Назарбаева*

Ө29 **Өзін-өзі тану:** Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Ж. Ж. Әкімбаева, Е. Бақаш, С. Нұркеева, Р. Мұратханова. – Алматы, 2017. – 144 б.

ISBN 978-601-7819-73-6

7-сыныпқа арналған оқулық «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген. Оқулықта жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған.

ӘОЖ 373.167.1:159.9

КБЖ 74.268.8

© «Бөбек» ҰҒПББСО, 2017

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүлкітік құқықтары

«Бөбек» ҰҒПББСО-на тиесілі

ISBN 978-601-7819-73-6

Қымбатты жас достар!

«Өзін-өзі тану» пәнін оқу барысында әлемді құндылық тұрғысынан ұғынып, өздерінді оның бір бөлшегі ретінде сезінесіңдер.

Өз өмірлеріңнің мәнін, оның қайталанбайтынын ұғынып, өмірлік мақсат-мұраттарыңды адамгершілік тұрғыда айқындауға мүмкіндік аласыңдар.

Бойларыңдағы мүмкіндіктерің мен қабілеттеріңді барынша ашып, оны өз мүдделерің мен қоғамға адал қызмет ету үшін жасампаздықпен пайдалануға дағдыланасыңдар.

Күнделікті өмірде түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес шешуге үйренесіңдер.

Өздеріңе, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға ден қоясыңдар.

Қоршаған ортаға қолдан келгенше көмек берудің, туыстарыңа және жақындарыңа қамқорлық көрсетудің маңыздылығын ұғына түсесіңдер.

Өз-өздеріңмен үндестікте өмір сүруге, яғни ойдың, сөздің және іс-әрекеттің адал және шынайы болуын, оған жауапкершілікпен қарау қажеттілігін ұғынып, оны күнделікті өмірде ұстануға мән бересіңдер.

Туған жерді қадірлеуді, Отанды құрметтеуді, табиғатты аялауды, денсаулықты сақтауды үйренесіңдер.

Осы жылы сендер «Ұжымдағы достық» атты қызықты жобаға қатысасыңдар. Жобамен жұмыс істеу бір жылға есептелген.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша дәптер *ozin-ozu-tanu.kz* интернет-порталындағы «Оқушыларға» бөлімінде «Электронды кітапхана» айдарына салынған.

Қадамдарың құтты болсын, жас достар!

Шартты белгілер



Дәйексөз



Оқып үйренейік



Ойланайық, пікірлесейік



Жаңа ақпарат



Шығармашылық жұмыс



Жүректен жүрекке

«ҰЖЫМДАҒЫ ДОСТЫҚ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Осы оқу жылында сендер жекелеген шығармашылық тапсырмалардан басқа қызықты жоба жұмысына қатысасыңдар.

Жоба – бұл зерттеу және шығармашылық, сонымен қатар қоғамға қызмет етуге бағытталған практикалық іс-әрекет. Жобаны дайындау көздеріне өзін-өзі тану оқулығы, танымдық кітаптар, отбасы мүшелерімен, сыныптастармен, достармен, өмірі өнегелі адамдармен байланыс және отбасындағы, мектептегі, қоғамдық орындардағы пайдалы әрекеттер, айналадағы адамдарға көмек және басқалары жатады.

Жоба саған «достық» ұғымын қаншалықты терең түсінетініңді, сыныптастарыңа нағыз достық ниет таныта алатыныңды және көптеген пайдалы және қайырымды істер жасай алатыныңды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жобамен жұмысты аяқтаған соң, оны қорғап, жалпы іске қосқан өз үлесіңді көрсетесің. Жоба жұмысын жүзеге асыру барысын көрсету үшін оқушы дәптерінде жоба күнделігі берілген.

Бірінші кезеңде, сен жобаның мақсатын анықтап, «Ұжымдағы достық» ұғымына байланысты сұрақтарға жауап беруің керек.

Сыныбыңдағы қарым-қатынастарға талдау жасап, сыныптастарың туралы айтып бер. Олардың жетістіктері мен табыстары қандай? Сыныптастарыңды қандай мамандықтар қызықтырады? Сеніңше, олардың ішінде кім дәрігер, суретші, әртіс, инженер, мұғалім және т.б. болуы мүмкін? Мүмкін оларды қандай да бір өмірлік сұрақтар мен қиындықтар толғандыратын шығар?

Сыныптастарың өзге құрбы-құрдастарының толық бейнесін көрсете ала ма? Бір-біріңді жақсырақ білу үшін, табиғатқа бірге серуен ұйымдастырыңдар, көрген қойылым, кинофильм, концерт, оқыған кітаптарыңды талқылаңдар. Бұл кезеңдегі сендердің жұмыстарыңның қорытындысы ретінде әрқайсысың туралы фотосуреттер мен естеліктер бар ұжымдық газет шығуы немесе өз жолдастарыңның ең қызықты қырлары туралы видеоролик жасалуы мүмкін.

Жобаның екінші кезеңінде адамдарға жасайтын көмегің, қоршаған әлемге деген қамқорлығың көрсетілетін жалпы істің нақты жоспарын жасау керек. Сыныптастарыңа, жалғызбасты адамдарға, көп балалы отбасындағы балаларға, яғни, өзіңнің жүрек жылуыңды сыйлағың келген барлық жандарға өз қолыңмен сыйлық жаса.

Сонымен қатар өз сыныбында қызықты шығармашылық жұмыс жүргіз. Бұл достық туралы мақал-мәтелдер, өлеңдер мен әндер, достық пен достар туралы суреттер, жас ақындар байқауы және спорттық жарыстар болуы мүмкін.

Қайырымды істердің нәтижесінде жинақталған материалдардан атауын өзің ойлап тапқан туынды ретінде журнал немесе кітап, сурет немесе бейнеколлаж жасалуы мүмкін.

Үшінші кезеңде ойластырылған идеялар мен жоспарлар іске асырылады. Бұл үшін сенің көмегіңе кімнің мұқтаж екендігін түсіну керек. Бұл сенің құрбы-құрдастарың, көршілерің, балалар үйінің тәрбиеленушілері, қарттар үйінде тұратын қарт адамдар немесе жай ғана жалғызбасты адамдар, сондай-ақ жан-жануарлар болуы мүмкін.

Сонымен қатар қоршаған табиғатқа не істей алатындығыңды, мектеп ауласы мен өз үйіңнің ауласын, демалатын орныңды қалай жақсартатыныңды ойластыр.

Достарыңмен бірге көмекке зәру жандарға көмектес. Өзің және достарыңмен жүргізген қайырымдылық акцияларын сурет және бейнематериалдар арқылы көрсет.

Төртінші кезең – қорытындылаушы кезең. Бұл кезеңде жобаның нәтижелерін жариялап және безендіріп көрсетіндер. Бұл – бейнеролик, фотоколлаж, слайдты таныстырылым, көркем туынды немесе басқа да түрде болуы ықтимал. Мүмкін сен бірнеше жанрды қатар пайдаланатын шығарсың.

Жобаны орындап болғаннан кейін өзің мен достарыңның өмірі қалай өзгергендігін ойла, талда, өз қорытындыңды жаса. Жобаны қорғауда өз ұстаздарыңды, ата-ананды, достарыңды және көмек берген барлық адамдарды шақырып, ортақ қуанышқа бөлен. Оларға өз қолыңмен жасалған сыйлықтар мен концерттік нөмір ұсын. Сонымен қатар көрмені шығармашылық жұмыспен безендіріп, жоба барысында есте қалған сәттер бейнеленген таныстырылым немесе фильм көрсет.

Достықтың ғаламат кереметтерді тудыратынын, өзіңе деген сенімді арттыратынын және шынайы қайырымды істі жасататынын есте сақта. Жобаға қатыса отырып, сен жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес өмір сүрудің маңыздылығын, ойдың, сөздің және істің бірлігінде, ар-ұжданға сәйкес өмір сүрудің мәнін түсіне білгендеріңе сенімдіміз.

Сендерге ең бір батыл және қайырымды идеяларыңды жүзеге асыруда табыстар тілейміз!

І ТАРАУ

ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ





АҚЫЛ-ПАРАСАТ, ЕРІК-ЖІГЕР ЖӘНЕ ЖҮРЕК



**... Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.**

Абай

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Он жетінші сөз

Абай

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Қайрат айтыпты:

– Ей, ғылым, өзің білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмететке жетпейтұғынын; әуелі өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? – депті.

Ақыл айтыпты:

– Дүниеге не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды? – депті.

Онан соң жүрек айтыпты:

– Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге, төсексіз кедейдің, тоңып



жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым¹, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады? – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруына қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас.

¹ Қайыр, мейірім, жаны ашушылық.

Жаратқан тәңірді де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті.

– Сен үшеуіңнің басың қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші² жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

– Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағына көз сүртерлік қасиетті адам сол.

Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.



- Автор қайрат, ақыл, жүректің ерекшеліктерін қалай жеткізген?
- Мәтінде ғылымның «жүрекке билет» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
- Абай қандай адамды «қасиетті адам» дейді? Неліктен?
- Тағы қандай қасиеттерді «жүрекке билетуге» болады деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырыңдар. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңдар.

Ұғым	Анықтамалары
1. Ақыл 2. Ақылды 3. Парасат 4. Парасаттылық 5. Ерік-жігер	а) Білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана білу. Сана-сезімі жоғары, білімді, есті адам. ә) Адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет. Шындықты танудың, оны жан-жақты зерттеп, мәнін ашу арқылы байыбына жете ұғынудың ең жоғарғы сатысы.

² Жарлық, үкім, бұйрық беруші.

	<p>б) Ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік пен зерделілік және байыптылық, байсалдылық.</p> <p>в) Ақылдың мүлдем жаңа таным-білімдерді қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілеті. Ақылдың жоғары деңгейі.</p> <p>г) Адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алу қабілеті, оның белгілі бір мақсатқа жету, іс-әрекетті орындап шығу жолында қиыншылықтарды жеңе білуінен байқалатын ішкі қуаты.</p>
--	--

2-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «Парасатты адамның» портретін, мінездемесін жасаңдар.

Туісті сөздер мен сөз тіркестері: ар-ұят, ашуланбау, байыптылық, ақылға жеңдіру, сабырлы, салмақты, инабатты, әдепті, сезімтал, парқын білу, пайымды, мейірімді.

3-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді оқып, парасаттылыққа қатысты түйінді ойларды іріктеп алыңдар. Олардың маңыздылығын дәлелдеп беріңдер.

● Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында.

Әл-Фараби

● Парасат – қараңғыдағы шырақ.

Жүсіп Баласағұн

● Өзінің сеніміне қарай іс жасаған адамның бәрі парасатты емес, ол үшін оның сенімі де парасатты болуы керек.

Федор Достоевский

● Ұлтты ұйытқылы ететін – парасат. Адамды абзал ететін – иман.

Әбіш Кекілбаев

4-тапсырма. «Парасатты болу – парызым!» тақырыбын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

Әл-Фараби



Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат.



Әділ – Мария

(Үзінді)

Шәкәрім

... Адам болып жаралған соң өз мінін өзі біліп тұрса, олай болмаған күнде мініңді тауып айтқанды қауып тұрмай, соны мойындап, түзетуге қам қылса... тауып айтқан мініңді³ өзгертуден тек пайда ғана аласың, түзелесің, түрленесің, өзгересің, адамшылыққа жетесің. Кемшіліксіз адам болмайды, оны өзі байқамай қалатын кез болады, соны айтқанда қателік санап, қалайда түзетуге бағыт алған адамдікі жөн. Ол адамның азаматтығының биіктігі, ақыл-парасатының молдығы, адамдығының жоғарылығы емей не? Айтылған мініңді мойындай білсең, мініңді айтқанға наразы болып қарсы шықпасаң – сол ақыл. Ол – адамдық қалпыңды сақтауға кедергі жасайтын жағымсыз қасиеттеріңді өзіңнен аулақтатуға ақылыңның жеткені, мінезділік. Егер мініңді өзің таппай, оны айтқан адамды жек көріп, ашу-ызаға берілсең, ерегіске түссең, онда болмағаны. Егер мініңді айтқан адамдікін жөн көрмесең, ашумен емес, сабырлылықпен, қарсы айтар пікіріңді дәлелімен айт. Сонда қауым⁴ саған төреші⁵ болады, кімдікі жөн екенін анықтайды.



- Мәтіндегі «Тауып айтқан мініңді өзгертуден тек пайда ғана аласың, түзелесің, түрленесің, өзгересің, адамшылыққа жетесің» деген ойды қалай түсінесіңдер?
- Мәтіндегі автордың «Өз мініңді мойындап, оны түзеуге талпыну» деп айтқан ойы адамға қандай игіліктер сыйлайды деп ойлайсыңдар?
- Шәкәрімнің айтқан ақылынан парасаттылыққа тән қасиеттерді іріктеп алып, айтып беріңдер.

³ Бір нәрсенің бойындағы кемістікті байқататын ақау, кем-кетік.

⁴ Бұқара, көпшілік.

⁵ Егескен, дауласқан екі елдің не екі адамның арасына билік айтушы адам.



5-тапсырма. Өнер туындыларымен танысып, «Парасатты тұлғалар» немесе «Парасатты ұлт» тақырыбында пікір алысу жүргізіндер.



Әбілхан Қастеев. Абайдың портреті. 1954 ж.



Әбілхан Қастеев. Шоқан Уәлихановтың портреті. 1951 ж.



Әбілхан Қастеев. Бауыржан Момышұлы. 1943 ж.

6-тапсырма. «Жерұйық» фильмін көріңдер. Фильмнің «Жерұйық» деп аталу себебін, ондағы адамдар мен халықтың бойындағы парасаттылықты тауып, әңгімелеңдер.

- Фильмдегідей қайырымды, пайдалы істер жасай алатындарыңды ойластырыңдар.

- «Асар» тобын құрып, «Көзге түсу үшін емес, адамдарға риясыз қуаныш сыйлап, пайда келтіру үшін жұмыс істейміз» деген мақсатпен өз ұзақ мерзімді жобаларыңның жоспарын дайындап, іске асырыңдар.



Парасатты адам ар-ұят пен адамшылыққа жүгініп, ақиқатқа талпынады. Әрбір істе көрегенділік пен зерделілік, байыптылық пен байсалдылық танытып, дұрыс әрекет жасайды.

Ешкімге оймен, сөзбен, іспен қиянат жасамайды. Адамшылық, кісіге пайда тигізу, ел қамын ойлау деген сияқты жақсы ой, таза ниетте болып, айнала қоршаған ортаға риясыз қызмет етеді.



Ойлан, балам

Сөзін жазған Шәмшібай Сариев

Әнін жазған Кеңес Дүйсекеев

Ойлан, балам, өмір деген өтпелі,
Бұл дүниеге кімдер келіп, кетпеді.
Қайта оралмас бұл өмірдің жаздары,
Қайта оралмас бұл өмірдің көктемі.

Ойлан, балам!
Тәтті өмірге талайлар тоя алмаған,
Ойлан, балам!

Ойлан, балам, алда үміт, арманың,
Алда сенің нұрлы күнің, таңдарың.
Қайта оралмас жас шағымның көзіндей,
Қайта оралмас ғұмырымды жалғадың.

Ойлан, балам!
Тәтті өмірге талайлар тоя алмаған,
Ойлан, балам!
Ойлан балам, елің-жерің, салтың бар,
Мұратына жетер адам талпынған.
Таудай биік азаматы болсаң да,
Биікпін деп айтпа, балам, халқыңнан!

Ойлан, балам!
Тәтті өмірге талайлар тоя алмаған,
Ойлан, балам!



АДАМНЫҢ ІШКІ ӘЛЕМІ



Ар ұялар іс қылмас.

Абай

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Ұждан

Шәкәрім

Ежелгі Қытай елі бақытты өмір кешіп жатқан, байы да, кедейі де, үлкені де, кішісі де өз өмірлеріне риза бір заманда адамдар тыныш ұйықтай алмайтын бір кеселге душар болыпты. Оған себеп – Ұждан⁶ деген бір сұлу қыз адамдар түнде тәтті ұйқыда жатқан сәтте келіп оятып: «Сен бүгін не істедің? Соны анық тексеріп ойлашы», – дейді екен де, жауабын күтеді екен. Жауап беруші ананы бір, мынаны бір айтып, ақталғандай болса, қашан өзінің сезінген теріс істерін айтып мойнына алғанша тұрады екен. «Мына бір ісімді айтамысың?» дегенде барып, Ұждан көрінбей кететін көрінеді. Ол кеткен соң әлгі адам өзінің күндіз істеген ағаттығын ойлап, ұяты мазалап, ұйқысы қашады екен. Осы секілді оқиға әрбір адамның басына түсіп, ұйқысы шала болған адамдардың ертеңгі істері жүрмей, елден береке қашыпты.

Келе-келе адам жалдайтын байлар мен кісі ұстайтын ұлықтар да осындай жағдайға душар болыпты. Олардан:

- Мына адам неге ұрлық қылды? – деп сұрайды екен.
- Жейтін тамағы жоқтықтан.
- Тамағы неге жоқ?

Бай: – Өндірген бидайын аласам үшін алып қойдым.

⁶ Ар, намыс, ұят.



Ұлық: – Өндірген өнімі салық төлеуге әрең жетті, - дейтін сияқты.

Бірақ олар да осыдан кейін өз істерінің терістігі туралы ойланатын болыпты. Осы жауаптасудан кейін адамды ұрлық жасауына итермелеген оның үй-ішінің ас-ауқатсыз қалғаны екенін түсінген бай мен ұлықтан да ұйқы қашыпты.

Осыдан кейін олар өз мүлкін жарлы-жақыбайға садақаға үлестіріп, қарыз адамдардың қарызын кешпекке бел байлапты.

Оған олардың үй іші мен туған-туысқандары қарсы болып: «Біздің қадірліміз ұйқысыздықтан ақылынан адасты» деп ауруына ем іздепті.

Елді берекесіздік жайлап, адамдардың бәрі өз уайымымен болып, басқару қиындапты.

Елдің бас көтерерлері кеңесіп, ең ақылды бір қария бар еді, соған барып жағдайды баяндап, кеңес сұрапты. Ол айтыпты: «Елдің ішкі және сыртқы жағдайларының бәрін қамтитын нақты заң жазындар, онда реттелмеген ештеңе қалмасын. Әркімнің өз міндеті мен жауапкершілігі болсын, мүлікке жасалатын салық, берілетін зекет⁷ көлемі нақты жазылсын. Меншік иесі де, жалданушы да қанағаттанатын болсын. Сол заңды елдегі

⁷ Ислам діні бойынша, жыл аяғында халықтың мал мөлшеріне салатын салығы, үлесі.

барлық адам ұстанатындай етіп үйретейік. Соған лайықтап өмір сүрейік. Сонда Ұждан келіп, сұрай қалғанда, қай-қайсың болсын жауапқа әзір боласыңдар».

Осылай етіп, барлық адамға қатысты заң жазылып, оны тұрғындар түгел мойындап, адамдар өз істеріне жаңаша кірісіпті. Ұждан келіп кім-кімнен де сұрай қалса, жұмысы заң шеңберінде екенін айтып ақталыпты. Ілуде бір кісі ескі әдетімен заңсыз әрекет жасай қалса, Ұжданның алған жауабында тосылып, оны Ұждан заңды орындаушыларға сыбырлап, ол адам жазасын тартыпты. Оны көргендер бұдан былай заң бұзбайтын болыпты. Осылайша елде қайтадан бұрынғыдан да жақсы мамыражай заман туыпты.

... Елде орнаған сол тәртіп ұрпақтан-ұрпаққа көшіп бүгінге жетіпті. Ұждан ешкімді ұйқысынан оятып мазаламайтын болыпты.

...Тек ақылдылары ғана Ұжданды ұмытпапты. Ел ішінде әділетсіздік пен әдепсіздік бола қалғанда: «Сізде Ұждан жоқ екен» деп ел есіне салып тұруды солар бүгінге дейін жеткізіпті.



- *Ел-жұрт неліктен тыныш ұйықтай алмады?*
- *Адамдардың Ұжданмен кездесуінен кейінгі мазасыздануының себебі неде?*
- *Ұждан адамдарды қалай дұрыс жолға салды? Олардың ойын, ниетін қалай жақсартты?*
- *Ұжданның ниетін түсінбегендер жағдайдан шығудың қандай жолын іздеді? Неліктен?*
- *Адамдар Ұжданға ұялмай, дұрыс жауап беру үшін өз міндеттері мен парыздарын қалай атқаруы керек екен?*
- *Елдегі тыныш өмірдің орнауының себебі неде?*
- *Өздерің күнделікті өмірде Ұжданды басшылыққа аласыңдар ма? Қалай?*

Шәкәрім



... Адамдағы ынсап⁸, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады.

«Адамшылық арым соны істеуді ұнатады» деген «Ұжданың солай қылғанды ұнатады» дегендік болып

⁸ Көңіл тоқтатудағы қанағат.

шығады. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... Ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды.



1-тапсырма. Сөздіктерден «ынсап», «әділет», «мейірім» сөздерінің анықтамасын тауып, оқындар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табындар.

2-тапсырма. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла...» сөзін басшылыққа алып, төмендегі рөлдерді қатыстырып сахналау ұйымдастырындар.

- Дәнекер (өмірмен байланыстырады);
- Сөз тапқыш (мәтіннен жүрекке жылы сөздерді тауып айтады);
- Сұрақ қоюшы (сұрақ қояды);
- Реттеуші (реттеп отырады).

3-тапсырма. Өсиет әңгімені оқып, кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекеттеріндегі ерекшеліктерге назар аударындар. Жаңа үйдің иесінің «Әркім өзінде барымен бөліседі» деген ойын қалай түсіндіңдер? Өсиет әңгімеге қандай тақырып қоюға болады?

Өсиет әңгіме

Бірде бір адам үлкен, жаңа үй сатып алады. Оның бақшасында толған жеміс ағаштары. Сәнді үйдің жанында қызғаншақ көршісі болады, ол үнемі жаңадан көшіп келген көршінің көңілін бұзу үшін түрлі әрекеттер жасайды. Бірде жаңа үйдің қожайыны есігін ашса, бір шелек қоқысты көреді. Оны көршісі әкеліп қойған екен, сонда үй қожайыны шелектегі қоқысты төгіп, оның ішін тазалап жуып, баудан піскен ең үлкен алмаларды шелекке салып, көршісіне алып келіп, есігін қағады. Ал, көршісі есігін ашып, өзінің шелегі мен алманы көтерген оны көріп, абыржып қалады. Сонда жаңа көрші: «Әркім өзінде барымен бөліседі», - деген екен.

4-тапсырма. Өз жан дүниеңнің (ой, ниет, сөз, іс) байып, жақсаруы үшін не істейсің? Не нәрсе сәтті, не сәтсіз шығуда? Оның себептері неде деп ойлайсың? Жан дүниеңді (ой, ниет, сөз, іс) байытып, жақсартуға бағытталған істер жөнінде ойланып, жоспарын жаса, үлкендермен ақылдасып, іске асыр.




Мәнді сөздер

(Үзінді)

Шәкәрім

Таза жолмен жүруге талаптан, өзінді сол жолмен жүруге тәрбиеле. Адалдықты, тазалықты мақсат еткен жолға қарама-қайшы келетін бұзықтықтан бойынды да, ойынды да аулақтат. Белгілі бір дәрежеге, деңгейге жетсең де немесе одан кетсең де, белгілеген дұрыс мақсатыңды бұзба, одан айныма. Бұл өміріңнің жолы екіге айырылып өзендей ағар, әр жақтан әртүрлі мәселелер мен қиындықтар, азғыратын жайттар болмай тұрмас. Сол кезеңде дұрыс мақсатыңды берік ұстанып таза жолдан таймай барғаның, жетпесең де алғаның көбірек болсын. Таза, тура, адал жол деген негізгі қазыққа барар жолда бұзыққа қызықпа, ындыныңды⁹ тура жолға сал, мақсатыңды бұзба, таза жолдан тайма, тура жолға ие бол. Құбылсаң, бұзылсаң, не қызығып, не именумен¹⁰ қайта алмай, байқамай себепке еріп жетектелсең, бұларды аттап өте алмай қалсаң, адалдығыңды жоғалтып, адамдығыңды кетіріп рухани тірі өлікке айналасың. Осыған ермей, ақ жолмен алға бассаң, міне, сонда ғана сен шынайы еркінсің, еркінді қай бағытқа бағыттау – өзіннің жүрегіннің шешімі. Тура жолды сезімі ояу, есті жан ғана табады.



- Мәтіндегі автордың айтып отырған «таза жолы» қандай жол деп ойлайсыңдар?
- Ол «таза жолға» адамды оның бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттер жетелейді?
- Автор мәтінде кімдерді «сезімі ояу, есті жан» дейді? Сеніңше, ондай жандар ар-ұжданын басшылыққа ала ма?
- Ар-ұждан адамды қандай жолға бастайды?
- Өзің өмір жолыңда нені басшылыққа аласың? Неліктен?

Ғарифолла Есім



... Ар жүйесі дегенде адамшылық кеңістігі айтылады. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық,

⁹ Құлқын, пейіл.

¹⁰ Адамнан, басқа нәрседен жасқану, қорқу, тайсалу.

кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық, т.б. Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы деуге болады.



5-тапсырма. Төменде берілген өлеңді оқып, ой, сөз, істегі ар-ұжданды ұстанудың нәтижелерін (себебі мен салдарын) тауып, айтып беріңдер.

Жүсіп Баласағұн

... Ұятты біл, ұятсыздан қашық бол,
 Парасатқа, пәк көңілге асық бол!
 Ар-ұятың жаман істен сақтайды,
 Бұзықтарды ұят түзеп, ақтайды.
 Кісілікті ұят сақтап қалады,
 Ұяты бар кісі – адамның адамы.
 Іс берсең бер ұятты – арлы адамға,
 Намысты жан ашпайды есік арамға.
 Ұятсыздың ұятсыз, нас¹¹ тілі де,
 Жөн сөзі жоқ, кісі қоры тіріде.
 Тыңда адамды ұяты – көз, жолы хақ,
 Ақыл айтқан ақ жүрегін қолына ап:
 Ұятсызға жақындама, жырақ¹² тұр,
 Ұятсыздың көзі ұятсыз, құлақ түр...

6-тапсырма. «Өзіңнен ұяла жүрсең, сені ешкім де ұялта алмайды» (Феофраст) тақырыбына эссе жазыңдар.

7-тапсырма. Жағдаятты шешіңдер. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Математика мұғалімі көзге көрінетін нақты формулаларды тақтаға жазып жатып; «Арамызда көзге көрінбейтін дүниелерге сенетіндер де бар шығар?» – деді.

Бір оқушы орнынан тұрып:

– Әрине, – деп жауап қайтарады.

– Маған қара, адам көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын заттардың болмысына сеніп, ол жайлы сөз етсе, ол ақылдылыққа жатпайды, – деді.

– Апай, сіз балаңызды жақсы көрген кезде, мейіріміңіз қолға ұстала ма, ал біреуге риясыз көмектескенде оған де-

¹¹ Ұқыпсыз, салақ, лас.

¹² Алыс, шалғай, қашық.

ген жанашырлығыңызды шығарып, үстелге қоя алар ма едіңіз? – деді.

Барлығы ойланып қалды...

- *Мәтіндегі жағдайды сендер қалай түсіндірер едіңдер?*
- *Адамның ар-ұжданы ылғи көзге көріне ме? Оның көріністері нелер деп ойлайсыңдар?*



Мейірімді көздер-ай!

*Сөзін жазған Шона Смаханұлы
Әнін жазған Садық Кәрімбаев*

Жері жоқ шолмаған,
Ғарышқа самғаған,
Қыранның көзіндей,
Қырағы көздер-ай!

Сыр сәуле төгілген,
Даналық көрінген,
Елім деп егілген
Ақылды көздер-ай!

Түбіне сыр тұнған,
Жүрекке бұлқынған,
Сарқылмас нұр құйған
Тұңғыық көздер-ай!

Түп-тұнық бұлақтай,
Жайнаған шырақтай,
Жаныңның жыршысы –
Мейірімді көздер-ай!



ӨМІРДІҢ МӘНІ



Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер.

Қаныш Сәтбаев

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Жаңылыс пен ақиқаттың есігі

Аңыз

– Тақ, тақ, тақ! Асығыс жолаушы әлдебір құпия есікті тақылдатып қаға бастады. Сәлден кейін есік ашылды.

– Кімді іздейсің? – деді іштегі адам.

– Ақиқатты іздеп жүр едім, – деді жолаушы.

– Ағат келіп қалған екенсің, менің атым Жаңылыс. Іштегі адам осылай деп есікті сарт еткізіп жаба салды.

Жолаушы ары қарай іздеп кетті. Талай дәриядан өтті, талай асулардан асты. Бірақ, ақиқатты таба алмады. Ақыры «ақиқат пен жаңылыстың бір-біріне қас жау екені рас болса, онда ақиқаттың қайда екендігін жаңылыстың білуі ғажап емес қой» деген ойға келді.

Сонымен ол жаңылысты тағы тапты. Жаңылыс болса: «оны өзім де іздеп жүр едім», – деді де есігін және жауып алды. Жолаушы үмітсізденген жоқ. Бірден айналсоқтап¹³ келді де, Жаңылыстың есігін қаққан үстіне қаға түсті. Жаңылыс оған суық жүзін сала ызғарлана қарады. Жолаушы үмітсіз кейіппен дағдарып тұрған кезде оның көршісі толассыз қаққан маза-сыз есік дауысынан оянып, ойпырым-ай деп күбір ете қалды. Жолаушы артына жалт бұрылды.

¹³ Бөгелу, ұзап кете алмау.



– Ой, сен Ақиқат емессің бе!?

Жолаушы іздеген Ақиқат Жаңылыспен қабырғалас болып шықты. Адамдар ақиқатты қай-қашанда жаңылыстың есігін қайта-қайта қағып барып табады.

- Мәтінде адам неліктен Ақиқатты іздеді деп ойлайсың?
 - Мәтінде Жаңылыс неліктен «Оны өзім де іздеп жүр едім» деді?
 - Не себепті Ақиқат пен Жаңылыс кездесе алмайды?
 - Өзің Ақиқатты қайдан іздейсің?
- «Ақиқат – адастырмайды» дегенге сенесің бе? Неліктен?



Ақиқатқа жүгіну – айтқан, істеген, көрген немесе естіген нәрсені дәл жеткізу. Бірақ нағыз шындық – ол Ар-ұждан.

Сөз ар-ұжданды басшылыққа алса, ол Ақиқатқа айналады.

Дұрыс әрекет жасау – ақиқатқа берілгендердің ұстанған әрекеті.

Ақиқат – адамның шынайы табиғаты.

Ақиқатқа шындық, дұрыс әрекет, тыныштық, қиянат жасамау және сүйіспеншілікті күнделікті өмірде іс жүзінде көрсету арқылы жетуге болады.

Адамның ақиқатты тануға ұмтылысы өзіне: «Мен кімін?», «Менің өмірімнің мақсаты неде?» деген сұрақтарды қоюға түрткі болады.



1-тапсырма. Шәкәрімнің «Өтірік ақиқаттан алыстатса, шындық ақиқатқа жақындатады. Ақылы мен ұжданы үйлесім тапқан адам өтірік айтпайды» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

2-тапсырма. Жақындарыңмен (ата-ана, ата-әже, туысқандар, іні-қарындас, аға-әпке, көрші және т.б.) «Өмірдің мәні неде?» деген тақырыпта пікірлесіп, өз көзқарасыңмен салыстыра отырып, мұғалімнен кеңес ал.

3-тапсырма. «Мен кімін?», «Менің өмірімнің мақсаты неде?» деген сұрақтарды қатыстыра отырып эссе жазыңдар.

4-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, ондағы өмірдің мәні суреттелген ойлар мен сәттерді тауып, дәптерге жазыңдар.

Ілияс Есенберлин

Адамның бақытты болуы әрқилы, міне біз қала тұрғындары, өмірді үлкен категориялармен шеңберлеп өлшеуге дағдыланғанбыз. Мұз жаратын кеме ойлап шығарсақ, жаратылыстың дүлей күшін ауыздықтасақ, не болмаса атом күшін дұрыс пайдаланар жолын тапсақ, өзімізді зор бақытты санаймыз. Бірақ біздің сол үлкен категориямыз, мына сіздің шашыңызға түсіп тұрған күн сәулесімен салыстырғанда не тұрады? Мына сіздің көйлегіңізге жабысқан кішкентай ғана шөппен салыстырыңызшы? Дүние шексіз-шетсіз кең, бірақ сол кең дүниеде шын мәнінде қымбатты тек өмір, тіршілік... Сіз ең қымбат дүние жиһазы бар үйге бір шумақ гүл қойсаңыз, бөлме қандай құлпырып кететінін байқағаныңыз бар ма? Неге олай? Бар болғаны гүлдердің жаны бар, олар біздің айналамыздағы өмірді еске салады... Ал жан-жағыңызға қараңызшы. Өзіңіз тұрған осынау дала қандай сұлу...



Айтып несіне әуре боласың...

Аңыз

Сократқа біреу келіп:

– Досың жайлы не естідім, айтайын ба?



– Тоқта. Менімен досым туралы сөйлесер алдында, бір сәт тоқтап, сөйлейтін сөздеріңді үш сүзгіштен өткізгенің абзал болар. Бірінші сүзгіш – «шындық сүзгіші». Досым туралы айтатының жүз пайыз шындық екеніне сенімдісің бе?

– Жоқ. Негізі, біреудің айтқанын естідім де, содан...

– Жарайды. Ондай болса, сен ол әңгіменің рас-өтірігін білмейсің.

Екінші сүзгіш – «жақсылық сүзгіші». Досым туралы айтатының жақсы ма, әлде...?

– Жоқ. Жақсы емес, керісінше ...

– Сен, шынымен болған-болмағанын білмей тұрып, досым туралы жаман нәрсе айтқың келді ме сонда?

– Соңғы сүзгіш – «керектілік сүзгіші». Досым туралы айтатының менің керегіме жарай ма?

– Білмеймін ғой енді, бәлкім ...

– Түсінікті. Маған айтатының шындық емес, жақсылық емес және мен үшін қажет емес болса, оны айтып несіне әуре боласың?..



- Мәтінде неліктен «сөйлейтін сөзді үш сүзгіштен өткізіңдер» деді?
- Неліктен бірінші сүзгіш «Шындық сүзгіші» болды деп ойлайсыңдар?

- «Жақсылық сүзгіші» не үшін керек?
- Адаммен қарым-қатынаста «керектілік сүзгішінің» не пайдасы бар?
- Осы үш сүзгішті пайдаланатын адамды ақиқатты таныған деуге бола ма? Неліктен?



5-тапсырма. Нақыл сөздерді оқып, негізгі ойын анықтаңдар. Бүгінгі өмірмен байланыстырып, қорытынды жасаңдар.

Өтірік пен шынның арасы – төрт-ақ елі.

Жиренше

... Тіл жүректің айтқанына көнсе – жалған шықпайды.

Абай

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.

Әлихан Бөкейханов

Бүкіл әлем үлкен шарайна секілді, мен одан өзімнің бейнемді көрем.

Шығыс даналығы

6-тапсырма. Құрбы-құдастарыңның арасында «Өмірдің мәні – адамгершілік болса?!» тақырыбында сауалнама жүргізіңдер. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды жазыңдар.

7-тапсырма. Өздерің өмірі мәнді деп ойлайтын адамдар (ата-анаң, туыскандарың, ұстазың, таныстарың, досың, белгілі адамдар және т.б.) туралы альбом, слайд немесе қолдан шағын кітап әзірлеңдер.

Шәкәрім



... Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді.

Бас көзі тәнде орналасса, ақыл көзі адам болмысын құрайтын ақыл мен жан арқылы әрекет етеді. Бас көзі сезімдік таным бастауы болса, ақыл көзі логикалық танымға қызмет етеді. Логикалық таным сезімдік танымнан биік тұратыны бесенеден белгілі. Сезімдік таным сәттік көрініс, мәліметті ғана қабылдаса, логикалық таным әр нәрсені де арғы бергі, жан-жақты болмысымен танытады.



Аңса жаным

*Сөзін жазған Мұқағали Мақатаев
Әнін жазған Иран Тасқара*

Мен тілеймін жарқыным сен де тіле,
Орнасын де жақсылық жер бетінде.
Аққу тіле айдынның келбетіне,
Айдын тіле аққуды тербетуге.

Мен аңсаймын, сен-дағы аңса жаным,
Жайлап ескен жақсыдан жан самалын.
Аңса жаным, зарығып шарша жаным,
Қанша ғұмыр қалса да, қанша амалың.

Мен сағынсам, сен-дағы сағын жаным,
Тек жақсылық адамнан табылғанын.
Алакөзсіз, ашусыз бауырлардың,
Алқам-салқам аңсаймын қауымдарын.

Болса-дағы көңілім қанша жарым,
Білінбейді солармен шаршағаным.
Жайлап ескен жақсыдан жан самалын,
Аңса жаным, жабықпай, аңса жаным.



АДАМ БАҚЫТЫ



Жаны мейірімге толы адам бақытты.

Пифагор

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Адам қалай ойлайды?

Джеймс Аллен

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқа адамдарға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін, ниетін түбегейлі өзгертсе, оның өмірінің материалдық жағы да өзгереді. Біздің тағдырымыз өз қолымызда. Адамның қол жеткізген жетістіктері – өзінің ойы мен ниеті арқылы жоғары көтеріліп, жеңіске жетеді. Ал ойы мен ниетін жақсылыққа бағыттай алмаған адамдар бақытсыз болады. Сондықтан да өз бақытымыз үшін күресейік. Алдымен өзімізбен күресуді оптимистік ойлау негізінде жүзеге асырайық. Ол үшін мен сіздерге күнделікті орындайтын бағдарлама ұсынамын. Оның аты «Дәл бүгіннен бастап» деп аталады.

– *Дәл бүгіннен бастап* «Мен бақыттымын», – деген сөзді басшылыққа аламын.

– *Дәл бүгіннен бастап* мен өзімді қоршаған ортадан тек жақсылық іздеймін, ойым мен ниетімді жақсылыққа бағыттаймын.

– *Дәл бүгіннен бастап* мен өзімнің денсаулығым туралы ойлана бастаймын. Дене шынықтыру жаттығуларын жасап, өз үсті-басыма күтім жасаймын. Дұрыс тамақтанамын, өз денсаулығымға зиян келтірмеуге тырысамын.

– *Дәл бүгіннен бастап* мен өзімнің ой-өрісімді кеңейте бастаймын. Білімімді толықтырамын. Миымды жаттықтырамын, қозғауға күш беретін кітаптар оқимын.

– Дәл бүгіннен бастап мен өзімді-өзім жетілдіруді қолға аламын. Ол үшін мен үш нәрсе жасауым керек: мен бір адамға өзі білмейтіндей етіп пайдалы іс жасаймын; одан басқа жаттығу ретінде өзіме пайдалы екі іс жасаймын.

– Дәл бүгіннен бастап барлық адамдарға достық ниетпен қараймын. Мүмкіндігінше, өзіме жарасатын киім киіп, адамдармен дауыс көтермей сөйлесем, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауға тырысамын.

– Дәл бүгіннен бастап бүгінгі күнмен өмір сүремін, өз өмірімдегі барлық проблемаларды бірден шешу мүмкін еместігін есте сақтаймын.

– Дәл бүгіннен бастап мен өз істерімді жоспарлап, әрбір сағат сайын не істейтінімді жазып отырамын. Мен дәл осы жоспарым бойынша жазылғандарды жүзеге асыра алмауым мүмкін, бірақ мен оны жасап қоямын. Бұл маған екі жаман әдеттен – асығыстық пен шешімсіздіктен арылуға мүмкіндік береді.

– Дәл бүгіннен бастап мен жарты сағат жалғыздықта, тыныш жерде отырып тынығамын, ойларымды қалыпқа келтіруге тырысамын.

– Дәл бүгіннен бастап мен бақытты болудан, әдемілікке сүйсінуден және сүйікті болудан қорықпаймын. Мен жақсы көретін адамдардың мені де жақсы көретініне сенетін боламын.

Егер сіз бен біз осы бағдарламаны бетке ұстансақ, өміріміз тынышталып, өзімізбен өзіміз және айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатыны сөзсіз.



- Мәтіндегі «Адамның қол жеткізген жетістіктері – өзінің ойы мен ниеті арқылы» деген ойды қалай түсінесіңдер?
- Автордың «Ойы мен ниетін жақсылыққа бағыттай алмаған адамдар бақытсыз болады...» деген көзқарасымен келісесіңдер ме? Неліктен?
- Мәтінде айтылған ойлармен қанишалықты келісесіңдер?
- Өзің «дәл бүгіннен бастап» нені мақсат етер едің? Мәтіндегі ойға тағы да қандай пікір қосар едің? Әңгімелеп беріңдер.



1-тапсырма. Бақыт ұғымына берілген анықтамаларды оқып, шынайы бақыттың анықтамасын табыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

• *Бақыт деген – үш игіліктің бірдей толық болуы: бірінші – жанның, екінші – тәннің, яғни денсаулықтың, күштің, сұлулықтың, үшіншіден, сыртқы игіліктің¹⁴ – барлықтың, белгіліліктің т.с.с. (Аристотель).*

• *Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында (әл-Фараби).*

• *Бақытты өмір сүру – қуанышты болу, дәулетке кенелу, рақатқа бөлену. Адамға қуаныш әкелетін оқиғалар табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы, алға қойған мақсаттың орындалуы.*

2-тапсырма. Жағдаятты оқып, өз шешімдерің мен ой-тұжырымдарыңды айтыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Атасы немересіне:

– *Егер адам бақытты өзі үшін іздесе, бақыт жақындаудың орнына қашады. Ал оны өзгелер үшін іздесе, онда ол адамды өзі табады...*

– *Білгенге қолындағы барына қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам.*

– *Балам, алудан гөрі беруге ниеті көбірек ауатын кісі бақытты. Олар «Бер» дегеннен гөрі «беремін» дегенді көбірек ойлайды және жасайды. Ондай адамдар қайырымы мен жәрдемін байқатпай істейді және міндет етпейді – деді.*

Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...

- *Сендер қалай түсіндірер едіңдер?*
- *Өздерің бақытты қайдан іздейсіңдер?*



Кімде-кім ниетін имандылыққа, тазалыққа, тілін шындыққа, өзін тыныштыққа, мінезін туралыққа, құлағын тыңдаушыға, көзін өнегелі бақылаушыға айналдырып алған болса, демек ол бақытты.

Халық даналығы

¹⁴ Адам өмірі мен қоғамға пайда беріп, қанағаттандыратын нәрселер.



Бақыт дегеніміз...

Бауыржан Момышұлы

... Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына, жағдайға байланысты. «Бақыттымын» деп панданып¹⁵, аяғын еріне басып жүрген көп кісілердің бақытсыз екенін өздері сезбеген. Тарихта дәулетке, атаққа панданып, мәз болып, өмірін ақымақтықпен өткізгендер аз емес...

Бақыт дегеніміз – өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі сүру, адал болу, майдалықтан, іштарлықтан қашық болу. Мұршасы, әлі жеткенінше өз заманын түсіне білу, өз қоғамымен бірге алған мақсатқа қопарыла шын көңілімен адал қызмет істей білу.

Өмірде кедір-бұдыр толып жатыр. Олар әр адым сайын ұшырасады. Олардан именбеу, жасқанбау, азаматтық міндетін қоғам алдында адал ақтай білумен білетін бақыт. Өз қамын ойлағандар толып жатыр. Олардың онысы жай әурешілік.

Біреу бақытты оттан, біреу судан табады. Күйем-ау, тереңге батып кетем-ау деп қорықпастан барады.

Ар-намысты қорғау – бақыттың шыңы. Қиыншылықтармен санаспастан азаматтық міндетті орындап шығу – ол да бақыттың шыңы. Күмәнданып¹⁶ тұрмай, не өлдім, не алдым деп арпалысады. Жеңсең – бақыт.



- Автордың бақыт туралы ой-тұжырымымен келісесің бе? Неліктен?
- Автордың «Ар-намысты қорғау – бақыттың шыңы» деген ойын қалай түсінесіңдер?
- Өзің үшін бақыт деген не?
- Өз бақытыңды немен байланыстырасың?
- Адам бақытты болуы үшін бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсың?



3-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқып, естеріңе сақтап алыңдар.

¹⁵ Тәкаппарлық, менмендік, кербездік.

¹⁶ Күдіктену.

*Ойлағаныңыз тек оң болсын,
өйткені ойлағандарыңыз – сөздеріңіз болады.*

*Сөздеріңіз тек оң болсын,
өйткені сөздеріңіз – әрекетіңіз болады.*

*Әрекетіңіз тек оң болсын,
өйткені әрекетіңіз – әдетіңіз болады.*

*Әдеттеріңіз тек оң болсын,
өйткені әдетіңіз – құндылығыңыз болады.*

*Құндылығыңыз тек оң болсын,
өйткені құндылығыңыз – тағдырыңыз болады.*

4-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсендер, бақыт туралы мақалды оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындандар.

I. Жұмыс, қызмет, іс – 1, 2, 3, 4, 5.

II. Жалғаулық шылау – 6, 7, 8.

III. Қуаныш, шаттық – 9, 10, 11, 12, 13.

IV. Бірінен-бірін бөліп алуға болмайтын, тығыз байланысты – 14, 15, 16, 17.

1	2	3	4	5		6	7	8		9	10	11	12	13		14	15	16	17	.
---	---	---	---	---	--	---	---	---	--	---	----	----	----	----	--	----	----	----	----	---



Адам шынайы бақытты өзімен-өзі және айнала қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүріп, өз өмірін басқалардың жолына арнағанда сезінеді. Ол бақытқа ақ ниет пен ізгі пейіл, адал еңбек қана апара алады.



5-тапсырма. «Ұжымдағы достық» жобасының 1-кезеңі бойынша жобаның мақсатын жазыңдар.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Достық деген не? Ол туралы не білесіңдер?
- Адамдар арасындағы достық қарым-қатынас не үшін қажет?
- Достасу неден басталады?

- Өзіңнің сыныбыңдағы оқушылардың арасында достық қарым-қатынас байқала ма? Достық қарым-қатынас қалай көрініс табады?

- Сыныбыңдағы достықтың көрінісіне мысалдар келтір.

- Шынайы дос деп кімді айтуға болады?

- Сенің достарың көп болуы үшін қандай жақсы қасиеттеріңді дамыту керек деп ойлайсың?

- Достықтың оқуда жақсы нәтижеге жетуге әсері бар ма? Өзіңе ұнайтын іспен айналысу үшін біреумен дос болу маңызды ма?

- Қандай ортақ іс баршаға бірдей пайдалы болуы мүмкін?

7-тапсырма. Жобаның бірінші кезеңінен естеріңде қалған айрықша әсерлерді жазыңдар.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Парасатты адам:

- А) Ар-ұят пен адамшылыққа жүгініп, ақиқатқа талпынады.*
- Ә) Қоғамға қызмет етеді.*
- Б) Айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табыса алады.*

2-тест

«Өзіңнен ұяла жүрсең, сені ешкім де ұялта алмайды» деген ойға сенің көзқарасың?

- А) Дұрыс айтады, әркімнің ар-ұжданы, ұяты оның бағдаршамы, көзге көрінбейтін жол бастаушысы тәрізді.*
- Ә) Мені ешкім бақылап жүрген жоқ қой. Адамдар менің мінімді байқамайды деп ойлаймын.*
- Б) Өзімнен не үшін ұялуым керек?*

3-тест

Шәкәрімнің «Өтірік ақиқаттан алыстатса, шындық ақиқатқа жақындатады. Ақылы мен ұжданы үйлесім тапқан адам өтірік айтпайды» деген ойына сенің көзқарасың?

- А) Ақиқат көзге көрінбейді, сондықтан мен үшін оның өлшеуіші жоқ.*
- Ә) Ақиқатқа жүгіну – айтқан, істеген, көрген немесе естіген нәрсені дәл жеткізу. Нағыз шындық – ол Ар-ұждан.*
- Б) Зиянсыз өтіріктерді айтқанда тұрған не бар?*

4-тест

Шынайы бақытты адам:

- А) Дәулетке кенелу, рақатқа бөлену.*
- Ә) Парасатты, алдына ізгі мақсат қойып, мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде игілікке бағыттап отыру.*
- Б) Табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы.*



Бейбітшілік күзетінде

*Сөзін жазған Қадыр Мырза-Әлі
Әнін жазған Мансұр Сағатов*

Бейбітшілік күзетінде тұр деңіз,
Біз берікпіз тапжылмайтын іргеміз.
Біз теңіздің толқынындай үндеспіз,
Бір еменнің бұтағындай біргеміз.

Қайырмасы:

Ей, нұрлы қала,
Ей, жырлы дала!
Ашық аспан
Құшақ ашқан
Тыныштық сүйген елге!

Біз – ғаламат жалпақ жатқан ұлыспыз,
Болса дейміз тыныш көктем, тыныш күз.
Бір қолдағы бес саусақтай бауырмыз,
Шұғыланың бояуындай туыспыз!



II ТАРАУ

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕНІЗ...





АДАМ АБЫРОЙЫ



Абырой – ар еңбегі.

Қазақ мақалы

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Адам не үшін өмір сүреді?..

(Үзінді)

Мамытбек Қалдыбай

– Сұрағың бар ма?
– Бар.
– Онда сұра.
– Адам не үшін өмір сүреді?
– Сен маған мұндай сұрақ қоймас бұрын ойланбадың ба?
– Ойландым. Жақында автобус ішінде сексеннен асқан бір орыс кемпірмен қатар отырып қап, әлгі кісіге осы сұрақты қойған едім. Ол кісі: «Адам өмірге жақсы тамақ жеу, жақсы киім кию, жақсы кино көру үшін келеді», – деп жауап берді. Мен бұл пікірмен келіспедім.

– Келіс, келіспе, ол өз шаруаң. Сенің бұл сұрағына әркім әртүрлі жауап береді. Көңіліңе келсін, келмесін, мен әркім емеспін, мен – Бауыржан Момышұлымын. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Сұрағың ақылы бар адамның бәрін ойлантатын сұрақ. Бізде адамгершілік деген сөз бар. Бұл үлкен сөз. Бейбастық істеген жанға ашуланғанда:

– Ей, адамгершілігің жоқ біреу екенсің ғой,–дейміз. Адамгершілік негізі – қоғамдық құбылыстан бастау алады.

– Ей, мынау адам емес екен ғой, адамгершілігі жоқ екен ғой, – дегеннің тамыры, түсінсең, қоғамдық құбылыста жатыр.

Баукең ойлана қабақ шытып:

– Сұрағыңды қайтала! – деді қабағын түкситіп.

– Адам не үшін өмір сүреді?

– Бұл сұрағыңа мен жауап бермеймін, ақын жауап береді.

Өмірде біз қайғырып, уайым жейміз,

Аңсаймыз, анау біздік болса дейміз.

Егер де аңсаған зат қолға түссе,

Тағы да одан басқа нәрсе іздейміз.

Бұл төрт жолда көп нәрсе айтылған. Мен мұны он жеті жасымда оқығанмын. Осы уақытқа дейін ұмытпай келем. Оның жадымда жатталып қалған себебі – жан дүниеме терең қозғау салуынан болса керек. Адамның нысапсыздығын мен тұңғыш рет осы төрт жолды оқығанда түсінгем.

– Адам не үшін өмір сүреді?

... Жауабымды күтпей сөзін жалғай түсті.

– Тілімізде азамат дейтін сөз бар. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген сөзді де естіген шығарсың? Ар, намыс жағынан біз, мақтанды десен дей бер, қарағым, әжептәуір халықпыз. Бұған дәлелдеріміз көп. Мысалы, эпостарымызды ал. Бәрінің тақырыбы – ар.

Баукең жігерлене сөйледі.

– Ар-намыс деген нәрсе – ердің туы. Арсыз деген сөз қып-қызыл мазақ, қып-қызыл қорлық! Біздің қазақ халқы бұл жағынан көп нәрсені білген, түсінген.

Баукең сәл төмен еңкейіңкірей, маңдайын қолымен ұстап, үнсіз қалды. Бір кезде жанарыма тура қарап:

– Арсыз адам азамат бола алмайды. Ал азамат бола алмасаң, өмір сүрдім деп айтудың керегі жоқ! – деді.

– Жауабыма қанағаттандың ба?

– Қанағаттандым.



- Бауыржан Момышұлы сұраққа қалай жауап берді?
- Бауыржан Момышұлының «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп жауап беруінің себебі неде?
- Бауыржан Момышұлының өмір сүрудің мәнін ар-намыспен байланыстыруының себебін қалай түсіндірер едіңдер?
- Өздерің үшін өмірдің мәні неде? Оны немен байланыстырасыңдар?
- Азамат болу – абыройлы болу ма? Неліктен?



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, талдап, абыройдың анықтамасын шығарыңдар.

- *Ұят жүрген жерде абырой төгілмейді.
Абырой бар жерде, ар шапаны сөгілмейді.*
- *Ала жіпті аттамағанның абыройы биік.*
- *Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кетіреді.*
- *Адамгершілік абырой әпереді.*
- *Абыройыңды жасыңнан сақта.*

2-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымды оқып, абырой туралы өз қорытындыларыңды жасаңдар.

Әбіш Кекілбаев

... Ақыл сүйкімді көрінгенмен, оның дегенін істеп, мүйізі қарағайдай болып жатқан ешкімді әзір көре қоймадық. Өйткені ақылға айтқызсаң, қапысыз іс, қатесіз сөз болмайды дейді. Ал, не сөзі, не ісі көңілін қозғамаған кісінің соңынан адам түгілі мал екеш мал ермейді. Мен білсем, мына заманың тап ақыл сұрамайды, абырой сұрайды. Бұл заманда абыройдың да аты өзгеріп кетті. Оны бүгінде бедел дейтін болыпты. Бедел дегенің есігіңнің алдында көлденең жатып алатын күдіре желке көк төбет сияқты. Ол да үйінің сорпа-суаны мол дәулетті кісіге бітетін көрінеді?!



Абырой – ар-намыстың тазалығы және адамгершілік, еңбек, шығармашылық т.б. қызмет арқылы көпшілік тарапынан сый-құрметке ие ететін адамның қадір-қасиеті, қоғамдық бейнесін, беделін білдіретін адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі; кісілік, адамгершіліктің тірегі.



Кішіпейілділік

Жұбан Молдағалиев

Мәлік аға Мұхаңа телефон соқты. Халық батырлары жайлы жазғысы келетінін айтып, өзімен ақылдаспақ ойын білдірді.

Мұхаң қатты разы болып қалды.

– Мәлік інім, сен бір игі іске бел буған екенсің. Іздей білетін кісіге халық ауыз әдебиеті – мол сырлы, алтын көмбе. Ақылдасқаның өте дұрыс болды. «Кішіпейіл болмай, кемеңгерлік жоқ» деген. Ертең ертерек үйге кел, – деді.

Ұлы жазушыдан қамқор сөз естіп, Мәлік аға қатты қуанды, әрі бір түрлі қысылды ма, Мұханның жұмысы өте көп еді. Ол – университет деп аталатын жоғары оқу орнында сабақ беретін профессор. Оған қоса, Абай атамыз жайлы үлкен шығарма жазып жүрген.

Мәлік Мұхана апаратын қағаздарын жинап, папкаға салды. Барған бетте Мұханның уақытын көп алмайын деп, өз ойын тез айтып, ақыл-кеңесін тыңдамақ болды. Мәлік сағат тоғызда Мұхан үйінің ауласына жақындап, жарты сағат далада отырмақ болды. Мұханмен бұрын сырттай таныстығы болмаса, тұңғыш рет жүзбе-жүз үйінде жолығуы осы еді. Мәлік аллея ішінде қойылған орындыққа кеп отырды. Қағаздарын реттеді. Мұхан үйінің ауласына қарады. Міне, ғажап!... Үстінде ақ жібек матадан тіккен костюмі, басында ақ шетен қалпағы бар, орта бойлы, толық, ат жақтылау, дөңес қыр мұрынды кісі есік алдында, баспалдақ үстінде қолын көлегейлеп, көше жаққа қарап тұр екен.

Мұхан үйіне келген кісіні – мейлі, жасы үлкен ақсақал болсын, яки оқушы болсын – далада тұрып қарсы алады деп еститін Мәлік аға.

Бұл Мұхана жарты сағат ерте келдім деп ойласа, ол кісі мұны одан да бұрын далада күтіп тұр екен – ау!..

Мұхана батыр аталар, елін сүйген ерлер туралы өз ойын айтып, кітап жазбақ болып келген Мәлік аға енді сондай адамдар бойынан және бір қасиет тапқандай болды. Оның аты – Мұхтар Әуезов секілді ұлы жазушының бойынан көрген кішіпейілділік еді.





- Мәтіндегі «Кішіпейіл болмай, кемеңгерлік жоқ» дегенді қалай түсінесіңдер? Оның адамның абыройымен қандай байланысы бар?
- Мәтінде Мұхтар Әуезовтің бойынан қандай асыл құндылықтарды, кісілік пен адамгершілікті байқадыңдар?
- Өмірде адамды абыройлы ететін не деп ойлайсыңдар?



3-тапсырма. «Абыройлы бол!» «Абыройыңнан айырылма!» деген үлкендердің бата-тілектерінің айтылу себебін тауып, жазыңдар.

4-тапсырма. Төменде берілген өлеңді оқып, «Абыройлы болу – парызын» тақырыбында эссе жазыңдар.

Жүсіп Баласағұн

*Құлқы түзу болса елі сенеді,
Қылығы түзу төрден орын тебеді.
Ұят, намыс – абыройын сақтайды,
Ұятсыздық ердің басын таптайды.
Тағы бірі – түзу қылық қарымды¹⁷,
Қос жалғанда сындырмайды сағыңды!
Ұят, шындық, ізгі құлық – үшеуі,
Қосылғанда құбылаң тең түседі.*

5-тапсырма. Берілген сөзтізбекті дұрыс шешсеңдер, осы сабақтың дәйексөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындандар.

I. Қадір, жақсы атақ – 1, 2, 3, 4, 5, 6.

II. Намыс, ұят, адамгершілік – 7, 8.

III. «Еңбек» сөзінің 3-жақтағы тәуелді формасы – 9, 10, 11, 12, 13, 14.

1	2	3	4	5	6	–	7	8		9	10	11	12	13	14	.
---	---	---	---	---	---	---	---	---	--	---	----	----	----	----	----	---

6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен егіншіні абыройлы етіп тұрған жақсы қасиеттерді тауып, дәптерге жазыңдар.

Ақылды егінші

Рыза Акдемір

Патша нөкерлерімен бірге серуенге шыққанда жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып, еңбектеніп жатқан

¹⁷ Қарулы, әлді.

қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады.

Бірнеше сауалдан кейін патша егістіктің бұл адамдікі еместігін, күніне 15 лира үшін жалданып еңбек ететінін ұғады. Патша жалақысының аздығына қайран қалады. Себебі, патша сарайының бір күндік шығыны жүздеген алтынға шығатын еді.

Шаруа патшаның таңғалғанына қарап:

– Бұл ақша қанағатшыл адамға тіпті көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүремін. Бір бөлігімен қарызымды өтеймін. Бір бөлігін біріктіріп қор жинаймын, – дейді.

Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден еш нәрсе түсінбейді. Ақкөңіл диқан күлімсіреп:

– Ақшаның бір бөлігімен қарызымды қайтарамын дегенімде мынаны айтпақшы болдым. Бала кезімде үлкен қамқорлық көрсеткен әкем мен шешем ғой. Ақшамның бір бөлігін соларға беремін. Ақшамды қор ретінде жинаймын дегенім, бұл ақшамның бір бөлігін балаларымның біліміне төлеймін. Менің қолым, аяғым жұмыстан қалған жағдайда, олар маған көмектеседі деп үміттенемін. Қалған ақшамды өзімнің мұқтаждарыма жұмсаймын, – дейді.

Патша қарапайым адамның бұл әрекетіне риза болады.

Намысты шаруаның балаларының біліміне төлейтін қаржыны өз мойнына алады.

Балалары да ер жеткен соң ата-анасына, халқына да қолдарынан келген көмектерін аямай көрсетіпті деседі.



Өзінің адам деген атына, ар-ұяты мен адамгершілігіне сай әрекет етіп, айнала қоршаған ортасына ойымен, сөзімен, ісімен ешқандай қиянат келтірмеген адам абыройлы болады.



Адам

*Сөзін жазған Тұманбай Молдағалиев
Әнін жазған Әсет Бейсеуов*

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап жөнелтеді әр күнін.
Сәл қайғырса ол ұғына түседі,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Қайырмасы:

Адам боп өтейік,
Адам боп туған соң.
Мақсатқа жетейік,
Мақсатты қуған соң.

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап ұзартады әр күнін.
Сәл қуанса шығарады ол естен,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.





АДАМ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



Өзінің айналасындағы жора-жолдастарының, бауырларының жан дүниесіне үңіліп қарамаған адам өмірде үлкен қиыншылықтарға кезігеді және айналасына зиянын тигізеді.

Альфред Адлер

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Жауапкершілік жүгі

Өсиет әңгіме

Ерте, ерте, ертеде ақшасы мен дәулетінің көптігіне қарамай өмірінен түңіліп, өмір сүруден жалыққан бір ханзада болған екен. Достары, іні-бауырлары аңшылыққа шығып, қыдырып жүргенде жаңағы ханзада бөлмесінен шықпай, еш нәрсеге қызықпайтын болады. Баласының мұндай жағдайын көрген әкесінің жүрегі ауырады.

Бір күні хан сол елдің ең білімді ғұламасын шақырып, жағдайды түсіндіріп, баласының дертіне бір дауа табуын бұйырады. Ойлануға бар-жоғы бір апта беріледі. Осы уақыт ішінде ешқандай шешім табылмайтын болса, ғұламаның өміріне қиянат жасалынатынын ескертеді.

Қария күн демей, түн демей ойланса да ешбір амал таба алмайды. Ханның сөзін ескеріп, өлкеден қашып кетуді жоспарлайды. Жақындарымен қоштасып, жиған-тергенін арқасына артып кетіп бара жатып бір ауылдың маңайында қой мен қозы бағып жүрген жас қойшыны көреді. Онымен біраз әңгімелеседі. Қойшы «Аға, аз уақытқа қойларымды бағып берсеңіз. Түскі асымды алмай шығыппын, үй жаққа барып соны ала келейін деп едім», – дейді.



Ғұлама біреуге болса да жақсылығым тисін деп бар ниетімен қуана келіседі. Бар ынта мен назарын мойнына алып, жауапкершілікпен қарап тұрғанда, бір қозы ойнап жүріп ор ішіне домалап түседі. Қозыны құтқарып шығармаса өзі шыға алмайтыны анық. Қойшы баланың алдында ұят болды-ау деп, ғұлама орға түскен қозыны құтқармақшы болады. Осы мақсатпен орға түседі.

Қозыны арқасына байлап ордан шығуға тырмысады. Бірақ қозының ауырлығынан көпке шыдамай қайта орға құлайды. Қайта тырмысып, қайта құлап әрең дегенде қозыны ордан алып шығарады.

Жас досына берген уәдесін орындау үшін, бір қозыны құтқарам деп жанталасқаны, өзінің басына түскен жағдайды, өлкені тәрк етіп бара жатқанын естен шығарады. Есіне түсіп ойланады: «Кімде-кім бастаған істің сәтті аяқталуын мақсат етіп, қойған мақсатына толық берілген болса, ол кісінің ешқашан іші де пыспайды, басқа еш нәрсені көңіліне де алмайды».

Осыны ойлап ғұлама қашудан бас тартады. Ханның алдына барып: – «Уа мәртебелім, егер ханзаданың ешнәрсеге қызығушылығы жоқ болып іші пысса, өмірден түңіліп жүрсе – оған жауапкершілік жүктеңіз, бос уақыт болдырмайтын тапсырма беріңіз. Іш пысқандықтың, өмірден түңілгендіктің негізгі себебі – еріккендік, жауапкершіліктің жоқтығы. Беретін тапсырмаңыз қаншалықты үлкен, маңызды болса, балаңыздың өмірге деген көзқарасы соншалықты тез өзгеріп, құштарлығы артып, жаңадан тыныс алғандай болады», – деген екен.



- Ханзаданың өмірден түңілуінің себебін қалай түсінесіңдер?
- Әкесінің жүрегі не үшін ауырды деп ойлайсыңдар?
- Ғұлама қой бағып жүргенде қандай сабақ алды?
- Ғұлама ханға кеңесті қалай берді?
- Адамның жауапкершілігі неліктен оның алға қойған мақсатымен, ой-ниетімен байланысты болады?

- Жауапкершілікті сезінген адамдар қалай өмір сүреді деп ойлайсыңдар?
- Өздеріңнің қандай жауапкершіліктерің бар? Оны қалай сезінесіңдер?



1-тапсырма. Отбасыңның, сыныптастарыңның алдындағы жауапкершіліктерің туралы тізбектеп жазыңдар.

2-тапсырма. «Жауапкершілікті адал атқару әрбір адамның міндеті ме?» тақырыбында сыныптастарыңның арасында сауалнама жүргізіндер. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды шығарыңдар.

3-тапсырма. «Менің – жауапкершіліктерім» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіз, іске асыр. Ол үшін төмендегі қадамдарды басшылыққа ал.

- Не істеу керек?
- Бұған қалайша жетуге болады?
- Іске асырудың жолдары мен құралдарын анықта.
- Жүзеге асыр.
- Барлығы дұрыс орындалды ма?
- Келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?



Жауапкершілік – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет. Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.



Нағыз ұстаз

Аңыз


Оны адамдар сыйлап, жақсы көретін. Ол нағыз ұстаз еді. Оның өз тәжірибесінен өткізбегенді ешқашан уағыздамағаны жайлы мынандай бір қызық әңгіме бар.

Бір күні Ұстазға он жасар немересін жетектеген әйел келеді. Ол: «Ұстаз! Мына бала бес жасында жетім қалған қолымдағы немерем. Ол тәттіні өте жақсы көреді. Дәрігерлер оның денсаулығына байланысты тәтті жеуге тыйым салса да, оларды тыңдар емес. Ал, сені немерем қатты сыйлайды және пір тұтады. Сондықтан, немереме оған тәтті жеу зиянды екеніне сендіруді сенен өтінемін. Бұл – тек сенің қолыңнан келетініне сенімдімін». Ұстаз: «Қорықпаңыз. Бір айдан соң немеріңізбен келіңіз. Осы уақыт ішінде мен адам үшін денсаулығы байлығынан да маңызды екеніне сендіру үшін бір амал тауып қоямын», – дейді.

Тура бір ай өткенде әжесі мен немересі қайта оралады. Сәлемдескен соң Ұстаз баланы қасына отырғызып былай дейді: «Балам, біліп қой: нағыз байлық – денсаулық. Егер өзіңе күтім жасамасаң, сен дені сау және күшті жігіт болып өсе алмайсың. Ал, жауапкершіліксіз адам өмірінде мақсаттарға жете алмайды. Егер ағзамызға бір тағам зиянды болса, біз оны жеуді тоқтатуымыз керек. Ертеңнен бастап сен тәтті жеуді тоқтатасың. Әрине, біраздан соң сен тәтті жей аласың, бірақ шектеулі мөлшерде ғана. Сен өзің ақылды бала екенсің, менің тілімді аласың ғой?» – бала басын изеп, келіседі.

Мұны естіген әже таң қалып, немересін сыртқа шығарып жібереді де, Ұстазбен жеке сөйлесуге ниеттеніп: «Ұстаз! Сұрақ қойсам бола ма? Немереме бүгін берген кеңесіңді бір ай бұрын да айта алатын едің ғой, солай емес пе?! Ендеше неліктен біздерге бір ай өткен соң келіндер дедің? Осыны түсінбедім», – дейді. Ұстаз жылы шырай таныта отырып, мынадай жауап береді: «Айналайын, бір ай бұрын мен өзім де өте көп тәтті жеп жүрген едім. Енді айтыңызшы, өзімнің қолымнан келмегенді мен қалайша кішкене баладан талап ете аламын? Өзі орындай алмаған нәрсені өзгеден талап етуге ешкімнің де құқығы жоқ. Сондықтан маған да біршама уақыт керек болды. Бір ай бойы мен тәттіге қол созған жоқпын. Осыдан соң ғана немеріңізге кеңес беруге дайын болдым». Көпті көрген әйелдің өзі Ұстаздың даналығына бас иіп, ризашылығын білдіреді.

Өзіңіз орындай алмағаныңызды өзгеге орындауға ешқашан кеңес бермеңіз.



- *Ұстаздың бойынан қандай жауапкершілікті байқадыңдар?*
- *Неліктен дәрігерлердің ескертулеріне құлақ тікпеген бала ұстаздың кеңесін үлкен сеніммен қабылдады?*
- *Анасы неліктен ұстазды бірден түсіне алмады?*
- *Өзің орындай алмағаныңды неліктен өзгеге орындауға ешқашан кеңес бермеу керек?*
- *Адам өз ісі, ойы мен сөзіне жауапкершілік алғанда, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыңдар?*



4-тапсырма. Жағдаятты оқып, өз шешімдерің мен ой-тұжырымдарыңды айтыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Атасынан немересі:

– Адам бақытты болып, армандаған мақсат-мұратына жету үшін не істеу керек? – деп сұрады. Атасы:

– Әрқашан, қай жерде болмасын ойыңа, ниетіңе, ісіңе, сөзіңе жауапкершілікпен қара, – деді сабырлы кейіппен. Немересі:

– Сонда бақытқа жетудің жолы осы-ақ па? – деді.

– Әрине, балам. Жауапкершілік – өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қарау. Ондай адам ешкімге оймен, сөзбен, іспен қиянат жасамайды. Барлығына байыппен қарайды. Ал жауапсыздық – неге болса да немқұрайды қаратып, ұятқа қалдырады, – деп жауап берді атасы.

Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...

- *Сендер қалай түсіндірер едіңдер?*
- *Өздерің адам бақытын жауапкершілікпен байланыста қарай аласыңдар ма?*

5-тапсырма. Адам жауапкершілігінен туындайтын жақсы қасиеттерді, игі істерді тауып жазыңдар.

6-тапсырма. Аңызды оқыңдар. Ондағы ананың іс-әрекетінен қандай жауапкершілікті байқадыңдар? Кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Бейбіт жатқан ауылды жоңғарлар шауып, қазақтың малын айдап, егісін таптап кетеді. Жау қорлығынан тоз-тоз болған ел-жұрт таулы жерге қашып, жан сауғалайды. Босқын халық арасында екіқабат жас келіншек бесікті арқалап бара жатады. Қара жолда Төлемен үзеңгі қағысып келе жатқан егде кісі:

– Мына бишараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқанын-ай, – дейді.

– Баланың бесігі – кең дүниенің есігі! – депті сонда ақылғөй
Төле би.

Кейіпкер	Портреті	Менің ойым
Ана		



Ауылым – әнім

*Сөзін жазған Бәкір Тәжібаев
Әнін жазған Ескендір Хасанғалиев*

Қайда жүрсем, туған жерім,
Сен есімнен шығармысың!
Жастық дәурен құрған жерім
Көз алдымда тұрармысың!
Ғашық едім қыр гүліне,
Қызық-тойым сенде өтеді.
Сенде өткерген бір күніме,
Дүниеде не жетеді!
Сүйем таныс жолдарыңды,
Саған бастап әкелетін.
Сүйем жасыл талдарыңды
Жанға ләззат әперетін.
Сүйем айна көлдеріңді,
Мөлдіреумен қарайтұғын.
Сүйем белес-белдеріңді,
Таң сәулесі тарайтұғын.
Саған жырдан – сый арнағам,
Қиял құсын қуған жерім.
Туған жерін сүйе алмаған,
Сүйе алар ма туған елін!





13-14

ПАРЫЗ ТӘРТІПТЕН БАСТАЛАДЫ



Тәртіпке бағынған ел құл болмайды.

Бауыржан Момышұлы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Шектен шықпа

Мырзакелді Кемел

Бұл ежелгі Грекияда болған деседі. Түн ұйқысы төртке бөлініп, елдің ертеңін ойлап, ұрпақ қамын жеген елдің зиялы қауымының өкілдері келіп, Грекияның даңқы жайылып, дәуірі жүріп тұрған жеті данышпанына өтініш айтады. Ішінде Анахарсис бар осы жеті данышпанға: «Сіздер көп оқыған, көп білетін ғұламасыздар. Бірақ сіздердің білгендеріңіз бен жазғандарыңызды қара халық оқып игере алмайды. Сол білетіндеріңізді халық түсініп жадында сақтайтындай етіп, бірекі ауыз сөзге сыйдырып мәңгі өлмес өсиет қалдырсаңыздар», – деп өтініпті.

Содан жеті данышпан жеті күн ойланып-толғанып келіп, ақыр соңында ақыл-ойларын былай деп бір ауыз сөзге сыйдырыпты:

«Шектен¹⁸ шықпа!» Бары осы-ақ!

Астарына қарасаң кімді де болса, тәнті етер, таңғаларлық тереңдік!

«Шектен шықпа!» Асып-тасып қуанғанда да шектен шықпа, қабырға қайыстырар қайғыда да шектен шықпа, мәз болып күлгенде де шектен шықпа, ашуланып ұрысқанда да шектен шықпа, жаның жасып жылағанда да шектен шықпа, мансабың¹⁹

¹⁸ Бір нәрсенің шеті, шекарасы.

¹⁹ Қол жеткен атак, көтерілген дәреже.

тасығанда да шектен шықпа, меселің²⁰ қайтып мойығанда²¹ да шектен шықпа, қалжыңдасқанда да шектен шықпа, ойнағанда да шектен шықпа... өмірдің барлық сәтінде де шектен шықпа», – дегенді аңсаған ақылмандар бар білігі мен ілімін осылай бір ауыз сөзбен бекітіп кеткен екен.

Заманалар ауысып, табиғатымыз өзгеріп, тірлігіміз жаңа сипатқа көшкенімен осы бір ауыз сөздің құны да, қасиеті де бәз қалпында демеске шара қайсы?!



- Мәтіндегі «Сіздер көп оқыған, көп білетін зұламасыздар. Бірақ сіздердің білгендеріңіз бен жазғандарыңызды қара халық оқып игере алмайды» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Адам шектен шықпау үшін оның бойында қандай қасиеттер болуы керек?
- Шектен шықпау мен тәртіпті не байланыстырады? Шектен шықпау деген тәртіптілік пе?
- Шектен шықпай, тәртіпті болуың үшін өзіңе қандай талаптар қоясың?



1-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқындар. Өздерің үшін дұрыс жауапты таңдап алып, дәлелдендер.

Тәртіп – белгілі бір қоғам мүшелеріне ортақ, орындалуы міндетті ереже, заң.

Тәртіп – адамды мәжбүрлі түрде реттеу құралы.

Тәртіп – бір нәрсенің реті, жөн-жобасы, жеке адамның мінез-құлқы.

Тәртіптілік – амалсыз атқаратын міндет емес, іштей мойындап, қажет саналған талап.

Тәртіптілік – айнала қоршаған ортаға өзі жайлы жақсы ой тугызатын айла-амал.

2- тапсырма. Өздеріңнің өмірдегі тәртіп ережелерінді жасандар.



Тәртіп – адамның ең жақсы қасиеті. Даңқты ба-тыр Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды», – деді емес пе. Бірін-бірі сыйлаған, құрметтеген, тәртіп пен парызын адал атқарған ел ешқашан опық жемейді. Тәртіпсіз басталған жұмыс жүйесіз

²⁰ Бір нәрсеге талпынудағы көңіл, пейіл.

²¹ Ауырлық пен қиындықтан тауы шағылып, қалжырау.

аяқталуы мүмкін. Тәртіп адамның алдына қойған мақсатына жетуге мүмкіндік береді.

Тәртіп әр адамның ішкі мәдениетін, ой-өрісін көрсетеді. Тәртіпті адам ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейді. Орынсыз ашуға бой алдырмайды. Тәртібі жақсы адам, адамгершілігіне қылау²² түсірмей, парызын абыроймен атқарады.



Ғылымдағы ғұмыр (Үзінді)

Әбдуәли Қайдар

...Жер бетінде қауымдаса-қауғаласа өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік, этностық топтардың тіршілік-тірлігінің ұйытқысы мен негізі солардың өзара саналы қарым-қатынасынан, адамдардың өзара түсіністігінен, біріне-бірінің көмек-жәрдемінен, ықылас-ниетінен, ілтипатынан, істеген игі жақсылығынан құралады екен.


Басқаша айтқанда, адамдардың өмір-тіршілігі біреуге «қарыз», «парыз» болудан, оны қайтарып, қарызы мен парызын өтеуден тұрады екен. Бірақ екеуінің өзара айырмашылығы жер мен көктей. Мәселен, парыз дегеніміз – адамның, жасаған иенің, ұлы табиғаттың, ата-бабалардың, әке-шешенің, өскен жер, өсірген елдің, тәрбиеші ұстаздың, қамқорлық жасаған игі-жақсы жандардың, т.б. алдында атқарылуға тиісті міндеттері. Демек, парыз – төлемді, өтемді талап етпейтін, бірақ әркімнің өзі біліп атқаратын қасиетті борышы болса, қарыз – қайтарылуы міндетті несие. Басқаша айтсақ, парызды ешкім сұратып бермейді де, сұрап алмайды, оны әркім борышым деп өзі арқаланады, өзі біліп атқарады. Парыз міндеті – шартты, оның орындалу, орындалмауы тек адамның адамгершілігіне, абзал қасиетіне байланысты.

Әрбір пенде көзінің тірісінде ақтауға міндетті парыздың түрлері көп дедік: Жаратушы ие алдындағы – пенделік парыз, Отан алдындағы – азаматтық парыз, Ата-ана алдындағы – перзенттік парыз, Ұстаз алдындағы – шәкірттік парыз, т.т.

²² Қыста сілбіреп қана жауатын майда қар.

Құрметті де орындалуы ауыры – ана парызы: ол анасын Меккеге үш рет арқалап көтеріп барып, көтеріп әкелсе ғана орындалады.

Адам баласының қоғамдық, әлеуметтік, пендешілік өмірінде қарыз бен парыздың басқа түрлері де көп. Солардың бірін мен «игілік парызы» (игіліктің өтемі) деп атадым. Адамның адамға істейтін жақсылықтарының бәрі – игілік, ізгі тірлік. Қоғамның дамуы да, адамдардың өркендеп өсуі де, мерейі артып алға басуы да – бәрі-бәрі сол адамдардың бір-біріне көрсететін көмегіне, жасайтын қамқорлығына, үйрететін ұстаздығына т.б. толып жатқан игілікті істеріне байланысты. Ондай игілік алдында әр азамат бас иіп, өзін парыздармын деп санағаны абзал.



- Автор неліктен жер бетіндегі өмірдің мәні адамдардың өзара саналы қарым-қатынасынан, адамдардың өзара түсіністігінен, біріне-бірінің көмек-жәрдемінен, ықылас-ниетінен, ілтипатынан, істеген игі жақсылығынан құралады дейді? Себебін түсіндіріңдер.
- «Қарыз» бен «парыздың» айырмашылығы неде?
- Автор парыздың қандай түрлері жайлы айтады?
- Парыз дегеніміз не? Ол адамға не үшін керек? Оны қалай орындау қажет?
- Өздерің парыздарыңды қалай өтеп жүрсіңдер?
- Парызды өтеудің ерте, кеші бар ма? Неліктен?




3-тапсырма. Шешендік сөзді оқындар. Ондағы берілгендердің (адамдар мен заттар) өздеріне тиесілі қасиеттері мен міндеттерінің болмауын неліктен қасиетсіз дейтінін түсіндіріңдер.

Бал болмаса, ара қасиетсіз,
Жанбай қалған шала қасиетсіз,
Өнерсіз болса, бала қасиетсіз,
Әділетсіз болса, дана қасиетсіз,
Ащысыз болса, тұз қасиетсіз,
Ұятсыз болса, қыз қасиетсіз,
Көк шықпаса, жер қасиетсіз,
Өз ойы болмаса, ер қасиетсіз,
Жігері болмаса, жігіт қасиетсіз.

4-тапсырма. Отан алдындағы – азаматтық парызды, ата-ана алдындағы – перзенттік парызды, ұстаз алдындағы – шәкірттік парызды қалай өтеуге болады? Нақты дәлелдер келтіре отырып, ой-тұжырымдарыңды жазыңдар.

5- тапсырма. Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, ерекше торкөзден «Парыз» сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындаңдар.

1. *Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған деп талаптарын мінсіз орындауы.*
2. *Адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.*
3. *Адамның күнделікті өмірінде жетекші болатын ішкі қасиеттер.*
4. *Адамдардың туыстық негізде ғана емес, жалпы адамзатты бауырына тарта білуі, оларға қамқорлық көрсетуі.*
5. *Ел үшін кісілік көрсетіп, борыш, міндет, парызын орындауы.*



6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ондағы кейіпкерлердің өз парызына адалдығын білдіретін сөздері мен істерін іріктеп алып, кестені дәптерге толтырыңдар.

Аңыз

Данышпан бір күні түнде халқының, елінің қамымен бір іспен шұғылданып жатады. Сол кезде біреу жеке басының ісімен оның алдына кіріп, шаруасын айта бастайды. Ол шапшаң орнынан тұрып, сол жерде жанып тұрған май шамды сөндіріп, басқа май шам жағады. Бұдан ештеңе түсінбей қалған қонақ Омардан: «Екеуі де май шам. Қараптан-қарап отырып біреуін сөндіріп, екіншісін жаққаныңыз не?» – деп сұрайды.

Данышпан: «Сөндірген май шам – мемлекеттікі. Сенімен жеке шаруа жайында әңгімелесу үшін мемлекеттің мүлкін қолдануға хақым жоқ. Сондықтан оны сөндірдім де, өз ақшама алған май шамды жақтым», – деп жауап береді.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Менің ойым



Бауыржан Момышұлы

Мен өмір бойы парыз сезіміне бой алдырып,
жалғыз соған ғана бағынып келдім.

Парыздан күшті күш жоқ.
Парыздан қатал сот жоқ.
Парыздан қорқынышты жаза жоқ.
Парыздан жарқын жарық жоқ.
Парыздан кіршіксіз²³ тазалық жоқ.
Парыз – жан рухы, жүректің жүрегі.
Парыз – арман мен даңқ асқары.
Парыз – адал берілгендік тамыры.
Парыз – ержүректік рухы.
Парыз – қаһармандық жүрегі.
Парыз – ұлттың іргетасы.
Парыз – намыс күзетшісі.



Ерлікке шақыру

Сөзі мен әнін жазған Мұхтар Шаханов

Міне, саған ойланатын келді күн,
Азамат боп атқа міндің сен бүгін.
Бірақ атқа мінгеніңнен не пайда,
Жүрегіңде қалғып жатса, ерлігің.

А-а-а
Бозбала,
Қанатыңды талдырма,
Алай-гүлей жаңбырда,
Тізгініңді беріп қойма тағдырға,
Қуанышым.

Жан-тәніңмен бір адамды сүймегенің үшін,
Сүйе алмағаның үшін
Табиғаттың алдында кінәлісің.

²³ Таза, кірсіз.

Қорға, жаным, сенімінді жеруден,
Қорлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен жеңіс әрдайым,
Басталмай ма өзінді өзің жеңуден.

Болашағың алдында әлі, бүлдіршін,
Ер жігіттің намысына бұл бір сын.
Бүгін көрсет қайратыңды, күшіңді,
Ертең мүмкін кеш бола ма, кім білсін.





ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ



**Ел мен үшін не істей алады деп сұрама,
ел үшін өзім не істей алам деп сұра.**

Джон Кеннеди

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Кезек сенікі, келер ұрпақ...

Ыбырай Жақаев

Егер менен: «Әлемдегі ең асыл не?» – деп сұрай қалса, сөз жоқ бөгелместен: «Нан!» – деп жауап берген болар едім. Неге?

«Сонау бір бағзы²⁴ заманда, көгілдір көк жүзінде алтын шұғыла бұрымы мың бұралып, ару Күн жүзіп жүріпті. Оның Гүл және Бидай деген егіз қызы болған екен. Күндердің күнінде егіздер жерге түсіп, серуендеп жүргенде, үлкен қара жолдың бойында ұзынынан сұлап жатқан Адамды көреді. Бойынан тіршілік белгісі сезілмейді. Сонда адамды аяп кеткен Гүл жақындап, жұмсақ алақанымен оның маңдайынан сипағанда талықсыған пенденің тынысы кеңігендей болады. Енді Бидай да масағын үгіп, бадана дәнін береді. Оны жеген Адамға күш-қуат бітіп, еңбекке қайта араласқан екен. Егіз қызының игі ісіне Күн де риза болып: «Екеуің де Адамға мәңгі серік болыңдар!» – деп ақ батасын беріпті. Осы бір әңгіме менің жүрегімде мәңгі өшпестей болып жатталып қалыпты. Сірә, сондықтан да менің саналы азаматтық ғұмырымның әліпбиі диқаншылықтан басталған болар. Егер менен: «Әлемдегі ең таңдаулы мамандық қайсы?» десе, сөз жоқ, бөгелместен «Диқан» деп жауап берген болар едім. Өйткені: нанды өмір талшығы ғана емес, бейбітшілік туы деп білем. Ендеше диқан болудың өзі – бейбіт өмірдің күрескері болу.

²⁴ Ежелгі, көне, ескі дәуір.

Сіздерге айтқалы отырған жырым да, сырым да осы. Мен нанды өз өмірімдегі ең ардақты ән ғып өткен адаммын. Нанды қастерлеген адам не орыс, не корей, не татар болсын, мен оны туған бауырымдай құрметтедім. Нанды қастерлеуші адам не кәрі, не жас болсын, маған бәрібір, мен оны өзіммен бірге тұрғандай, замандасым, құрдасым, сырласымдай қадірледім.

Ол нанды адамдар үшін, көзі қара болсын, көк болсын, мейлі, өзі сары болсын, қара болсын, бәрібір, не тентек, не жуас болсын ол да бір, бәрі үшін, бәріне арнап өсірдім. Мен кейде әлдекімдерге қиянат істеп, өтірік сөйлеп зуылдап жүрген адамдарды көргенде оларға кәдімгідей қарным ашады, құдды бір өзім өтірік айтып жүргендей бір түрлі қиналып, қапаланып қаламын.

Балаларым, немерелерім! Тоқсан жыл! Бұл бір адам үшін аз да ғұмыр емес. Өз басымның өткен күнге өкпем жоқ. Қиындық кезікті, қатқан қабырғаларды қайыстыра алған жоқ. Жоқшылық кезікті, кесек туған жайсаң жандарды жасыта алған жоқ. Қайта өмір атты сұлу да тәтті әлемнің көп құпиясын үйретіп кеткен сияқты. Өткен күннің белгісі кәрі жүректерде сайрап жатыр. Мың сан парақ тарих дәптері бетін өшпес ізге толтырған солар... Қарапайым еңбек адамдары.

«Күріштің атасы – жер, анасы – су». Топырақта түлеп өсетін дән, суда сыланып жетіледі. Күріш дақылы жас баладай кінәмшіл келеді. Жазда тоқсан күн суда тұрғанда толыса түсетін дақыл, көктемде тоғыз күн су қабатына шыдамайды.

Сыр жері күріш өсіруде дүниежүзілік рекордтың туын тіккен жер. Біз сол туды қолдан шығармауға тиіспіз. Оны әрқашан жоғары ұстап, абыроймен алға апару – зор мәртебе.

«Бір үйлі жанбыз, бір-бірімізге мейманбыз», – дейді халық. Менің қазір асарымды асап, жасарымды жасап, енді ұзақ жолға аттанғалы отырған мейман екенімді ұмытпасаңыздар болды. «Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз жазады мың көңілдің жарасын» деген. Мен сендерді өкініш айтып қамықтырып емес, сүйініш айтып қуантып кеткелі отырмын. Қылыш жарасы жазылғанмен сөз жарасы жазылмайды. Соны ұмытпаңдар. Артына жаман жұраттан гөрі жақсы сөз қалдырған артық: жаман жұрат ұятқа қалдырады, жақсы сөз рухыңды қандырады деген. Сендерге айтар екі-үш ауыз ақылым бар.

Адамға тән алты асыл қасиет бар: біріншісі – ұғымды, ойлы ететін зерде-зейінің, екіншісі – сені өрге сүйрейтін өнер-өрісің, үшіншісі – тек ілгері бастайтын талабың, төртіншісі – ешқашан алдамайтын тапқырлығың, бесіншісі – қиындықта сыналартын қайратың, алтыншысы – бәрінен де күшті ететін білімің. Ұмытпа, ұмытпа осыларды!

Өзі жас, еліне бас боларлық жігіттің үш асыл мінезі болады. Біреуі – шыншылдығы, одан соң – аңқылдақ адалдығы, одан соң – қара қылды қақ жарған әділдігі. Мұны да біліп қой!

Адамға қажет үш байлық бар. Біріншісі – денсаулық, екіншісі – бейнетқорлық, үшіншісі – тірек болар дос-жаран. Оны да ұмытпа!

Ер-жігіттің жолын кесіп, аяғына тұсау²⁵ болатын жеті жауы бар. Біріншісі – жалқаулық, екіншісі – аңқаулық, үшіншісі – жасқаншақтық, төртіншісі – жасықтық, пасықтық, бесіншісі – су жұқпас суайттық, алтыншысы – өсекшілдік, жетіншісі – мылжыңдық.

Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайылық жат мінез – надандықтың белгісі. Айдан – алқа, жұлдыздан жүзік іздеме.

Менің айтарым осы. Бұл сөздер данышпандықтан тумаған болар. Осы бір ұзақ ғұмырымда көп нәрсені көрдім, өмірден үйрендім, дос-жаран, серік-шәкірттерімнің өзіне, сөзіне терең зер салдым. Түйедей бойдан түймедей ақыл артық деген қағиданы берік ұстандым. Өмірдегі ең ауыр нәрсе – ақылсызды жөнге салу. Мұны да жанымда ұстадым.



- *Ыбырай Жақаевтың бізге деген өсиет әңгімесінен не ұқтыңдар?*
- *Өздеріңнен «Әлемдегі ең асыл не?» деп сұраса, қалай жауап берер едіңдер?*
- *Қарт диқан қоғамға қалай қызмет етті? Ал бізге қалай қызмет етуді аманаттайды?*
- *Мәтіндегі «Бір үйлі жанбыз, бір-бірімізге мейманбыз» деген ойды қалай түсіндіңдер?*
- *Ыбырай Жақаев айтқан алты қасиет адам бойында болу үшін не істеуі керек деп ойлайсыңдар?*

²⁵ Аттың алысқа ұзап кетпеуі үшін, алдыңғы екі аяғын байлайтын қайыс немесе жіптен жасалған зат.



1-тапсырма. Сөздер мен олардың анықтамаларын салыстырып, әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табындар.

Ұғым	Анықтамалары
1. Азаматтық	а) Ақылдылық, ойлылық. Адамға ғана тән қасиет. ә) Адамдарға деген ізгі ниет, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілдік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық.
2. Азамат	
3. Адамгершілік	
4. Кісілік	
5. Саналылық	б) Адамның тұлғалық жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. в) Адамгершілігі бар парасатты адам. г) Ел үшін кісілік көрсетіп, борыш, міндет, парызын адал орындау.

2-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, Отанды сүю, оған қызмет етуге қатысты адами қасиеттерді іріктеп алып, өз қорытындыларыңды шығарындар.

Бауыржан Момышұлы

Ешкім азамат болып тумайды. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді, өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап – адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмалдық рухта ер жеткен бала, мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына жақсы сіңіреді. Мен бауырмалдық дегенді бірнеше рет қайталадым. Оның кең мағынасы халықаралық достық – бауырмалдық. Азаматтықтың, батырлықтың бір негізі осы бауырмалдықтан шығады. Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю үй ішіңнен, отбасынан өседі. Ата-ананы, апақарындасты, аға-ініні сыйлап құрметтеген адам халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген – ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе...



Қазақта адамгершілігі мол, өз елінің қамын ойлаған адамды Азамат деген. Азамат – адамгершілік қасиеті мол, саналы адам. Халық азаматтарға үлкен сенім артады, оған құрметпен қарайды.

Елін сүйетін азамат туған жеріне, ана тіліне, игі дәстүрлеріне, тарихына сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайды.



Жас ұрпаққа айтар сөз

Бауыржан Момышұлы

Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ! Әр әке балам бақытты болса екен, үрім-бұтағым үзілмесе екен деп тілейді. Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, біз сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ. Ол – қазіргі кең жазира Отаның сенің. Өйткені – Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Елді, жерді, қоғамды сақтап қалу – сенің борышың, алғы ұрпақ.

Ұзын бой қысқарады, үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол – табиғат заңы. Адам өлгенімен, оның еңбегі өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады...

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отаншыл болады. Өйткені өз әкешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт.

Намыс – азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, өлсем өлейін, бірақ ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді. Ер жігіттің елі – ата-анасы. Отаны – өз үйі.

Патриотизм – «Отаным, сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» – дейтін құрғақ сөз емес. Ол – формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады.

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы – адамгершіліктің ең асыл парызы. Ал еңбекшілдік, білімділік, тәртіптілік, тәлімділік, шыдамдылық – армия үшін ең қажет қасиет.

Ей, жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым? Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көп ұлтты Отанымыздың болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім бар. Ол – Отанды сүйіндер, оны қорғаңдар, оған қызмет етіндер! – деген сөз. Ол – халықтар достығын қадірлеңдер, қасиеттеп ұстаңдар! – деген сөз.



- Мәтінде автор азаматтықты, саналылықты неліктен елдікпен салыстыра қарайды?
- Автордың отаншылдықты, ерлікті айтқанда «сабыр» мен «төзімді» жоғары бағалауының себебі неде деп ойлайсыңдар?
- Отанға қызмет ету, өз азаматтығымызды көрсету деген не?
- Өздерің Отан үшін, ел үшін қандай азаматтық танытып жүрсіңдер?



3-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңдар. Осындай жағдайларда қандай азаматтық көрсетер едіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.

– Көшеде оқыс оқиганың куәсі болдың. Сенің көмегің қажет болып тұр...

– Сыныптас жолдасың екінші бір сыныптасыңа жазықсыз забір көрсетіп жатыр.

– Досың өзінің өтірігін әшкерелемеуді өтінді.

4-тапсырма. Жағдаятты шешіндер. Сұрақтар бойынша талқылау жүргізіндер.

Атасы: Адам әрқашан Отаны үшін, елі үшін қызмет етуі керек, – деді.

Немересі: Ол мүмкін емес қой, ата. Мен қай кезде өзім үшін өмір сүремін?

Атасы: Мүмкін болғанда қандай!? Бұл – өте қарапайым нәрсе. Тек қана әрбір ісінде ниетің мен ойыңды жақсылыққа бағыттап, істеген ісінді сүйіспеншілікпен, зор жауапкершілікпен жасап, ешкімге, еш нәрсеге қиянат жасамасаң болғаны... Сенің осылай

атқарған әрбір ісің, оқуың, еңбегің, басқаларға қызмет етуіңнің барлығы Отаның мен еліңнің игілігіне айналады.

Немересі: Ата, мен енді ең бірінші барлық атқаратын ісімді зор сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен адал атқаруға тырысамын.

• *Отанға, елге адал қызмет етудің тағы да қандай жолдарын ұсынар едіңдер?*

5-тапсырма. Отанға, елге адал қызмет етудің нақты жолдарын ізде, ұсын.

Ол үшін төмендегі қадамдарды басшылыққа ал.

- *Не істеу керек?*
- *Бұған қалайша жетуге болады?*
- *Іске асырудың жолдары мен құралдарын анықта.*
- *Жүзеге асыр.*
- *Барлығы дұрыс орындалды ма?*
- *Келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?*

6-тапсырма. «Ұжымдағы достық» жобасының 2-кезеңі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

• *Жоба барысында жасаған игі істеріңнің нәтижелері мен естерінде қалған сәттерді жазыңдар.*

• *Сыныпта өзара қарым-қатынас қалай өрбуде? Әңгімелеп беріңдер.*



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Абырой дегеніміз:

А) Атақ, даңқ, бедел.

Ә) Абырой – ар-намыстың тазалығы және адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі; кісілік, адамгершіліктің тірегі.

Б) Айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табыса алу.

2-тест

Жауапкершілік дегеніміз:

А) Бір іске жауаптылық, міндеттілік.

Ә) Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен, тәртіптілікпен, адамдықпен қараудың белгісі.

Б) Тапсырылған міндетті орындау.

3-тест

Тәртіп пен парыздың ортақ ұқсастығы неде?

А) Әркімнің адамгершілік қасиеттеріне байланысты өзі біліп атқаратын міндеті.

Ә) Саналы түрде іштей мойындап, өзіңе қажет екенін сезініп, өзі біліп атқаратын борыш.

Б) Амалсыз атқарылатын міндет.

4-тест

Қоғамға қызмет ету:

А) Әрбір адамның шын ықыласпен, қалтқысыз істейтін азаматтық борышы.

Ә) Науқандық шараларға байланысты мақсатты түрде істелетін іс-әрекеттер.

Б) Қоғамдағы белгілі бір топтар айналысатын іс-әрекет.



Туған ел

*Сөзін жазған Нұрсұлтан Әлімқұлов
Әнін жазған Мансұр Сағатов*

Байтақ дала-туған жердің,
Қымбат маған әр тасы.
Өзен, көлі, самал желі,
Асқар тауы баршасы.
Бақыт нұры құшып мені
Кең өлкеме тарқашы!
Алшаң басып еркелеуім,
Туған елдің арқасы.

Қайырмасы:

Отаным, жайнай бер,
Жазира, жерім, дарқан!
Еркелеуім сенің арқаң,
Сенің арқаң, туған ел!

Аспаныңда мен болайын,
Ай, жұлдызды шарлаған.
Еңбегіммен ер болайын,
Бәрін саған арнаған.
Бір өзіңдей кең болайын,
Бақыт бердің сен маған.
Қасиетіңнен айналайын,
Туған елім-кең далам!

III ТАРАУ
АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ





АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАРАСТЫҒЫ



**Назары әдемінің ой-санасы әдемі келеді,
ой-санасы әдемі адам өмірдің рақатын көреді.**

Халық даналығы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Әділ – Мария

(Үзінді)

Шәкәрім

... Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді. Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер бар. Олар: нәпсі²⁶ өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рақымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағысын тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. Ол үшін барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат, «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың

²⁶ Кісінің бір нәрсеге көңілі ауғандағы тәбетті, құлқыны.

қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...



- Автор неліктен адамдардың тату, тыныш өмір сүруінің негізін «адал еңбек», «ақ жүрек», «арлы ақылдан» іздейді?
- Автордың мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдықтың тек қана ақ жүректен шығады деуінің себебі неде?
- Бұл қасиеттердің адами қарым-қатынаста алатын орны қандай? Оларсыз жақсы қарым-қатынас орнату мүмкін бе? Неліктен?
- Автор мәтінде арлы, ақылды адамды қалай сипаттайды?
- Қандай қасиеттері бар адам қарым-қатынаста келеңсіз жағдайларға барады?
- Адамға жағымсыз қасиеттерден арылу үшін не істеу керек?



1-тапсырма. Жағдаятты оқыңдар. Өз ойларыңмен жалғастырыңдар.

Данияр сабақтан асығып-аптығып, үйге сөйлей кірді.

– Ата, осы неге мені Азамат түсінбейді? Не айтсам да, не істесем де дұрыс емес деп, Арманды жақтайды, оны ақкөңіл дейді. Неге?

Атасы: «Балам, адал ниет адамның мінез-құлқынан, іс-әрекетінен көрініп тұрады. Адамдарды бір-бірімен сол ізгі, таза ниеттері біріктіріп, байланыстырады.

Адамдарға деген көңілі таза, пейілі ақ, ниеті түзу, адал адамды ақниет, ақкөңіл дейді. Демек, Арман сондай адам болғаны зой.

Адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін алдымен ниетіңді, пейіліңді түзетуің керек. Жүрегі басқаларға деген сүйіспеншілікке толы, ниеті түзу адам олардан да дәл сондай сүйіспеншілікті, таза ниетті қабылдайды. Ақ ниет ылғи да жақсылыққа бастайды», – деді.

Данияр ойланып қалды.

2-тапсырма. Төменде берілген Шәкәрімнің өлең жолдарын басшылыққа алып, адами қарым-қатынас жасаудың ережесін құрастырыңдар.

... «Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шынышыл», «Харекет»
Түп қазығы – «Ақ ниет».



Адамның қоршаған ортаға қарым-қатынасы оның өзіндік көзқарасынан, сенімінен, дүниетанымынан, басқа адамдармен қатынасынан, ең бастысы – оның әрекетінен көрінеді.

Адам қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін оның жан дүниесі рухани бай болуы керек. Яғни күнделікті өмірде, адамдармен қарым-қатынаста әдептен шықпау, көңілге келетін сөз айтпау, жағымсыз мінез көрсетпеу – ол ішкі әлемнің көрінісі.

Қарым-қатынаста табысқа жету сыртқы жағдайлардан гөрі адамның ішкі жан дүниесіне, ниетіне байланысты.



Әйнектің сынығы

Мұхтар Құрманалин

Баубек атасына еріп дүкенге бара жатқан. Жол бойы атасы «тоқтай тұр» деді де, еңкейіп жерден бірденелерді ала бастады. Баубек бұл не екен деп жақын барып еді, асфальт жол үстінде әйнектің сынықтары шашылып жатыр. Атасының жинап жатқаны сол екен, Баубек оның қандай қажеті барын түсінбей тұрды да:

– Ата, оны қайтесің? – деп сұрады.

– Алдымен сен мұны жинауға көмектес, – деді атасы. – Содан кейін айтамын...


Баубек еңкейіп, жылт-жылт етіп күнге шағылысып жатқан әйнек сынықтарын біртіндеп жинай бастады.

Атасы өзіне көмекке жараған кішкентай немересіне сүйсіне қарап:

– Байқа, саусағыңды кесіп кетпесін, – деп ескертті. Жол үстінде әйнектің сынықтары көп екен. Атасы мен немересі ерінбей еңбектеніп, оның жалғыз түйірін қалдырмай жинап алды да, қағазға орап жол жиегіндегі қоқыс салатын қорапқа тастады.

Екеуі қайтадан дүкенге беттеді.

– Әлгінде сен оны қайтесің дедің-ау... – Атасы Баубекке қарап әңгімесін бастады, – Көшеде жалаң аяқ ойнап жүрген



балдырғандар байқамай әйнектің сынығын басып кетсе, табанын тіліп түспей ме? Жарақаттанғанның несі жақсы? Бала дәрігерге қаралады, емделеді, оқуынан қалады... Кейде қауіп-қатерді өзімізге-өзіміз осылайша қолдан жасайтынымыз жаман...

– Ата, біздің класта да шөлмек сындыратын балалар бар, – деді Баубек атасының сөзін қоштағандай.

– Әйнек көрсе бас салып қирататын баланың ата-анасына айып төлету керек шығар... Баубекжан, бұдан былай жолыңда әйнектің сынығы жатса, еңкеюге ерініп өте шықпай, алып аулағырақ таста. Бұл – ұсақ-түйек емес, өзгеге қамқорлық. Ал адамға жанашырлық осыдан басталады...

Баубек ойға қалды.



- *Жол үстінде әйнектің сынықтары неліктен көп болды деп ойлайсыңдар?*
- *Атасы «Кейде қауіп-қатерді өзімізге өзіміз осылайша қолдан жасайтынымыз жаман...» – дегенде не айтқысы келді? Өмірден мысал келтіріңдер.*
- *Өзгеге қамқорлық, адамға жанашырлық дегенді қалай түсінесіңдер? Бұл не үшін қажет?*
- *Баубек неліктен ойланып қалды? Оған кім, не әсер етті?*
- *Өзің күнделікті өмірде біреуге қамқорлық жасап, жанашырлық танытасың ба? Қалай? Нақты мысалдармен дәйектеп айт.*



3-тапсырма. Төменде берілген өлеңнің үзіндісін оқып, ондағы қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектесетін қасиеттерді іріктеп алындар. Таңдауларыңды түсіндіріңдер.

Құтты білік (Үзінді)

Жүсіп Баласағұн

*... Шынышыл болсын, көңіл, тілің, қылығың,
Дүние, дәулет келер, берер шырынын!
Көңіл таза – деніңнің сау болғаны,
Денің сау ма – көңілің тау болғаны!
Бауырмалдық, сақтық керек, сергектік,
Мың түрлі іске ояу, зерек ер жетпек.*

4-тапсырма. «Қарым-қатынаста табысқа жету сыртқы жағдайлардан гөрі адамның ішкі жан дүниесіне, ниетіне байланысты» деген ойды басшылыққа ала отырып, төмендегі кейіпкерлерді қатыстырып, шағын қойылым дайындап, сахналаңдар:

- жақсы, мейірімді оқушы;
- ылғи да бірінші болғысы келетін оқушы;
- қарым-қатынаста пайда іздейтін оқушы;
- барлығын жақсы көретін оқушы.

5-тапсырма. Суретке қарап, ондағы жарастық пен сұлулық туралы әңгімелеп беріңдер.



Әбілхан Қастеев. Бие сауу. 1936 ж.



Достар құшағында

*Сөзін жазған Сағи Жиенбаев
Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов*

Қасымда бүгін достарым менің,
Құшағым толы қырмызы гүлдер.
Толқиды жаным, аспаным кеңіп,
Арайлы таңдар, қызықты күндер.

Қайырмасы:

Кел, жан-достарым,
Мен бір ән бастадым.
Шырқайық желпіндіріп тау асқарын.

Келеді көктем, келеді жаздар
Қырларға балғын гүлдерін алып.
Тұрады сәуле көңілде маздап,
Жатса да зулап күндерім ағып.

Қайырмасы.

Аспаным нұрын төгеді көктем,
Күтеді қызық таңдарым алда.
Құшағы жалың, көңілі көктем –
Өздерің барда, арманым бар ма?!



ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншілікпен байланысты.

Нұрсұлтан Назарбаев

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Атасы мен әжесі

Жәмила Аязбекова


Атасы мен апасы Мұраттың әпіл-тәпіл кезінде өз бауырларына салған. Өздері тұратын Үшаралына алып кеткен. Сол күндерден бастап Мұраттың апасы жасарып, күннен-күнге ширап, бетіне қан жүгірді. Әке-шешесі қалада қалды. Шалкемпір балалары аяқтарына тұрғанша деген көмегі ғой, бір жағынан, тұңғышын ата-анасының бауырына салатын ескіден келе жатқан дәстүр-салт еш сөкеттікке²⁷ жатпайды, қайта жарасымды үйдің сәнін келтіретін әдет. «Немере баласынан да тәтті» деген ұғымның жаны бар. Немере сүйген ата-ананың жасы ұзарады, жаны жадырайды, ал бала ешқашан тасбауыр, өзімшіл болмайды. Бала күлкісін естіген, оның алғашқы басқан қадамын көрген, асты-үстіне түсіп әбігер болғандар жасармай қайтеді. Ата-бабаларымыз соны қалай білген: біз де сондай болып жетілсек арман бар ма?

Осынау бір түп-тамыры дана дәстүр, ата-бала-немере секілді ұрпақтың үш тармағын берік етіп бекітіп тастағандай. Ұрпақтың тармақтары қалай өсіп жетсе де, қандай жолдар қиясына же-

²⁷ Ұят, теріс, ұнамсыз.

телесе де, бұл байланыс, текті ағаштың тамырларындай оның тармақтарын дiңнен бөлiп жiбермей, мықты тұғыр болып қалатыны анық. Ұрпақтар осылай үзiлмей жалғасып, әр тармағы өз алдына мәуелеп шексiздiкке ұмтылар, ал қазағымыз, Қорқыт ата айтқандай, өлмей өмiр сүрерi анық.

Мiне, Мұрат та ата-әжесiнiң қолында сөйтiп өскен. Өз жерiне, туған топырағына тамыр жiберiп жетiлген. Кең дүниеге бала шақтан ойын арқылы, жайлау кештерiнде бар ынтасымен еститiн ертеке-аңыздардан өз бойына елiнiң, ұлтының құнарлы нәрiн сiңiрiп келдi. Ұрпақтан-ұрпаққа үзiлмей айтылатын дала даналығы бала санасында жатталып қалған. Сондықтан да туған жердi қорғау, батырлар даңқы, көршi-көлемге қамқор болу, үлкендi сыйлау, досқа сенiмдiлiк деген атаулар ол үшiн қанымен қоса қозғалған табиғи ұғымдар едi.



- «Осынау бiр түп-тамыры дана дәстүр, ата-бала-немере секiлдi ұрпақтың үш тармағын берiк етiп бекiтiп тастағандай» деген тұжырыммен келiсесiңдер ме? Нелiктен?
- Сендердiң отбасыларыңда ұрпақтар сабақтастығы сақталған ба? Әңгiмелеп бер.
- Мұрат қандай құндылықтарды бойына сiңiрiп өстi?
- Отбасыңның тарихынан не бiлесiң? Ата-бабаларыңнан қандай асыл мұра (рухани) қалды? Сенiң оған көзқарасың қандай?



1-тапсырма. Ұлы педагог Василий Сухомлинскийдiң кеңестерiмен танысып, ата-аналарыңның, туыстарыңның алдындағы парыздарың туралы эссе жазыңдар.

... Атаң мен анаң саған өмiр сыйлайды. Олардың есiл-дертi – сен бақытты болса екен деу. Екеуiнiң денсаулығын сақта, бабын тап. Көңiлдерiне кейiстiк сала көрме.

Сенiң адал өмiр сүруiң, еңбексүйгiштiгiң, оқу мен еңбектегi табыстарың – ата-аналарың үшiн айтып жеткiзгiсiз зор бақыт. Өз үйiңнiң бағын жандыра бiл. Ананың жүрегiн сезе бiл, ананың көз жанарынан көңiл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын, беймазалық²⁸ пен әбiгершiлiктi, қиналыс

²⁸ Мазасыздық, тынышсыздық.

пен кейістікті²⁹ көре біл. Жастайыңнан анаңның көзінен жан дүниесін көре білуге үйренбесең, сен зұмыр бойы адамгершілік тұрғысынан ақ көз³⁰ болып өтесің.

Ана мен әке алдында шыншыл бол. Ата-анаңның құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсат ризалығын ал.

2-тапсырма. Суретке қарап, ондағы отбасылық құндылықтар туралы әңгімелеп беріңдер.




Орал Таңсықбаев. Қонақта. 1944 ж.

3-тапсырма. «Менің отбасым» атты сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, ерекше торкөзден «Отбасы» сөзі шығады. Тапсырманы дәптерде орындандар.

1. Есіктің екі жағы, екі жақтауы.
2. Әкенің әкесі.
3. Үлкендердің адамға ізгі тілек, алғыс білдіруі.
4. Бір әкеден жаралған ағалы-інілер.
5. Ағасына жас жағынан кіші қыз бала.
6. Бірге туған қандас, туыс, ағайын.

²⁹ Реніш, наразылық.

³⁰ Соқыр.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, өзің үшін қажетті қасиеттер мен түйінді ойларды есіңе сақта. Өз отбасың үшін адамгершілік ережесін жаса.

Бақытты отбасы

Аңыз әңгіме

Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, отбасының өзара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таңғалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен.

Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенінің ақ-қарасын білгісі келіп, ауылға келеді. Ауыл таптаза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді.

Ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді.

Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады.

Үш сөзді оқыған патша таң қалып:

– Осы-ақ па?

– Иә, – деді ақсақал. – Барлық жақсы отбасылары тек осы қасиеттерден құрылады, – деді де, сәл ойланып, және «шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды.



Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты, қызық дәурені осы отбасында өтеді. Отбасы мүшесі ретінде сенің міндетің – ата-анаңды, туған туыстарыңды, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұту, жасы кішілерге қамқорлық жасау, мектептегі сабағыңды жақсы оқып, білімді, мәдениетті, жан-жақты болып өсуге ұмтылу. Сонымен бірге отбасылық құндылықтардың, атап айтқанда белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелер, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақталуына өзіндік үлес қосу да біздің міндетіміз.



Ұлыма хат (Үзінді)

Немат Келімбетов

Ұлым менің!

Жалпы мейірімділік жайын сөз еткенде, ең алдымен, аяулы анамның жарқын бейнесі көз алдыма келе қалады. Тегінде қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық сезімдері адамға туа бітетін қасиет қой деп ойлаймын.

Өзімнің балалық шағымды, марқұм анамды ойласам-ақ сонау бір сұрапыл жылдары біздің шағын ауылға алыс өлкелерден қарашай, түрік, авар, поляк және неміс отбасыларының қоныс аударып келгені есіме түседі.

Бәрі де дәл бүгінгідей көз алдымда тұр. Сол жылы қыс қатты болды. Қаңтар айы еді. Бір күні колхоз³¹ кеңсесінің алды адамдарға толып, аяқ астынан у-шу боп кетті. Бір топ бала жүгіріп, жетіп бардық. Он шақты арба үстінде бейтаныс адамдар қыбыр етпей отыр. Іштерінде өзіміздей балалар көп екен. Колхоз төрағасы өзі шақыртқан адамдарға қарата сөйлеп, бірдемені ынты-шынтымен түсіндіріп жатыр. Бір кезде әкем көштің орталау тұсында тұрған арбаға барып, жегілген аттарды тізгінінен ұстады да, жетелей жөнелді. Арбаның артынан біз де жүгірдік. Әкем әлгі арбадағы он шақты адамды үйге алып келді. Қоныс аударған қарашайлар екен. Он бір баласы бар.

³¹ Бірлескен шаруашылық түрі.

Біздің ортасында дәлізі бар шағын екі бөлмелі қоржын үйіміз³² болатын. Өзіміз әрең сыйып отырғанбыз. Сол күні әкем мен анам жабылып жүріп, бір бөлме мен ортадағы дәлізді әлгі қарашай отбасына босатып берді.

Анам болса, бейне бір жақын туыстары көшіп келгендей-ақ қуанып жүр. Нағыз ашаршылық жылдары ғой. Әрбір отбасы үйіндегі бір-екі қап жүгерісіне сеніп, шықпа жаным, шықпа деп отыр. Біздің үйде әйтеуір картоп, сәбіз, кептірілген өрік пен қауын қағы біраз бар еді. Тіпті үйдегі бір сиырдың сүтіне ауыз ашып отырған алты баланы айтпағанның өзінде, кейбір көршілеріміздің бесіктегі сәбилеріне де анам күн сайын сүт апарып беретін.

Міне, енді соның бәріне ойда жоқта тағы он бір бала қосылды. Әкем не болар екен дегендей анамның жүзіне қарады.

Анам абыржыған жоқ.

– Қазан аузы жоғары деген ғой. Бір мәнісі болар. Тәңірдің берген ризығын жер. Бұларды да құдай пенде³³ қылып жаратқан ғой.

Сол күннен бастап анам күні-түні көшіп келген көршілеріміздің балаларымен әуре болып кетті. Оларға тамақ пісіріп беретін де, шомылдыратын да, шаштарын алып, киімдерін жамайтын да менің анам еді. Бұлардың әке-шешесі таң атпай жатып, елең-алаңда колхоз жұмысына кетіп қалатын. Содан түн ортасында ғана үйге оралушы еді.

Бүгін ойлап қарасам, анамның сол қарашай балаларына жасаған қамқорлығы шексіз болған екен ғой. Бөтен адамның баласы үшін соншалықты бәйек болып, өз жанын отқа да, суға да салу тек аналардың қолынан келетін шығар. Сол кездегі анамның күні бойы тыным таппай ошаққа³⁴ от жағып, тандырға³⁵ нан пісіріп, самауырынға шай қайнатып, сүт пісіріп, күбі³⁶ пісіп жүргені әлі күнге көз алдымда тұр.

³² Екі бөлмелі үй.

³³ Адамзат, адам баласы.

³⁴ Үстіне ыдыс қойып тамақ пісіруге арналған үш аяқты дөңгелек қоршау темір.

³⁵ Нанды қабырғаларына жапсырып қарып пісіруге арналған пеш.

³⁶ Іркіт пісетін, көже ашытатын ағаш шелек, піспе шелек.

Ұлым менің!

Менің әкем өз анасын мақтап отыр деп ойлайтын шығарсың. Иә, сенің мейірімді әжең шынында да мақтаныш етерліктей жан еді. Алайда мен саған тек өз анам туралы ғана айтып отырғаным жоқ. Мен өз анамды сөз ету арқылы сонау қиын-қыстау кездегі барлық тауқыметті³⁷ өз мойындарымен көтерген қазақ ауылындағы қаһарман аналар хақында әңгіме қозғап отырмын. Біз солардың ерлік бейнесін жасау арқылы бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуіміз керек.

Менің ойымша, әрбір жас жігіт, бойжеткен қыз өздерінің әкелері мен аналары, аталары мен әжелері басып өткен өмір жолын жақсы білуге міндетті. Солар басып өткен өмір белестері ауыр болды ма, жеңіл болды ма, бәрібір білуі тиіс. Бүгінгі ұрпақ солардың жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуі қажет-ақ.

Егер мен әкем мен анамның өз балаларына ғана емес, өзгелерге де жасаған қамқорлықтарын көрмей өскенімде, онда өз ұлдарыма да, басқаларға да осыншалықты ыстық ықылас, шынайы мейірім көрсете алмас едім. Қазіргі кейбір ата-аналар өз ұлдары мен қыздарына дұрыс ақыл айтып, жақсы кеңес беріп жатады. Бірақ өздері мүлдем басқаша қағида бойынша өмір сүреді. Ал, жас бала ешқашан ата-ананың айтқанын емес, істегенін істейді. Оларға құлақпен естігеннен гөрі көзбен көрген көбірек әсер етеді.

Иә, анам жайындағы ой-толғаныстарым таусылар емес. Жан-жүрегіме мейірім-нұрын құйған анам жайында айта бергім, айта бергім келеді. Қысқа хатта бәрін әңгімелеп шығу мүмкін емес. Әйтеуір анам жайында айтқаным сенің мейірімді жан боп өсуіңе септігін тигізер деп ойлаймын.

Ұлым менің!

Мен саған кедейлік жайында да, байлық туралы да өз білгенімше біраз пікір айттым ғой деп ойлаймын. Әйтсе де сен сол айтқандарымның ішінде, әсіресе, адамның ішкі жан-дүниесі, рухани байлығы жайындағы ой-толғаныстарыма көбірек назар аударсаң екен. Өйткені рухани жағынан шыңдалған адам ғана өзі үшін де, елі үшін де шексіз мол игілікті істер тындыра алады.

³⁷ Ауыртпалық, қиыншылық.

Мен сені рухани жағынан аса бай адам болса екен деп армандаймын.



- Мейірімділік жайын сөз еткенде, неліктен автордың көз алдына ең алдымен аяулы анасының жарқын бейнесі келеді деп ойлайсыңдар?
- Мәтіндегі ананың бойынан өздерің байқаған ізгі қасиеттерді атап беріңдер.
- Автордың ата-анасының қоныс аударған қарашайлар отбасына риясыз көмек көрсетуінің себебі, қозғаушы күші неде деп санайсыңдар?
- Сендердің отбасыларыңда өзгелерге қандай сый, құрмет және көмек көрсетіледі? Әңгімелеп беріңдер.
- Өзің рухани жағынан бай, әрі азамат болып өсу үшін алдыңа қандай мақсат қоясың?



5-тапсырма. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз» деген ойын басшылыққа алып, пікір алысу жүргізіндер.

6-тапсырма. Отбасыларыңды біріктіретін қандай отбасылық салт-дәстүр, мерекелер бар? Әңгімелеп беріндер.

7-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Қысқаша сипаттаңдар, тақырып қойыңдар. Өздерің де отбасылық альбомдарыңнан қызықты сәттеріңді суреттейтін суреттерді жинастырып, «Менің отбасым» тақырыбында фото-иллюстрациялар әзірлендер.



Мақсат Құсайынов. Фото.



Сәрсенбек Қызайбекұлы. Фото.



Отбасы – адамның рухани тірегі. Отбасың бақытты болу үшін сен де өз үлесінді қосуың тиіс: ана сүтімен бірге даритын, үлкенді сыйлап, ізет көрсету, кішіге қамқорлық жасау секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат болып

өсуге ұмтылуың керек. Сен – өміріміздің жалғасы, ертеңі, жарқын болашағымыз, ел мен жердің иесісің. Күнделікті өмірде адамдармен қарым-қатынас барысында өмірдегі түрлі жағдайларда өзіңді қалай ұстауды, адамгершілік әліппесін игересің, атап айтқанда, мейірімді, кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайсың.



Сәби болғым келеді

*Сөзін жазған Мұқағали Мақатаев
Әнін жазған Тұрсынғазы Рахимов*

Құс та болғым келмейді қанатым бар,
Қанатым бар күмістен жаратылған.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған.

Тал бесігі – кең жаһан, тарылмаған,
Біреуге бар, біреуге табылмаған.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Ана сүті аузынан арылмаған.

От та болғым келмейді жылуым бар,
Жылуым бар, керек пе, жылыныңдар.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Күн сәулесі ойнаған тұлымында.

Қанат қағып өмірге ұшарымда,
Кесілмесе бәрібір тұсауым да.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Сәбиі жоқ ананың құшағында.





ҰЖЫМДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Адамдардың ортасында өмір сүріп бақытты болу дегеніміз – ең алдымен өзіңе тиістіні тындыру, өз борышыңды ақтай білу деген сөз.

Василий Сухомлинский

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Айгүлдің әңгімесі (Үзінді)

Марат Қабанбай

Бұрнағы жылдың қаңтарында әжем қайтыс болды. Көп ауырған жоқ. Үйде екеуіміз оңаша қалған кезде қасына шақырып алып, басымды сипайтын: «Көп ұзамай келмес сапарға кететін шығармын, қызым. Сен қарғашымды ойлаймын да. Қайда жүрсең де, жақсы адамдарға жақын бол, қарғам, өсиетім осы», – дейтін. Әжемнің бұл ақырғы рет армандасқаны екенін мен білмедім ғой.

Енді мен көкем, тәтемнің басыбайлы³⁸ қызымын. Екеуі бірігіп, бір әжемнің орнын толтыра алмайды. «Айнымай маған тартқансың» демейді. Апам құсап алдана да салмайды. Күліп тұратын әжімдері де жоқ. Қуыршақ, аю секілді керексіз заттар да көзден бұлбұл ұшты.

Айтпақшы, жаңа класс мені жаппай жұмыла зерттеп жүр. Зерттеудің қызығына түсіп кете ме, кіл³⁹ адам ойына келмейтін қызық сұрақтар қояды. Үздік оқитын Кәмила: «Бұрынғы бағаларың қандай еді?» – дейді көзілдірігінің әйнегі жарқылдап. Жақсы оқысам, дос болып алғысы бар. Нашар оқысам, сыртын

³⁸ Біреуге меншікті, еріксіздік.

³⁹ Ылғи, үнемі, кілең.



салмақшы. Адам бағаға қарап дос таңдайды екен-ау. Әдейі: «Биыл күзгі сынға қалып, жетіншіге эрең көштім», – деп ем, шошып кетті. Ал Елубір деген бір бармағын ішке бүккен тұңғиық бала ізімді бағады да жүреді. Не жан адамға қосылмайды. Үзіліс-үзілісте мен бір Қазына аралда тығулы жатқан алтын сандық сырын білетіндей көзінің астымен қарайды, қарайды келіп.

Соңғы аптада Стивенсонның «Қазына аралын» оқып жүрмін.

...Күндердің күні мен де Джон Гокинс секілді белгісіз бір көмбенің⁴⁰ үстінен шығамын. Онда да алтын, күміс, жақұт⁴¹ емес, басқа қазына.

Әжем қазына адам еді. Сіз қазына қызыңыздан айырылып қалдыңыз. Қабағыңыз қатыңқы. Қымбат адамын мәңгілік

⁴⁰ Жер астындағы байлық.

⁴¹ Қымбат бағалы тас.

іздеп жүргендер ылғи шаршап жүреді. «Бәріміз де жақсылық материгін қайда-қайдалап шарқ ұрған кішкене Колумбтармыз» дейсіз бе? Мүмкін... мен әжемді іздеген кішкене Колумбпын.

Үйде көкем геологиялық партиядан ала келген дүрбі бар. Әке-шешем командировкаға кеткен күндері ішім керемет пысады. Әсіресе жексенбіде қиын. Өне, сонда балконға шығамын да, көшедегі қалалықтарға дүрбі салып, көзім талғанша қараймын. Балаларын қаздай шұбатқан олар бір жаққа жедел-жедел басып кетіп бара жатады. Олар, әрине, қазына адамдар – дос-жарандарына, туған-тумаларына, қазына жер-цирк, паркке беттеген. Ал сәл жоғары қараса, аспан мен жердің арасында дүрбі салып, дос іздеп тұрған мені көрер еді...

Сұмдық жалғызсыраймын. Көкем мен тәтем болса, бауырындағы Айгүлді көрмей, жер астындағы алтын мен күмісті іздеп жүр. Жадырап отырған күндері: «Айгүл де біздің жолымызды қуып, геолог болады-ау», – деп қояды.

Мен жер астындағы алтын, күміс емес, дос, туыс болуға татитын адамдарды іздеп жүрмін ғой...



- Айгүл мен әжесінің арасындағы сыйластықтың сыры неде?
- Айгүл сыныбынан неліктен жылылықты сезіне алмады? Ол неге жалғызсырады?
- Айгүлдің «Мен жер астындағы алтын, күміс емес, дос, туыс болуға татитын адамдарды іздеп жүрмін ғой», - деген сөзінен нені аңғаруға болады? Айгүлге қалай көмектесер едің?
- Айгүл сыныптастарының арасынан нені іздеді деп ойлайсыңдар?
- Айгүлдің «Адам бағаға қарап дос таңдайды екен-ау», – деген ойымен келісесіңдер ме? Неліктен?
- Өзің оқитын сыныптағы өзара қарым-қатынас қандай? Оны қалай бағалайсың?
- Сыныбыңдағы қарым-қатынастарды өзгерткің келе ме? Неліктен? Қалай өзгертпексің?



1-тапсырма. Жағдаяттармен танысып, ұжымдағы қарым-қатынас туралы өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Сенің байқауыңша, сыныптас жолдасың соңғы кезде сабаққа, қоғамдық жұмыстарға самарқау⁴² қатысып, томаға-тұйық жүр. Оның сабақ үлгерімі де төмендеп кетті. Осы жағдайда сен не істейсің?

⁴² Көңілсіз, селкөс.

Сен бұл сыныпқа жаңадан келген оқушысың. Сыныптас-тарың адамды білімі бойынша бағалап, адамгершілік қасиеттеріңді байқай бермейтін тәрізді. Осындай ортада өзіңді қалай ұстайсың?

2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, ұжымдық қарым-қатынасқа қатысушы тұлғаның (сыныптасың, досың, ересек адам, көркем әдебиет немесе фильм кейіпкері және т.б.) адамгершілік портретін суреттеп жазыңдар: *жаныңа бір жылылық сәулесін себетін, мерейіңді тасытып, абыройыңды арттыратын, адамдарға нұр сыйлайтын, көңілге қымбат сыр сыйлайтын, ашық-жарқын пейіл, адамдық ықылас, ізгілікті ізет, адамдық қасиет, мейірім шапқан шапағатты*⁴³ бейне, *ізгілік*⁴⁴ пен *парасат*⁴⁵.



Ғасырлар бойына қалыптасып, халықпен бірге жасасып келе жатқан әдеп «Адам» деген ардақты атқа кір келтіргісі келмейтін әр кісіге, ұжымның әрбір мүшесіне ауадай қажет рухани игілік болып табылады. Адамдарды бір-біріне бауыр етіп, араларында ыстық ынтымақтастық орнататын да әдеп қой! Адамның сыртқы бағытымен қатар ішкі дүние-сезіміне де бағдар беріп, оған жөн сілтейтін де осы әдеп емес пе?!



Алғашқы айлар (Повестен үзінді)

Мұқан Иманжанов

Әңгіме 6 «А» класы жайында еді. Өткен жылы «Мәдениет» колхозындағы мектепте ең артта қалып келген бұл класс биыл да шүү дегеннен сүрініп, сыр берді. Жақыпбек өткізген алғашқы сабақтың сәті түспеуі, қайық оқиғасы, Жарқын мен Сапар арасындағы кикілжің, – сайып келгенде осының бәрі бұл класта саналы тәртіп пен достық, ынтымақтың кемдігін байқатты. Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жолға қоюды да алдымен осы кластан бастау қажеттігі анық болды. Бұл класта сабаққа шалағай дайындалу сияқты келісімсіз жайлар да әлден-ақ көрініп қалды. Бұл жайында өзгеден ерекше болып

⁴³ Рақым, мейірім.

⁴⁴ Жақсылық, адалдық, ардақтылық.

⁴⁵ Ақыл-ой, сана-сезім.

Сапар тағы да көзге түсті. Ол класс алдында өз кемшілігін мойындап, бұрынғыдай емес, сырт көзге тәртіпті бола бастаса да, сабақ оқуға келгенде мойны жар бермей, кібіртіктен шыға алмай қойған-ды. Бірақ талапты күшейткен оқытушылар одан күнбе-күн өткен сабақты сұрағыштап, тыныш тапқызбаған. Сабақ оқымай тыныштық жоғын көрген Сапар да бейқам қала алмай, оқуға ынта қойып кірісе бастаған-ды. Әйткенмен, бесінші класты әрең бітірген басы көп нәрселерді зейін қойғанымен ұға алмай, қиыншылыққа тап болған еді.

Сапарға Жарқынның ызасы жаман өтті. Бұл оның тәлкегіне⁴⁶ айналып барады. Қит етсе, жаман оқытынын бетіне басады. Егер бүйте беретін болса, өзінің бүкіл кластың әбден мазағына айналатыны ақиқаттай сезіледі. Жоқ, мұндай күйде қалуға болмайды. Қалайда өзінің қайта «дәуірлеуі» керек. Қайтіп?

Сапарды бұл сұрақ көп ойландырды. Жұдырық көрсетуден, коқан-лоқыдан ештеңе өнбеді. Қайта босқа жаманатты болды.

«Бұл Жарқын осынша неге беделді?»- деп ойлады ол. Онымен қай бала болса да санасады, оның сөзіне ешқайсысы құлақ аспай кетпейді. Ал, бұған?... Бұл күн озған сайын оқшау қалып бара жатқан тәрізденеді. Бұл неліктен? Жарқын жақсы оқиды, бұл жаман оқиды, содан ба? Мүмкін. Олай болса, бұған неге жақсы оқымасқа? Жарқыннан мұның несі кем? Бұл ой оны мүдіртіп тастады, әлдеқандай ыңғайсыздық пайда болды. Бәсе, неге жақсы оқымасқа?..

Не істеу керек сонымен? Құр егестен ештеңе өнбейді. Тым құрыса мұны жақтайтын біреулер болса екен-ау. Неге мұны жақтамайды? Неге мұнда серік аз? Сол серік дегендер көбейер ме еді, шіркін?.. Ол бос қиял ғой. Мына қалпында дәл қазір мұны кім қадірлемек? Соңына «сотқар» деген шала байлап алды. Тәртіп бұзсын, бұзбасын, бұл араласқан жерде бір шатақ шықса-ақ, алдымен сол жазықты. Бүйтіп жүріп кімнің сағын сындырып, кімге қадірлі бола алмақ?..

Сапар кәдімгідей жуасыды. Жолдастарымен араласуға ниет қойды.

... Олардың және мұғалімдердің алдында өнегелі іспен көзге түсуді қиялдады.

Бұл мақсатына жетудің әзірге бір ғана жолы бар сияқтанды. Өзгелер ойламаған бір ғажайып іс істеп, бірден бүкіл класс назарын өзіне аударуы қажет. Қандай керемет көрсетуге болады? Барлық сабақты бес саусақтай біліп алып, барлық класты аузына

⁴⁶ Мазак.

қаратса ғой! Жоқ, бұл бірден бола қоймайды. Оған көп уақыт керек. Ендеше, басқа қандай жол бар?



- Бірлік, сыйластық, түсіністік, ұйымшылдық, ұжымшылдық деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?
- Сапар неліктен сыныптан оқшауланып қалды? Оған кім кінәлі?
- Мақсатына жету үшін Сапарға қандай ақыл-кеңес берер едіңдер?
- Сапар қайткенде өзі ойлағандай «жақсы оқушы» болады деп ойлайсыңдар?
- Сапар айналасын таңғалдыру үшін не істеуі керек?
- Айналаңды таңғалдыру міндетті ме? Ал таңғалдыру қажет болса, немен таңғалдырар едіңдер?



3-тапсырма. Берілген мәтінді оқындар. Ондағы тәлімді ойлардың адамдармен ізгі қарым-қатынас жасауға тигізетін пайдасы туралы баяндап беріңдер.

Фабит Мүсірепов

...«Асылы, адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге еңбек етеді».

«Өзің аспанда – ойың төменде жүргенше, өзің төменде – ойың аспанда жүрсін. Биік деген немене, төмен деген немене – сонда түсінерсің».

4-тапсырма. Авраам Линкольннің «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген ойын басшылыққа алып, өз сыныбындағы қарым-қатынасты жақсартудың жолдарын жаса.



Ұжымдағы жайлы ахуалдың сақталуы әрбір адамның жан дүниесіне, көңіл-күйіне тікелей байланысты. Адамның жан дүниесі дегеніміз – оның ішкі көңіл-күйі, сезімдері, ойлары, арманы, қиялы. Жалпы адамның қолға ұстап, көзбен көруге мүмкін болмайтын күйлері. Бірақ олар сыртқы факторлардың әсерімен әр адамның әртүрлі әрекеттері мен қылықтары арқылы көрініс табады. Сендер мектепте бірлесіп қоғамдық пайдалы іспен шұғылдансаңдар, бір-біріңе көмектессеңдер, ұжымда бірлік, сыйластық болады. Білім алу, өнерге үйрену және өмірді түсіну сияқты ортақ мақсат – сендерді біріктіреді, ұжымда жайлы ахуалдың болуына жағдай туғызады.



Не деген керемет күн!

*Сөзін жазған Мұқағали Мақатаев
Әнін жазған Тұрсынжан Шапай*

Не деген керемет күн!
Жаныңа бәрі даяр не керектің.
Көрінеді гүлдердің бүр жарғаны,
Естіледі ұшқаны көбелектің.
Не деген керемет күн!

Естіледі бал-ара нәр сорғаны,
Бармақтай балапан құс ән салғаны.
Бәрін де кеудесіне қондырып ап,
Дала бір рақатта
Дел-сал жаны.

Таулардың самал ессе балағынан,
Гүлдер тұр үзілердей сабағынан.
Шартарапта шауып жүр нұр мен шуақ,
Шашырап күннің алтын табағынан.

Сусындап көк аспанның шанағынан
Шарықтап шыңырауда ана-қыран.
Ару-жер өз дидарын көріп жатыр
Мөп-мөлдір тұнық көктің жанарынан.

Не деген керемет күн!
Кейпіне елітесің төңіректің.
Қаласа мына жатқан сәби -дүние,
Келеді өміріңді бере кеткің.





АДАМ ЖӘНЕ АДАМЗАТ



...Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп.

Абай

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Ақселеу Сейдімбек

Басы жұмыр пендеге⁴⁷ қарағанда салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың өмірі әлдеқайда ұзақ екенін тарих тағы да дәлелдеді. Бұл да заңдылық. Адам қоғамындағы ілгері дамудың бәрі де өткен өмірдің нәтижесі. Сондықтан тарихқа мойын бұру, ата-бабаның өмір тіршілігін ұмытпау – біздің адамгершілік міндетіміз ғана емес, сонымен бірге ілгері дамудың кепілі де.

Көшпелілер дүниетанымы бойынша табынар тәңірі – көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің ең құдіретті жаратылысы – көктегі күн. Сондықтан да, бертін келгенше қазақ Күнді тәңірінің көзіне балап, киіз үйлерінің есігін күнге қаратып тігіп, шығып келе жатқан күнге ақ шашып тәу⁴⁸ ететін болған. Ең ақырғысы төрткүл⁴⁹ дүниенің тарабын белгілеуде жүзін күнге қаратады да, мандай алдының – шығыс, ту сыртының батыс, оң қол жағы – оңтүстік, сол қол жағы – солтүстік екенін айырады. Яғни, әрісі көшпенділердің, берісі қазақтың кең дүние кеңістікті Тәңірінің көзі – күн жолы арқылы бағдарлап, белгілеуі ертеден орныққан үрдіс.

Көшпелі өмір салты табиғатты жатсынбаған, табиғатты болмыс-тіршілігінің құрамдас бір бөлігі деп қараған. Олар табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған.

⁴⁷ Адамзат, адам баласы.

⁴⁸ Құрмет ету, сыйлау.

⁴⁹ Төрт қабырғасының ұзындығы бірдей төрт бұрышты болып келген.

Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданады. Мәселен, Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы қазақтар күні бүгінге дейін «күн күлімдеді», «жұлдыз жымыңдады», «күннің көзі», «таудың басы», «қамыстың саусағы», «жердің төсі», «судың беті», «жылдың басы», «жылдың аяғы», «шөптің тамыры», «ағаштың өзегі», «долы дауыл», «катал қыс», «ерке самал» т.б. дейді. Немесе аспандағы айдың өзгерістерін қалт жібермей бақылап отыратын көшпелі қазақ «ай туды», «ай өлді» деп отырады. Айдың тууы мен солуының және толысуы мен солып жығылуының арасы әрқайсысы он төрт тәуліктен жиырма сегіз тәулік болады. Яғни, төрт апта. Енді осыған қоса «өлген ай» мен «туған айдың» арасында көзге көрінбейтін екі тәулік бар. Әлгі «ай өлді» немесе «өліара»⁵⁰ дейтіні осы. Міне, бұл сияқты сөз тіркестерінің баршасы көшпелі қазақтың қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын тек қана «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылдайтынын көрсетеді.

Қысқасы, Ұлы Дала көшпелілері мындаған жылдық өмір тәжірибесі арқылы Айдың, Күннің, жұлдыздардың жерге қатысты әсер-құбылыстарын аңғарып, сол әсер-құбылыстарға барша өмір салтын бейімдеп, табиғат құбылыстарымен үйлескен ырғақты өмір салтын орнықтырып, өзіндік дүниетанымдарын қалыптастырған.



- Автор адам мен табиғат біртұтастығын қалай баяндайды?
- Неліктен адамның табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмірі жақсара түседі деп ойлайсыңдар?
- Адам мен табиғаттың үйлесімінің нәтижесі қандай болады?
- Өздерің табиғатпен, қоршаған ортамен қандай байланыстасыңдар?
- Өзіңді әлемнің, табиғаттың бөлшегі ретінде сезінесің бе?

⁵⁰ Ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, мезгіл, уақыт.

Илияс Есенберлин



Қандай адам болмасын, оның өмірі бөтендердің өмірімен байланысты. Дүние солай жаратылған. Күн, Ай, Жер, Су – бәрі-бірімен бірі үзілместей болып шиеленіскен. Күнсіз Жер жоқ, Жерсіз Су жоқ.

Бұл – табиғат гармониясы. Адамды адам етіп жаратқан да сол – махаббат гармониясы. Кісі бірін-бірі жек көруден емес, жақсы көруден көркейеді, өрісі кеңиді. Бұл – адамзаттың бақытының негізі.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, адам мен адамзаттың байланысын, ондағы барлығына ортақ дүниені табындар.

Нұрболат Аманжолов

Аспаннан жарқырап аққан жұлдызды алайық. Ол жол-жөнекей орасан мол жылу, жарық, сәуле таратып, тозаңдарға бөлшектенеді. Бергі ауа қабатында жанып, бітпеген бөлігі балқыма тас күйінде жерге құлайды. Олар бірте-бірте уатылып жер топырағына айналады. Әлемдегі жұлдыздар, күн, ай, тағы басқа да әлемшарлар дүниесі, соның біреуі біздің жер, оны қоршаған қабаттар, мөлдір ауа, қалқыған бұлт, асқар таулар, мұхит теңіздер, олардағы ірілі-ұсақты жан-жануарлар, бәрінен құдіреттісі – бүгінгі жасампаз адам баласы, міне, мұның бәрі табиғат деген бір-ақ атпен аталады немесе халық тілімен айтқанда он сегіз мың әлем делінеді.

2-тапсырма. Өнер туындысына қараңдар. Одан адам мен адамзаттың байланысын тауып, әңгімелеп беріңдер.



Ерболат Төлепбай. Ш. Айтматов. 1982 ж.



Шексіз әлем

Т. Сабырханұлы

Әлем шексіз, ал біз ше – тозаңдаймыз,
Шексіздікке сіңеміз, жоғалмаймыз.
Алтын кілті ақылдың қолымызда,
Үміт, сана, ой, сезім – соған баймыз.

Әлем шексіз – шексіздік өлшенбейді,
Миллион тарау формула ол, теңселмейді.
Құс жолының ілініп кірпігіне,
Жалғыз тірі жасыл шар мөлтендейді.

Мөлтендейді ол көз жасы тіршіліктің,
Шексіздікке талпындық құлшынып мың.
Құлшыныстың аяғы дертке айналды,
Ұлы ана табиғат түршігіп тым.

Әлем шексіз, шет-шегі білінбейді,
Шетін, шегін, қанеки, кім іздейді.
Жер бетінде бұл күні перғауын көп,
Ал бұрынғы перғауын тірілмейді.



- Автор неліктен бізді, адамдарды «тозаңға» теңейді?
- Адамның ойы, ниеті, ісінің шексіздігінің себебі неде?
- Әлемнің тұтастығына, шексіздігіне адамдар тарапынан қиянат жасалып жатыр ма? Оның салдары қандай болуда?
- Әлемнің тұтастығын, бірлігін сақтауда біздің үлесіміз қандай болуы керек?

Бейбіт Сапар Әлі



Баршамызға белгілі, жер-әлемдегі құбылыстар сәт санап, әр уақытта, күнде өзгерісте, жаңғыруда. Бұл заңдылық. Өзгермейтін бір ғана заңдылық – адами қарым-қатынас пен адамгершілік ілімі. Ол қайырымдылық, көмек-жәрдем, адал мен арамды айыра білу, кішіпейілдік, көркем мінез, инабаттылық, кісі ақысын жемеу, өсім алмау, өсек-өтірік айтпау, ғайбат сөйлемей, уәдеде тұру, сараң да, ысырапқор да болмау, ата-анаға кіршіксіз мейірім,

ағайын-туысқа қолғабыс, рухани және ар-ождан тазалығы, көршіңмен татулық, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, Отан алдындағы парыз, қоғамдық міндет-борыш, отбасымыздағы шынайы қарым-қатынас, ер-азаматтардың жоғары жауапкершілігі, қоршаған ортаны аялау, хайуанаттар әлеміне деген аяушылық.



3-тапсырма. Шығармадан берілген үзіндіні оқындар. Ондағы кейіпкердің ойын өз көзқарастарыңмен жалғастырып, себебін табындар.

... «— Ал, өмір деген не? Сен қалай ойлайсың?

— Өмір деген кең, жарық дүниедегі қызық тіршілік емес пе?

— Ал сол тіршілікті, сол тұрмысты жасап жүрген өзіміз ғой. Ендеше өмір деген өзіміз емеспіз бе?

Олай болса өмір сүру неге қиын? Неге өзімізге-өзіміз жамандық жасаймыз? Мен, әрине, тұрмыс жағын, ішіп-жеу, жақсы киінуді айтып отырғамын жоқ. Қазір молишылық қой. Менің бас қатыратыным: неге адамдар бір-біріне зәбір көрсетеді? Неге осы бақытты, қайғысыз өмір сүру деген қиын?» (С. Мұратбеков. «Оттау үй»).

4-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріндер.

Атасы: Балам, біз бұл әлемге бағынып, мойынсынып өмір сүруіміз керек. Біз — табиғат ананың баласымыз. Сондықтан да кітаптарыңда Табиғат-Ана, Жер-Ана, Отан-Ана дейтіні сол.

Немересі: Сонда анамызды тыңдағандай оны да тыңдап, бағынайық па?


Атасы: Дұрыс айтасың, балам, бізді қоршаған Әлеммен, Табиғат-Анамен бірлікте, үйлесімділікте болсақ, татулық орнап, тіршілігіміз сәнді бола түседі.

Немересі: Онда, ата мен өз анамды жақсы көріп қана қоймай, оны аялап, сыйлап, құрметтеймін ғой. Сол сияқты мен Жер-Ананы, қоршаған әлемді де солай етуім керек пе?— деп ойланып қалды.

- Атаның ойымен келісесіңдер ме?
- Өздерің атай айтқаннан басқа Жер-Анаға, әлемге қандай үлес қосу керек деп ойлайсыңдар?

5-тапсырма. Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, ерекше торкөзден адамзатты көркейтуге көмектесетін құндылықтың атауын оқысыңдар. Тапсырманы дәптерде орындандар.

1. Біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рақмет айтуы.
2. Ұрпақтан-ұрпаққа көшетін, тарихи қалыптасқан ғұрыптар, қағидалар, құндылықтар.
3. Ар-намыстың тазалығы.
4. Ынтымақтық, ауызбірлік, татулық.
5. Өзіңмен мақсат-мүддесі, арман-тілегі, талап-талғамы бір адам.
6. Адам бойындағы бауырмалдық қасиетті білдіретін ұғым.
7. Бір нәрсені тез сезіне, байқай қоятын, байқампаз.
8. Үлгілі, көргенді, тәрбиелі.
9. Ынтымақшыл, ауызбірлігі күшті.
10. Шыдам, сабыр, тағат.
11. Тәртіпті, тәрбиелі, өнегелі.
12. Тілегі бір, ниеттес.
13. Сыпайылық, биязылық, әдептілік.



6-тапсырма. «Ұжымдағы достық» жобасының 3-кезеңі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындандар.

- Жоспар бойынша өткізілген қайырымдылық акциясы нәтижелі болды ма? Алдағы уақытта тағы да қандай мәселелерді ескеру керек деп ойлайсыңдар? Әңгімелеп беріңдер.

- Жобаның үшінші кезеңінде естеріңде қандай айрықша әсерлер қалды? Әңгімелеп беріңдер.
- Өткізілген қайырымдылық акциясынан қандай сабақ алдыңдар? Қысқаша жазыңдар.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Қоршаған әлеммен үндестік дегенді қалай түсінесіңдер?

А) Әлемде адамдардың сүйіспеншілікпен, қиянат жасамай бір бүтін болып қосылуға деген тілектестігінен туындаған үйлесім.

Ә) Өзіндік көзқарасы мен сенімі, дүниетанымы.

Б) Ортақ тіл табыса алуы.

2-тест

Отбасындағы бақыт пен тыныштық кімге, неге байланысты?

А) Уақытқа, қаражатқа, жағдайға.

Ә) Отбасы мүшелерінің бір-біріне сүйіспеншілік, жанашырлық, түсіністік пен құрмет танытуына.

Б) Оған менің қатысым жоқ. Менің қолымнан не келеді?

3-тест

Ұжымдағы өзара қарым-қатынастың ізгі, жайлы болуы үшін:

А) Тәртіп, талап, тазалық, тыныштық, татулық.

Ә) Мақсат пен әрекет бірлігі.

Б) Жинақылық, тыңғылықтылық.

4-тест

Өзіңді әлемнің бөлшегі ретінде сезінесің бе?

А) Әрине, бізді қоршап тұрған шексіз кең, әрі мәңгі дүниенің бөлшегімін.

Ә) Әлем менсіз де әдемі әрі шексіз. Ондағы менің орным қайда екені белгісіз.

Б) Жоқ. Мен өзімше әлеммін.



Өз елім

*Сөзін жазған Қадыр Мырза-Әлі
Әнін жазған Нұрғиса Тілендиев*

Келгенде көктемі,
Көңілін гүл басқан.
Шырағы көктегі,
Жұлдызбен сырласқан.
Өз елім менің –
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін.
Төрім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім.

Қайырмасы:

Түлегі сендер,
Тілегі сендер,
Тірегі сендер сол елдің.
Назары сендер,
Базары сендер,
Ажары сендер сол елдің!

Ақ күмбез астығы,
Асқар боп өрілген.
Жалынды жастығы,
Жұлдені бермеген.
Өз елім менің –
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін,
Төрім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім.

IV ТАРАУ
АДАМЗАТТЫҢ
РУХАНИ
ТӘЖІРИБЕСІ





ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ҮНДЕСТІК



**Тіршілікте табиғат пен адамнан ғажап,
олардан құпия не бар?!**

Шоқан Уәлиханов

• *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Бұлақ сылдыры

Аңыз

Қиыршық қызыл құм жолаушының бетіне тиеді.

Керуеншінің шыққанына бірнеше күн болған. Ұзақ жүрістен, ыстықтан, желден шаршаған керуеншінің бірі ояу, бірі түйе үстінде мүлгіп келеді. Қанша күн жүргенін де есептемейді. Бір күні жолай аштықтан, шөлден әбден қалжыраған адам кездеседі. Ес-түссіз жатыр екен. Бірақ керуеннің алды бұл адамға назар аудармай өте береді. Сонда керуеннің соңындағы бір шал түйесінен түсіп, ессіз жатқан адамның қасына барады. Жатқан адам: «Су...» – дейді. Аспан айналып жерге түскендей ыстық, аңызак желмен сапырылған қиыршық құм сексеуіл түбіне ұйлығады. Шал торсығын алып, жатқан адамның беті-қолын жуып, су ішкізеді.

Әлгі адам есін жиған соң, шал оның алақанына қарап: «Сен менің жауым екенсің. Бірақ шөлде бәріміз туыспыз. Мен қартайдым. Сен жассың, су іш те, өмір сүр», – дейді де, түйесіне мінгізіп, керуеннің соңынан жіберіпті. «Өзіңіз қайтесіз?» – десе, «Менің демім санаулы», – дейді шал. Жолаушы керуенді қуып жетуге ентелейді. Ұясына батып бара жатқан күн де адамның жақсылығы зая кетпесе екен дегендей, ұзақ аялдайды. Бұл кезде жолаушы керуенді қуып жетеді. Шал ақ матаға оранып, құмға жата кетеді. Күндер, айлар өтіп, керуен кері қайтады. Жолаушыларға шексіз құмның арасынан шалқыған су көрінеді. Таяп келсе, көл жиегі көкорай шалғын, қамыс екен. Керуеншілер

шал оранған ақ жамылғыны ғана байқайды. Бұлақтың нәзік сылдыры жүректі сипағандай сезіледі. Бұлақ адамға адамның жақсылық жасаған жерінен пайда болыпты. Нәзік сылдыры жақсылықтың өшпес үні тәрізді.



- Шөл даладағы қарияның әрекетінен қандай дұрыс әрекеттерді байқадыңдар?
- Қарт адамның шөл далада өзін ойламай, басқаларға көмек көрсетуі оның қандай азаматтық қасиетін көрсетеді?
- Адамның ізгі іс-әрекетіне табиғат қандай үндестік танытты?
- Неліктен атай қайтыс болған жерден су шықты деп ойлайсыңдар?
- Өмірде ешбір жақсы істің зая кетпейтінін қалай түсіндірер едіңдер?
- Өздерің жасаған жақсы істеріңнен басқалардың қуанған кездері естеріңде ме?

Бауыржан Момышұлы



... Ертедегі ата-бабаларымыз табиғатты өзінің асыраушысы, өмірінің мәні мен сәні ретінде қасиеттеп, кие тұтқан.

Олар Табиғат-ананың тылсым тынысын тыңдап, үнін естіп, қат-қабат құпия сырларын ұғуға құлшыныпты. Әлемдегі ең ұлы кітап – Жаратылыстың өзінен оқып, тағылым алып, тәжірибе жинапты. Еш нәрсенің себепсіз жаратылмағанын, белгілі бір мақсат-міндетті атқару үшін келгенін түсінген. Көргенін, түйгенін жүрек көзінен өткізіп, ақыл-тезіне салып, ой қорытқан, байламдар мен болжамдар жасаған. Сол күнделікті түйсінген ұғым-түсініктері негізінде әлем тіршілігі жайлы, болмыс туралы дүниетанымы қалыптасқан. Салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-тыйымдары, үрдістері пайда болған.

Түп бабаларымыздың бізден артықшылығы – олардың табиғаттан бөлінбегендігінде. Адам мен Жаратылыс арасындағы көзге көрінетін-көрінбейтін тығыз байланысты бұзбаған.

Табиғатқа зорлық жасап, «бермесін тартып аламыз» деп қатыгездік көрсетпеген. Табиғаттың тепе-теңдік заңдылықтарын сақтауды бізден артық білгеніне күмәнім жоқ деп айта аламын.



1-тапсырма. Өнер туындысына қараңдар. Ондағы адам мен табиғат үндестігін тауып, салыстырып, әңгімелеп беріндер.



Әбілхан Қастеев. Жайлаудағы кілемшілер. 1950 ж.

2-тапсырма. Төменде берілген ойды оқып, «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

Адамның түпкі мақсаты – табиғатпен келісімде өмір сүру, ол – ізгілікпен келісімде өмір сүру деген сөз: табиғаттың өзі бізді ізгілікпен келісімде өмір сүруге үндейді.

Зенон Элейский



Даналық

Байыт Қабанұлы

Бірде: «Қыстауыма қой жайдың» – деп, қойымды қуған жерлес ағаммен төбелесіп қалдым. Жас едім, жасын едім... Ол кісі менен үлкен еді. Сонымен иен далада кездескен екі жігіт алған бетімізден қайтпадық. Үлкен едім деп ол ағалық көрсетпеді, кіші едім ғой деп мен інілік ізет етпедім. Ауыздықпен алысқан арғымақтар үстінен сілтескен дырау қамшы оған да тиді, маған да тиді. Біз білмейтін бұрынғы заманнан бері ауыл аралас, қой қоралас болып келген екі ауылдың екі жігіті осылайша болымсыз істен екі жаққа қарадық...



Қырсықтығыма басып оның қыстауынан мен малымды әкетпедім. Күндіз кешке дейін қой жайып, кешке қосыма келіп түсе бергенім сол еді, әлгі ағамның қарт әкесі келе жатқанын көрдім. Баласын ертіп алыпты. Таңертең ашу үстінде болып өткен жағдай көз алдымнан қайта бір өтті. Жасы жетпістен де ары кеткен, аппақ сақалы кеудесін жапқан қарт атаның сұсынан қатты қорықтым. Әке көрген ұлмын ғой, жүгіріп барып аттан түсіріп қолтығынан алып, қосқа кіргіздім. Бетіне тіке қарай алмай жер шұқып отырған мені байқаған қария отырған орнынан ұмтылып келіп маңдайымнан иіскеді. Қара қосқа ала келген дәмі де бар екен. Еті, қымызы бар дастарқанын жайып алдыма қойдырды баласына. Сосын екеумізді қатар отырғызып: «Ертеде екі жігіт жерге таласып, жөнге келісе алмай биден асып төреге дейін барыпты.

Төре: – Неге жанжалдасып жүрсіңдер? – десе, жігіттер жарыса сөйлеп: – Ол менің жерім... Ол менің жерім... – деген жауапты қатар айтады. Осы жауапты естіген төре: – Жарайды, оның айғағы сол жердің өзі ғой, мен барып сол жерден кімнің жері екенін сұрап келейін – дейді де, далаға шығып кетіп аз айналып оралған ол:

– Мен сұрадым, жігіттер, – дейді. Оны естіген жігіттер тағы да жарыса сөйлеп: – Айтыңыз төре, ол жер кімнің мүлкімін дейді – десе, төре: – Жер: «Мен ол екеуінің мүлкі емеспін, ол екеуі менің мүлкім. Себебі: ол екеуі тумай тұрғанда мен бар болатынмын, ол екеуі жоғалғанда да мен бар боламын» дейді, – деген екен.

Сол төре шын айтқан. Осы өлкеде көп жыл өмір сүрдім. Мен жас едім, талай-талай аузы дуалы, ат-атақ, бет, беделінен ат үркетін абыз қариялар болды. Бүгін солардың бәрі жоқ. Білесіңдер ме, қайда солар? Мына жердің астында. Ертең мен де жоғалам, мен де кірем осы жердің астына. Уақыты болғанда сендер де кіресіңдер осы жердің астына. Адамдардың бәрі кетеді, жер қалады - деді, екеумізге тесіле қарап. Біз ештеме демедік.

Содан араға жылдар салып сол атамыз кетті мәңгіліктің мекеніне. Анау ағам да кетті Қазақстанға көшіп. Мен де кеттім монғолдардың арасына. Соңынан, тура жиырма бес жылдан кейін мен демалыспен ата-анама барып, әлгі ағам Қазақстаннан туған жеріне келіп, екеуміз кездестік. Көрген жерден тұра жүгірген ағам мені құшағына алып ұзақ жылады. Мен де жыладым.


Ағамның айтқаны: «Бауырым, әкемнен айырылдым, шешемнен айырылдым. Одан кейін сүрінгенде сүйеу болған сүйген жарымнан да айырылдым. Енді екі, үш баламның қасында сопайып жалғыз қалдым.... Есінде ме, баяғыдағы төбелескеніміз, тағы да әкемнің айтқан аңызы. Не деген шындық еді. Бүгін ойлайықшы. Сол жерге тұтқа болардай болып бір-бірімізге қамшы сілтескен екеуміз едік. Енді мен қайда жүрмін, сен қайда жүрсің. Текті жердің ұлдары едік ғой, сондай ақымақ іске қайтіп бардық ұялмай. Білемін, сен ол істі кек алған жоқсың көңіліңе. Одан кейін де жұбыңды жазбай ағалап артымнан ергенсің. Бірақ Құдай алдында қарызым өтелсін, кешірілсін ағанды», – деп маңдайымнан иіскегенде бетіме көзінің ыстық жасы тамып, тамып кетті.

Иен далада екеуміз ғана кезігіп, қамшы сілтескеніміз секілді иен далада екеуміз ғана үнсіз отырып ұзақ жыластық.

Шын мәнінде бірін-бірі болымсыз іске бола қамшымен салып кету деген ауыл жігіттерінің арасында болып тұратын іс қой. Бірақ ертеңінде-ақ ұмытып кететінбіз. Мен де сөйттім. Бірақ сол ағам неге көп жыл бойы ұмыта алмады екен?

Ежелгі қазақ сөзінде: «Аға – бауыр, іні – тас» – деген сөз бар еді. Сол бауырдай жұмсақтығы әлсін-әлсін арын оятып, өзін-өзі кінәлі санады ма екен? Әлде мен білмейтін «Даналық» деген осы ма?

Шіркін-ай, біз қашан дана болады екенбіз?



- Ауыл жігіттерінің бір-бірімен келіспей қалуының себебі неде?
- Жас жігіттің бірінші жігіттің әкесін қарсы алуынан қандай тәлім алуға болады? Ол жігіттің іс-әрекетінен қандай дұрыс әрекеттерді байқадыңдар?
- Таласып келгендердің төренің шешімімен келісуінің себебі неде?
- Өзің ол аңыздан қандай тәлім алдың? Ой түйдің?
- Жасы үлкен жігіттің бойынан қандай құндылықтар мен қасиеттерді байқадыңдар?
- Жасы үлкен жігіттің әрекеттерін даналық деуге бола ма? Неліктен?
- Мәтіндегі «Біз қашан дана болады екенбіз?..» деген сұрақты өзіңе қойып көрдің бе?
- Өмірде дана болу үшін не істеу керек деп ойлайсың?



3-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқып, ондағы табиғатпен үндестіктерді тауып, айтып беріңдер.

• Дала көшпенділерінің поэзия мен шынайы сезімге бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі – жасыл майса, ашық мөлдір аспан, көші-қоны көп тұрмыс әсер етпесіне кім кепіл?

Шоқан Уәлиханов

• Дүниенің көрінген ғам көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды.

Абай Құнанбаев

• Адам рухани дүниесін сыртқы табиғат құбылысын тану арқылы қалыптастырды да өзін жалпы жаратылыстың бір нұшпағы ретінде сезіне білді.

Шыңғыс Айтматов

4-тапсырма. Цицеронның «Табиғаттан үйлесімді ештеңе жоқ, табиғаттан ретті ештеңе жоқ» деген ойын басшылыққа алып эссе жазыңдар.

Джозеф Джон Томсон



...Табиғат бізбен үш тілде сөйлеседі: ол бізді қолымыздан алып: «Күрес, ұмтыл!» дейді. Ол бізге өз жүрегінің дүрсілі естілетіндей жақындап келіп: «Таңырқа, қастерле!» дейді. Ол бізге сыбырлап қана: «Ізде, зертте!» дейді және біз мұны түсінеміз. Табиғаттың осы үш

дауысы біздің тірлігіміздің үш бірлігіне – денемізге, жүрегіміз бен ақылымызға арналған.



Туған ел

*Сөзін жазған Мәдеш Ниязбеков
Әнін жазған Өмірбек Байділдаев*

Туған жер қандай көркем мөлдіреген,
Желегі желмен ойнап желбіреген.
Аралап күндіз-түні жүрсем-дағы,
Тыншымай ет-жүрегім елжіреген.

Ыстық-ақ бүлдіргенді өзендерің,
Саянда сайрап өскен өрендерің.
Мен едім соның бірі – қарыздарымын,
Әлі де аз сіңірген өз еңбегін.

Қашанда қарыздармын, елім, саған,
Анамсың алыс жүрсем көп аңсаған.
Жүректің арнап ыстық махаббатын,
Туған ел, берерім көп менің саған.





АДАМНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ



**Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.**

Абай

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Адам өмірінің үш бастауы

(Үзінді)

Досым Омаров

... Адам тағдыры оның бұл дүниеге келгендегі үш жағдаймен тығыз байланысты. Мұны адам өмірінің үш бастауы деуге болады. Яғни, адамның болашақта көретін қуаныш-қайғысы, жасайтын жақсы-жаман қылықтары мен істері, ой-өрісінің қалыптасуы, тіпті бүкіл өмірінің бақыты осы үш бастаудың сапасына, іске асу деңгейіне және олардың үйлесімділігіне байланысты. Халық дәстүрінде бұл бастаулар жақсы ескеріліп, олардың үйлесімділігі келешек ұрпақ тағдыры үшін қатаң қадағаланып отырған. Бұл бастаулардың біріншісі – ата-анасының қасиеттері, яғни гені; екіншісі – өскен ортасы, яғни алған тәрбиесі; үшіншісі – адамның жан дүниесінің ерекшеліктері.

Адам болмысының дұрыс қалыптасуына керекті бұл үш бастау кімнің болса да келешек тағдырын құрап, оның келешектегі көретін қайғы-қасіретіне, барлық ләззат-қуанышына себепкер болады. Адам тағдырын құрайтын бұл негізгі үш шарт бір-бірінен бөлек, бір-бірімен байланыспайды, өзара тәуелсіз, сондықтан біреуінің әлсіздігін екіншісі толықтыра алмайды. Бұл табиғи заңдылық және барлық жан иелеріне ортақ.

Қазіргі дәуірдегі қазақтың алғашқы философы Шәкәрім Құдайбердіұлының балалық шағына көз жүгіртсек, келешекте жақсы азамат болып, өз халқының мақтанышы, адамзаттың

ұлы адамдарының бірі болуына оның өмірінің үш бастауының жақсы үйлескені үлкен әсер етті деуге болады. Бұған көзімізді жеткізу үшін ақынның өмірбаянына қысқаша шолу жасап, оның өмірінің осы үш бастауына жеке-жеке тоқталайық.

Шәкәрім өмірінің үш бастауының бірі – оның ата-тегі. Әкесі Құдайберді өте ақылды, мейірімді адам болған. Шәкәрімнің шешесі Төлебике өлең де шығаратын болған, араб тілін жақсы білген. Төлебике өте мейірімді, нашарға жаны ашып тұратын. Кедейлердің нашар, жетім-жесірлеріне қатты қарайласқан.

Екінші бастауы – оның өскен ортасы. Шәкәрім жеті жасқа келгенде оның әкесі қайтыс болғаннан кейін, оған дұрыс тәрбие беретін адам керек еді. Бұл міндетті халқымыздың рухани болмысының жұлдызы тәрізді болған Шәкәрімнің әкесінің інісі, Ұлы Абай қолына алады. Абайдың көмегімен Шәкәрімнің ата-тегінен берілген текті қасиеттері, табиғатынан берілген жан талабы дұрыс жетіліп, жақсы күтім көрген жеміс ағашындай көктеп жетіліп, жемісін берді. Соның арқасында бүгінгі күндері Шәкәрімнің жүрегінен жарып шыққан, от жалынды жырларын оқып, рухани нұрдың ләззатын алуға мүмкіндігіміз бар. Абай тәрбиесі арқасында Шәкәрімнің өзіне берілген миссияны толық орындауына мүмкіндік туды.


Үшінші бастауы – оның жан дүниесінің ерекшеліктері. Шәкәрімнің өзін бала жастан жан құмары билеген. Баланың жоғары рухани жанды болуы ата-анасының қасиеттері ғана емес, олардың келешек ұрпақ негізін салу кезіндегі ниеттерінің тазалығы, жоғары мақсаттары, ой дұрыстығына байланысты. Жан мәңгілікті, ләззатты және білімге толы болғандықтан, ол осы қасиеттерін өзі сезінуге құмар болады. Бірақ ол тәнге байланып қапталып тұр. Материалдық тәннің қасиеттері жан қасиеттерінен мүлде бөлек, тіпті оған қарама-қайшы, олар – уақытша, ауру, қасіретке толы және надан болғандықтан, тән жанға өзінің рухани қасиеттерін сезінуге бөгет болып, өзін тұмшалап жауып, тіпті ұйықтатып тастайды. Сондықтан адам бақытты болуы үшін, ең әуелі рухани надандықтан арылып, жан ұйқысынан оянуы керек.

Жан құмары мен тән құмары, екеуінен екі түрлі қасиет шығады. Тән құмарынан надандық, өркөкіректік, мансапқорлық, ашу-ыза, дөрекілік, өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік,

бекер мал шашпақ (өз тапқанын дұрыс пайдалана білмеу) тәрізді адамды тіршілік тұңғыығына батырып, өмірін қорлықпен өткізуге мәжбүр ететін қасиеттер шығады.

Ал жан құмарынан адалдық, әділдік, рухани білімге құштарлық, талаптылық, өжеттік, қайраттылық, мейірімділік, сабырлылық, жомарттық, биік мақсатқа ұмтылушылық, басқаларды жақсы көрушілік, кешірімділік, тазалық, қанағат, алға ұмтылушылық, көрегендік тәрізді жылма-жыл адамды алға сүйреп, көкірегін ашуға мүмкіндік беретін қасиеттер туады. Бұлар жоғары жетілген, жүрегі таза адамдардың қасиеті болып табылады. Сондықтан Шәкәрім сөзімен айтқанда, ондай адамдар адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, олар адам баласын ала көруді, қиянат қылуды ұнатпайды. Шәкәрім, міне адамның осы қасиеттеріне үлкен көңіл бөліп, оларды өз бойына сіңіріп отырған.

Сонымен, қорыта айтқанда, Шәкәрімнің жас шағынан бастап, қарапайым адам емес, ерекше жан иесі болғанына, өзінің оқып-білгендерін өмірден, табиғат көріністерінен таба біліп, әрі қарай тереңінен түсініп, болмыстың терең сырларын ашқан ғұламалыққа жетуіне оның туған ата-тегінің қасиеттері, Абай рухымен нұрланған өскен ортасының әсері және өзінің жандүниесінің ерекшеліктері мүмкіндік берді деп айта аламыз.



- *Мәтінде адам өмірі қандай жағдайлармен тығыз байланыстырылады?*
- *Адам өмірінің бақыты үш бастаудың сапаларының үйлесімділігіне байланысты болуы мүмкін бе? Неліктен?*
- *Аталған бастаулар келешек ұрпақ тағдыры үшін неліктен маңызды болған?*
- *Адамның рухани баюына қандай қасиеттер себеп болады?*
- *Өздерің Шәкәрім бойындағы қандай қасиеттерді үлгі тұтасыңдар? Неліктен?*



1-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Айқап» журналында жарияланған «Білімділерге бес сауал» деген еңбегіндегі сауалдарға өз ойларыңды тұжырымдап жазып беріңдер.

- *Ар-ұждан дегеніміз не?*
- *Адам өмірінің мәні неде?*
- *Ең жақсы адам кім?*

- *Адамның адамгершілігі уақыт ағымына қарай өзгере ме?*
- *Адамның адами қасиеті жаңара ма әлде туа біте ме?*

2-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқып, автордың ішкі жан-дүниесін сипаттап айтып беріңдер.

Шәкерім жеті жасында өлең шығарып жаза бастаған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай қыстаудың қасындағы төбеде жалғыз отырып, тасқа өрмелеп бара жатқан жұлдыз құртты езіп өлтіріп алады. Сол кезде оған жаны ашып, жетімдігі есіне түсіп, «құрт» болып өлең шығарады. Жазған өлеңінен ақындық көрген Абай оған өлеңді қалай жазу керек, қандай өлең жазу керектігін айтып көп ақыл-кеңес берген.

*Өлтірдің, онан таптың қандай пайда?
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!
Менің де жетім қалды балаларым,
Олар да жылайды аңсап аналарын.
Өзің жетім, жетімді аясаңшы,
Жоқ екен басыңда ми-саналарың.*

Әмірхан Меңдеке



... Әуелі – адам, содан кейін – қоғам. Әуелі – ізгілік, содан кейін – үйлесімділік. Әуелі – руханият, содан кейін – өркениет. Бастапқылары түзелмей, кейінгілері еш уақытта түзелмейді.



Менің әкем, халық ұлы – Шәкерім *(Үзінді)*

Ахат Шәкерімұлы

...Құдайбердінің балаларының ішіндегі жастайынан басқа балаларынан гөрі қылығы өзгеше, зейінді, сезімді, сергек, зерегі Шәкерім болды... Шәкерім оқуға өте зерек болып, хатты тез танып шығады. Осы қабілетін байқаған әке-шешесі Шәкерімге баса көңіл бөліп, әсіресе, шешесі араб, түрік тілдерін қосымша үйретіп отыратын болған... Әкей бес тілді жетік білген. Ол араб,

парсы, шағатай, түрік, орыс тілдері еді. Сол тілдерді жақсы білу арқасында, жер көлеміндегі елдердің тілдерінде жазылған шығармалармен оңай танысқан...

Шәкерім жалғыз ойнағанда әкесінің қағаздан қиып жасаған неше түрлі суреттері – арқар, қасқыр, түлкі, құс, құсбегі, қаз, үйрек, қаршыға бейнелерін ермек қылып отыратын. Шешесінің қасында ойған оюына, тіккен кестесіне қарап отырып, өзі де ою ойып, сурет салатын болған. Онымен қабат пышақ соғуға, қарала жүргізуге талаптанады. Демек өзі айтқандай: «Бала кезімде қолым тыныш отырмайтын, не темірді егеп, не ою ойып, не ағаш жонып, бірдеме жасап отыратынмын», – дегеніндей, қол өнерге бейімделе бастайды. Сөйтіп жүріп, қол өнерге де шебер болып шығады.

...Шәкерім бір әңгімесінде «Әкем өлгеннен кейін, қыс кезінде шошалаға барып, қый шоғына қыздырып кездік⁵¹ соғып, әбден жұқартып егеп, қайта қыздырып, суарған кезде, кездігімнің жүзі жарылып кетті. Сүйтіп, бірнеше кездік соқсам да, қыздырып суарғанда бәрінің жүзі жарылып, іске асыра алмай әуре болып жатқанымда, Абай ағам шошалаға кіріп, кездік соғып жатқанымды көрді. Мен сәлем бердім. Абай аға сәлемімді алып, «Кездік соғып жатырсың ба, Шәкерім?» – деді. Мен: «Соғайын деп едім, бірақ суарғанда бәрінің жүзі жарылып кетеді», – деп, соққан, жүзі жарылған кездіктерді көрсеттім. Абай соққан кездіктеріме қарап, «Өзің ұстасың ғой. Кездіктеріңнің мүсіні жақсы келген, бірақ суарғанда жүзін жарып алыпсың. Жеңешемнен неге сұрамадың, қалай суаруды?» – деп тұрғанда шешем келіп Абайға амандасты.

... Шәкерімнің шешесі қолөнерге өте шебер, кесте тігетін, ою оятын, киім пішетін, пышақ соғатын, істі адам болған. Абай амандасып болған соң, «Жеңеше, Шәкерімнің ұста болмақ ойы бар екен, бірақ суарудың рет-жөнін білмейтін көрінеді. Суаруды неге үйретпейсіз?» – деді. Шешем кездіктерімді көріп: «Кездіктеріңнің жүздері жарылып кетуі біріншіден, өте қыздырып алып суарғансың, екіншіден, жұқа жүз жағынан суарғансың, сондықтан жарылған», – деді. «Пышақтың қалың

⁵¹ Кішірек пышақ.

сыртынан суарған жөн деп, көрсетіп, сыртынан суартып еді, кездіктің жүзі жарылмай шықты. Сөйтіп, пышақ соғуды да үйрендім», - дейтін.

... Абай бізді жақсы көретін, келгенде қасына жатамыз деп таласатынбыз. Абай: «Бұл кіші ғой», – деп мені қойнына алып жататын. Басқа балалар да Абайдың айналасына жайғасатын. Бізге әңгіме айтып беріп, оқыған оқуымды, жаттаған қиссаларымды айтқызатын еді», – дейді Шәкерім.



- *Ұлының әкесі жайлы естелігінен Шәкерімнің қандай жақсы, жаңа қырларын таныдыңдар?*
- *Ойшыл-ақын Шәкерімге қолөнердің қандай пайдасы немесе қажеті болды деп ойлайсыңдар?*
- *Шәкерімнің қарапайым кездік соғудың өзінде де сонша ыждағаттық пен ұқыптылық танытуынан нені аңғаруға болады?*
- *Мәтіннен Абай мен Шәкерімнің қандай рухани жақындығын байқадыңдар?*
- *Өздеріңнің Абай сияқты қандай рухани жақын адамдарың бар? Олардан не үйренесіңдер?*



3-тапсырма. Ш.Құдайбердіұлының «Қайырымдылық» әңгімесін рөлдерге бөліп, сахналап көрсетіңдер. Мәтінді өз ойларыңмен аяқтаңдар.

Атымтай жомарт бір күні көп мал сойып, қаладағы кәріптерге тамақ, киім берген соң: «Қала кедейін тойғызсам да, дала кедейі де бар шығар» – деп, даладан іздеп келе жатса, үстінде қырық жамау шекпені бар, бір адам отын алып жүр екен.

– Бүгін Атымтай кәріптерге киім, тамақ беріп жатыр, соған баруыңызға болмас па екен?

– Сен Атымтайдың жіберген адамы болсаң, оған сәлем айт! Адал еңбекпен, қатын-баласын асырап, артылған еңбегімен өзінен төмен кем-кетікке жәрдем қылуға әлі жетіп, соған әбден құмарланып кеткен адамға

Атымтайдың керегі жоқ. Мен бүгін қатын-баламды тойғызарлық отын жинап алдым. Енді анау ақсақ үшін отын алып жүрмін. Дені сау адамды Атымтай асырап, тіленшілікке⁵² салып жібермесін. Кем-кетікке қарассын!

⁵² Сұраншақтық.

Атымтай малмен ырзалық қылады, мен еңбек, теріммен мырзалық қыламын, қайсымыз мырза екенімізді Атымтай өзі сынасын! – депті.

4-тапсырма. «Шәкәрімнің рухани бейнесі» немесе «Менің рухани бейнем» тақырыбына шағын жазбаша ой қорытынды жасаңдар.



Әдемі

Сөзін жазған Ақылбек Шаяхметов

Әнін жазған Ержан Серікбаев

Күн сәулесі төгілгені әдемі,
Кемпірқосақ керілгені әдемі.
Көк шалғында асыр салып жүргенде
Көк көбелек көрінеді әдемі.

Жас шыбықтың бүр ашқаны әдемі,
Алма ағаштың гүл ашқаны әдемі.
Қариялар жол үстінде кездесіп
Амандықты сұрасқаны әдемі.

Бұлбұл құстың сайрағаны әдемі,
Қозы-лақтың ойнағаны әдемі.
Ақ боз атын ерттеп мініп атамның
Қойды өріске айдағаны әдемі.

Ақ ботаның үлкен көзі әдемі,
Әжеміздің күлген көзі әдемі.
Бәрінен де жасқа толған бөпемнің
Тәй-тәй басып жүрген кезі әдемі.



29-30



АДАМ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

... Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

Абай

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Бірден-бір сұлулық

Аңыз

Бір бала ұйқы алдында қиялға шомыпты. «Мен жақында ержетемін, сонда мен адамдарға не істей аламын? – деп ойланыпты.

– Жер бетіндегі барлық адамдарға ешкімде болмаған, болмайтын да ең керемет сыйлық сыйлайын» – деп армандапты.

Сөйтіп, адамдарға қандай Сұлулық сыйласам деп, таңдай бастайды. «Таңғажайып Сарай салайын». Бірақ, бұл ойынан тез айнып, керемет сарайлар өте көп қой деп ойлайды. Тағы ойланып: «Ең ғажайып ән шығарайын!» – дейді. Бірақ кібіртіктеп, әндер өте көп қой деп ойлайды. «Онда ең керемет Мүсін жасасам дұрыс болады!» – деп ойлайды. Бірақ бұл ойдан тез арылып, ондай керемет мүсіндер көп қой. Оның көңілі түсіп, осы оймен ұйықтап қалып, түс көреді. Түсінде бір Данышпан келіп:

– Сен адамдарға ешкімде жоқ бір керемет сыйлағың келе ме? – деп сұрайды.

– Иә! – деп жауап береді.

– Онда неге аялдап тұрсың, тез сыйламайсың ба?

– Бірақ нені? Барлығы бәрі жасалып қойған ғой!

Сөйтіп, бәрін тізіп, айта бастайды: «Сарай тұрғызайын десем, алайда барлығы салынып қойған...». Бірақ данышпан оның сөзін

бөліп: «Сен ғана сала алатын жалғыз сарай жетіспей тұр» – дейді. Бала әрі қарай жалғастырып: «Ән шығарайын деп едім, олар да өте көп. Данышпан тағы сөзін бөліп: «Адамдарға сенің жалғыз әнің ғана жетіспейді және оны сен ғана шығара аласың және оны сол сарайда шырқай аласың...». «Ең ғажап мүсін жасасам деп едім, бірақ жасалмаған бір нәрсе қалды ма екен?» «Иә, тек жалғыз бір ғана мүсін жасалмаған, ол адамдарға өте керек, және оны сен ғана жасай аласың, онымен өзіңнің сарайыңды безендіре аласың». Бала таң қалып: «Бәрі де, барлығы да жасалып қойылған ғой!» – дейді.

– «Иә, бірақ барлық әлемнің сұлулығына тек бір ғана керемет жетіспейді, оны тек сен ғана жасай аласың» – депті Данышпан.

– «Менің маңдайыма тап болған ол нендей сұлулық болды екен?». Сонда Данышпан сиқырлы үнімен ақырын ғана: Сарай – ол сен, өзіңді тамаша ізгі мейірбан ет! Ән – сенің жан дүниең, оны сұлуландыр! Мүсін – ол сенің ерік-жігерің, өз ерік-жігеріңді шынықтыр! Сонда ғана жер мен барлық ғаламат ешкім тани алмаған Сұлулықты ала алады.

Бала ұйқыдан оянып, күнге қарап күлімдеп, өзіне өзі сыбырлап: «Мен енді адамдарға қандай Сұлулықты сыйлай алатынымды білемін!» – депті.





- *Баланың ешкімге, ешнәрсеге ұқсамайтын сыйлық жасағасы келуінің себебі неде?*
- *Данышпанның балаға берген ақылынан қандай жасампаздықты көріп тұрсыңдар?*
- *Егер бала данышпанның ақылын тыңдап, соны орындаса, жасампаз бола ала ма? Неліктен?*
- *Адамның жасампаздығы ізгілікке бағытталғанда әлем қандай болады деп ойлайсыңдар?*
- *Өзің әлемді өзгерту үшін қандай жасампаздықтар жасайтын едің?*



1-тапсырма. Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырыңдар. Әрбір сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын беріңдер.

Ұғым	Анықтамалары
1. Жасампаз 2. Жасампаздық	а) Еңбекте жаңалық атаулыны қалыптастырушылық. ә) Шығармашылық жолмен белгілі бір нәрсені жасаушы.

2-тапсырма. «Бірден-бір сұлулық» аңызындағы оқиғаны басшылыққа алып, өздеріңнің ізгілікке бағытталған «Сарайларың, әндерің, мүсіндеріңді» жасап, шағын ойтолғау жазыңдар.

3-тапсырма. Өнер туындысын қарап, жан мен тән сұлулығының үйлесімі туралы әңгімелеп беріңдер.



Ағымсалы Дүзелханов. Адыраспан. 1998 ж.

Илияс Есенберлин



... «Мен адамдарды құрмет тұтам. Бірақ олардың Американы, немесе бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқандықтан немесе ғарышқа ұшуымен емес, тек таза көңілмен сүйе білу және жақсылық жасап, әділ бола білу, біреудің қайғысын бөлісе білуіне қарап. Өйткені адамды адам ететін және мәңгілік ететін – махаббат, әйтпесе бәрі де апат болар еді... Тіпті, егер де ең ұлы ашылымдар болмаса да – бәрібір адамзат өмір сүрген болар еді, ал егер сүйіспеншілік жоқ болса – ол тез арада жойылар еді».



Брюссель трамвайында

Джон Максвелл Кутзее

Бір кездері кеште Брюссель трамвайында мен қалай жұмыс істеу керектігі жөнінде өте бір тамаша, ұмытылмастай сабақ алдым.

Қаланың шетіне бару үшін трамвайға отырдым. Мен небәрі 15-20 минут жүрдім, осы аз уақыт ішінде, трамвай кондукторының өз жұмысына деген құлшынысы маған баға жетпес сабақ берді. Бұл көп жыл бұрын болған еді, бір-ақ содан бері мен мұндай нәрсе көрген емеспін.

Кондуктордың сыртынан бақылау маған мынадай әсер қалдырды: трамвай – оның жеке меншігі сияқты, ал кірген адамдар оның қонағы және осы трамвай ішіндегі барлық адамдар үшін ол өзіне үлкен жауапкершілік алғандай. Ал өзі мұны мүлдем байқамайды. Өйткені ол жұмысына бар күшін салған: кондуктордың міндеті – билет сату, ақша қайыру. Бұған қоса, сол кездері Брюссель трамвай кондукторлары жүргізушіге жағымсыз




дауысты мыс мүйізден жүру керектігі туралы белгі беріп тұруы керек еді.

Бірақ бұл адамнан мүйізін үргілеп, мыстарын санау ғана талап етілсе де, ол вагоннан түсіп-шығуға балаларға, қарттарға көмектесті, қол жүктерін әперді, шешесі сәкіден түскенше баласын көтеріп тұрды, өзінің қонақ бөлмесінде жүрген қожайынға ұксап вагон ішін бойлап жүрді, шаршағандарды жайлы жерге отырғызды, басқа жолаушының әйел адамға орын беруін өтініп, қойылған сұрақтарға сыпайы жауап берді, адамдардың сұрауы бойынша аялдамаларды хабарлады. Жан-жағына күлімсіреп қарайды және оның көзқарасы мынаны айтатын: «Сендердің осы жерде болғандарың қандай жақсы. Сендерге қандай қызмет жасасам екен?» Бұл өте бір керемет таңқаларлық жағдай.

Маған мынандай бір еріксіз ой келді: егер де барлық адамдар ешкімге ренжімей, немқұрайлы қарамай, риясыз сүйіспеншілікпен өз жұмыстарын осылай атқарса, әлем қандай болар еді. Мысалы осы кондуктор: мен тек өмір сүру үшін ақша тауып жүрмін, бұл жерде мен тек билет сатушымын, сендермен жұмысым жоқ деген бағытты ұстанса, бірақ ол немқұрайлылықтан гөрі, барлық жолаушыны өзінің сүйіспеншілігі, сыпайылығы, ұқыптылығымен баурап алды. Менің ойымша, ол бақытты, өйткені бар жан-тәнімен беріліп жұмыс істеу арқылы ләззат алады, оның шаршаған түрінде бақыт оты көрініп тұрды. Ол еңбектің құпиясын ашты, өйткені өте ауыр да іш пыстыратын жұмыс оған ләззат берді, шаршағаны – қанағат, көңілсіздік қызығушылығын арттырды, содан да ол осы еңбектің алтын кілтін тапты. Оның еңбегі босқа кетті, ол өзі бір ақылсыз адамдай, – деп біреулер айта алар ма еді?

Мен оның бір ғана жолаушысы болдым, тірі болып жүрсем бұл адамды ешқашан ұмытпаймын. Қалай ғана бір адам көп нәрсе жасай алады? Бұл жөнінде ойлануға болады, біз барлығымыз осылай еңбектеніп көрсек, бұл әлем қандай болар еді! Беру – яғни кері алу! Неге бұлай? Бұл құпия болып қала береді, неғұрлым көп күш жұмсасаңыз, соғұрлым өз көңіл-күйіңіз үшін көп нәрсе аласыз...



- Мәтінді оқығанда қандай сезімде, ойда болдыңдар?
- Трамвай кондукторының жұмысына осындай қатынасының себебі неде деп ойлайсың?
- Трамвай кондукторының айнала қоршаған ортаға деген қатынасын адам жасампаздығы деуге бола ма?
- Трамвай кондукторын жасампаз етіп тұрған не деп ойлайсыңдар?
- Мәтіндегі автордың «Қалай ғана бір адам көп нәрсе жасай алады» деген ойын қалай түсінесіңдер?



4-тапсырма. «Жалғыз адам не істей алады?» қойылымын толықтырып, сахналап көрсетіңдер.

Бірінші адамның сөзіне қарап, *айнала қоршаған ортадағы жағымсыз құбылыстарды тауып*, осы мәтіннің желісі бойынша өз сөздеріңді дайындап, сахналаңдар.

Мысалы: айналадағылардың барлығы өзімшіл, барлығы жаман сөз айтады, қоқыс тастайды, бүлдіреді және т.б.

1-оқушының сөзі: Әлем сұмдық болып кетті. Адамдар мені түсінбейді. Жалғыз мен ғана жақсымын. Бірақ мен мына пайда ойлаған, қатыгез әлемді қалай өзгерте аламын? Мен жалғыз не істей аламын? Жалпы жалғыз адам не істей алады? Жалғыз адам не істей алады?

Сахналаудың түйіні:

Соңғы екі оқушының сөзі.

1-оқушы:

Тоқтандар! Ойланайықшы бәріміз! Осының барлығына біреу нүкте қою керек емес пе? Егер, әрбір адам өзін өзгерте бастаса қалай болады? Мектепте, үйде, қоғамда, көшеде өзін адал әрі шыншыл ұстайтын болса. Сонда қалай болады?

2-оқушы:

Онда ... Онда, мүмкін, әлем өзгеретін шығар ... Иә, иә, міндетті түрде, өзгереді! Себебі, өтірік айтатын, ұрлық жасайтын, айналаны қоқыспен ластайтын, балағаттайтын, төбелесетін, жанжалдасатын ешкім болмайды. Адамдар бір-бірімен тату-тәтті, бейбіт өмір сүреді. Адамдар! Әлемді өзгертуге жол ашайық, оны әрбір адам өзінен бастасын!

Барлығы бірге қол ұстасып: «Әлем – бұл Мен!» – деп айтады.

5-тапсырма. Өнер туындысын қарап, «Күйші Дина – жасампаз» тақырыбында пікір алмасу жүргізіндер.



Әбілхан Қастеев. Дина Нұрпейісованың портреті. 1938 ж.

6-тапсырма. «Адам жасампаздығы – ізгілігінде» тақырыбын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, эссе жазыңдар.



Отан

*Сөзін жазған Тұманбай Молдағалиев
Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов*

Қайда жүрсем сені
Ұмытпаймын, елім,
Бар бақытым менің
Ұлы Отаным.
Кеудемдегі күнді,
Кеудемдегі гүлді,
Саған ғана берем, Отаным.

Қайырмасы:

Сендік барлық әнім
Аяулы Отаным
Асыл анам,
Асыл анам
Өмірім менің – нұр таңым.

Қызыл туым менің,
Қызық күнім менің.
Асқар тауым елім –
Ана – Отаным.
Көп күндерім жарқын
Жас өмірім алтын
Арналады саған, Отаным.





СҮЙІСПЕНШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ӨМІР



... Махаббатсыз дүние бос.

Абай

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Жас дәурен хикаялары

(Үзінді)

Әзілхан Нұршайықов

Бір жылы қыс қатты болып, мен екі күн кешігіп, үйге әрен жеттім. Қыстың қызыл күні батып бара жатқан болатын. «Түу» деген түкірікті жерге тигізбейтін қызыл шұнақ аяз кешке қарай одан сайын үдей түскен. Шана ауылға кіре бере мен өзіміздің үй жаққа көз жүгірттім. Біздің үйдің төбесінде, барлық ауыл үйлерінікі сияқты, екі мұржа⁵³ болатын. Оның бірі пештікі де, бірі қазандықтікі еді. Сол екі мұржа маған шу дегенде үшеу болып көрінді. Шеткі екеуінен будақтаған түтін биікке көтеріледі. Апамның мен тоңып келер деп, күні бойы қазандыққа да, пешке де от жағып жатқанын ұқтым. Үшінші мұржа дегенімнің күні бойы мені қарауылдап жүрген апам екенін үйге жақындағанда бір-ақ білдім. Сөйтсем апам байғұс екі күн бойына күні-түні ұйқы-күлкі көрмей, осылай мені қарауылдаумен болыпты ғой.

Қақаған аязда үй төбесінде тұрған оның шашының бәрін ақ қырау басып, қасы, кірпігіне дейін аппақ болып кетіпті. Артынан:

– Апа-ау, мені тосамын деп аязда қатып қалсаң қайтесің? – дедім әзілдеп.

– Сенің жолыңды тосып өлсем арманым жоқ қой, құлыным, қызығым, көк пырағым,⁵⁴ – деді.

⁵³ Ошақтың, пештің сыртқы мойыны, түтіндік.

⁵⁴ Жүйрік, тұлпар.

«Көк пырағым» деген сөздің мынадай мәні болатын. Мен жасымда жақсы оқып едім оқуды. Мектептен қайтқанда есіктен кірер-кірместен:

– Апа, бүгін бес әкелдім, – дейтін едім қозыдай маңырап.

– О, айналайын, менің жүйрігім, көк пырағым! – деп апам екі бетімнен кезек сүйетін еді еміреніп. Оның «көк пырақ» дегені өзіміздің колхоздың алдына мал салмайтын жүйрік көк бестісі болатын. Мені де алдына жан салмасын деп «көк пырақ» атаған болатын апам.

Апамның жүзіне көз салсам, екі беті бал-бұл жанып, маған бар мейірімін төгіп, емірене қарап қалған екен. Ондай мол мейірді тек күн ғана көктемде жер бетіне төге алар еді. Оның қоңыр көздерінен шашыраған махаббат ұшқыны апамның мен үшін неге болса да, ең әрісі өлімге де әзір екенін танытып, ұқтырып еді маған.

Апамның осы сөзін естіп, бетіне қарағанымда неге екенін білмеймін, жүрегімнің бірінші рет, кеудемді теуіп, бұлк ете түскенін сездім. Сыртқы дүние емес, өз ішімнен ондай үн, дүрс еткен дыбыс естимін деп ешқашан ойламаған едім. Бәлкім ол баланың анаға деген шексіз махаббатының тұңғыш оянуы шығар.

Сол жайлы жүрегімнің санама жеткізген алғашқы хабары болар бұл. Әйтеуір содан кейін мен қайда жүрсем де апамды ойлап жүретін болдым. Алыста жүрсем жиі-жиі хат жазып, ыстық-ыстық сәлем жолдау айнымас әдетіме айналды. «Сенің жолыңды тосып өлсем – арманым жоқ, құлыным, қызығым, көк пырағым» деген сөздер, алыстан берілген айқын дабылдай болып, құлағымда мәңгі сақталып қалды. Осы сөздер ойыма түссе-ақ біздің аласа үйіміздің ортасында шынардай тіп-тік болып, маған күн нұрындай шексіз мейірін төгіп, елжірей қарап тұрған апам көз алдыма елестеп, жүрегім жібіп сала беретін.

Есіл апам, ер апам! Тағы қандай істерің бар еді есімде қалған? Көп қой, көп. Сенің маған деген аналық қамқорлығыңды ойлап тауыса алармын ба, айтып жеткізе алармын ба мен? Жоқ, жеткізе алмаспын ешқашан?!



- Мәтінде ана махаббаты қалай суреттелген?
- Бала анасына махаббатын қалай білдірді?
- Өздерің аналарыңа деген сүйіспеншіліктеріңді қалай білдіресіңдер?
- Ата-ананың алдындағы перзенттік парызды қалай өтеуге болады?



1-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Атасы немересіне:

– Балам, әрдайым бізді басқалар жақсы болғанымыз үшін жақсы көретіндей көрінеді. Бірақ та олай емес, бізді жақсы көрген адамдар өздері жақсы болғандықтан сүйіспеншілік танытады, – деді.

Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...

- Сендер қалай түсіндірер едіңдер?
- Атайдың ойымен келісесің бе? Неліктен?

2-тапсырма. Абайдың «Махаббатсыз дүние бос» деген ойының себебін тауып, нақты мысалдар келтіріп жазыңдар.

3-тапсырма. Өнер туындысына қарап, бесік жыры мен әлемнің үйлесімділігі туралы ой толғау жазыңдар.



Ағымсалы Дүзелханов. Бесік жыры. 1978 ж.



Ақселеу Сейдімбек

... Ол қолынан келмейтіні жоқ ұста⁵⁵ еді. Көш бойында Қасым ақсақалдың көптен артта қалып, бірдеңені түртінектеп жүргенін көріп: «Қасеке, не істеп жүрсіз?!» – деп сұрадым. «Жердің жырттығын жамап жүрмін!» – деді ақсақал сүт пісірім уақыт бойы екеулеп жүріп ауыл жұртындағы жерошақ⁵⁶ атаулыны тегістеп шыққан кезімізде. Желі⁵⁷ тартқан, көген⁵⁸ керген, ат арқандаған⁵⁹ қазықтарды суырдық, шалғынды, сыздауыт жерден ауыз су үшін қазған құдықтың ернеуіндегі топырағын ішіне құлатып, тегістеп тастадық. Ойылған жерошақ, қағылған қазық, қазылған құдық атаулыны сол қалпында қалдырса малжан жазым болатын еді. Қасым ақсақал құлазып жатқан жұртты бір шолып шықты да: «Жерді жаралауға болмайды! Жер-ананың тіршілік атаулыға жайылып дастарқан болғаннан басқа жазығы бар ма?!» – деді.

... Ауыл-ел Шу бойын бетке алып үдере көшкелі жатқанда анам «қазір-қазір» деп жүріп, таңғы тамақты жылытқан от орнындағы сексеуіл мен көкпектің жайнап жатқан шоқайнасын көмуге кірісті, от орнын тереңдетіп ашып, ірі шоқтарды сол ашқан жеріне жиыстырды, шала жанған сексеуіл қалдықтарын шоқтың үстіне тастап, одан әрі күлмен қалың етіп көмді. Содан соң ғана шешей мандайындағы таңғы шықтай мөлдіреген терін жаулығының ұшымен сүртіп отырып: «Ой, құлыным-ай, шоқты еріккеннен көмеді ғой деймісің, енді екі-үш күннен соң осы ізбен абысындарымның көші өтеді. Солар ас-суын қиналмай қамдасын деп жүргенім ғой!» – деді. Сонсоң, айрықша әдемі бота көзін мөлдіретіп, жанарын көк жүзіне қаратқан қалпы:

⁵⁵ Шеберлікті кәсіп еткен, қолының өнері бар адам.

⁵⁶ Қазан асуға арнап қазылған, от жағатын шұңқыр жер.

⁵⁷ Бие сауған кезде құлындарды байлау үшін жерге керіп тартып тастаған арқан.

⁵⁸ Ұшы түймеленіп түйілген, қой-қозыларды мойнынан байлайтын, арқанға тағылған қысқа жіптер.

⁵⁹ Алысқа кетіп қалмау үшін, малды арқанның бір шетімен байлап, ұзын ғып босатып, жайылуға жіберу.

«Күз қабағы мынау, күн санап қалыңдап бара жатқан!», – деп ақырын күрсініп қойды.



- Қасым ақсақалды елсіз жұртта жерге қызмет еткізіп жүрген не деп ойлайсыңдар?
- Қасым атаның бойынан қандай сүйіспеншілікті байқауға болады?
- Ананы ертеңгілердің қамын ойлатқан қандай қасиеттері мен құндылықтары?
- Ананың жүзін сұлуландырып, нұрландырып тұрған не?
- Өздерің біреудің қамын ойлайсыңдар ма? Неліктен?
- Біреудің өмірі үшін қызмет етіп, оның қамын жеу қажет пе? Ол саған, өмірге не береді?
- Өздерің кім (не) үшін алаңдайсыңдар? Неліктен?



4-тапсырма. Өзімшіл сүйіспеншілік, құмарлық, өзара сүйіспеншіліктің таза, риясыз сүйіспеншіліктен айырмашылығын тауып, айтып беріңдер.

5-тапсырма. Суретке қараңдар. Фотограф Сәрсенбек Қызайбекұлы осы суреттегі табиғаттың тылсымы мен сұлулығын объектіге дәл түсіру үшін екі сағаттан артық уақыт жұмсаған екен...

Ал сендер осы суреттен қандай сұлулықты байқадыңдар? Әңгімелеп беріңдер.



Сәрсенбек Қызайбекұлы. Фото.

6-тапсырма. Сөйлемдерді өз ойларыңмен аяқтап жазыңдар.

- *Ойымыз, сөзіміз, ісіміз сүйіспеншілікке толы болса...*
- *Сүйіспеншілік адам өмірінің негізі болса...*



Сүйіспеншілік дегеніміз – ол қарапайым эмоция, тілек немесе күштарлық емес. Сүйіспеншілік – ол айналаны өзгертуге қабілетті, күшті қуат, бұл қуат – жасампаз және өмірдің тірегі.

Көптеген физик, биолог, дәрігер, психолог ғалымдардың пікірі бойынша, сүйіспеншілік қуаты – адам өмірінің барлық сферасына ғажайып ықпал етеді.

Өміріңе немқұрайлы қарама

Сөзін жазған Серік Сейітман

Әнін жазған Сәкен Дәрібаев

Тыңда, досым, мен айтайын от тілек, –
 Дүниеден өтті бай да, өтті бек.
 Өміріңе немқұрайлы қарама, –
 Дәулетіңмен тұрсаң-дағы көк тіреп!
 Әр күн сайын тек сен үшін атып таң,
 Зерлі шапан киінсең де, жақұттан.
 Өміріңе немқұрайлы қарама,
 Шақша басың айналса да бақыттан.
 Бақ құсыңды қонған кезде бағала,
 Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала,
 Кенелсең де, досым қанша шаттыққа,
 Өміріңе немқұрайлы қарама,
 Тұсау салып, бас тартқызбай көш дара,
 Етсе-дағы дұшпан күлкі, дос таба,
 Өміріңе немқұрайлы қарама,
 Тағдыр жолы қарсы алдыңнан соқса да.
 Күн сағатта сақтау үшін өз басын,
 Сатып кетсе, сеніп жүрген жолдасың.
 Өміріңе немқұрайлы қарама.
 Айдын көлге айналса да көз жасың.
 Бақ құсыңды қонған кезде бағала, –
 Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала.
 Қанша азап көрсең-дағы бауырым,
 Өміріңе немқұрайлы қарама.



ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ



Мен өз өмірім мен ойымды бүкіл әлем біріншісін көріп, екіншісін естіп тұрғандай басқарамын.

Сенека

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңдар.*



Мейірімді және ілтипатты бол!

Аңыз

Ұстазға жас жігіт келіп шәкірттікке қабылдауын сұрайды.

– Ол саған не үшін керек? – деп сұрайды ұстаз.

– Қайратты да қайсарлы болғым келеді.

– Енді болмайсың ба! Айналаңа мейірімді, кішіпейіл және ілтипатты⁶⁰ бол.

Мейірім мен ілтипат арқасында елдің құрметін аласың. Ішкі дүниең тазарып мейірімге толады, яғни, жігерлі боласың. Ілтипаттың арқасында кішкентай да болса өзгерістерді байқайтын боласың да, көптеген қиындықтарды алдын ала болжай аласың, яғни, ұрыс-қақтығыстарға кірмей тұрып оларды жеңіп шығасың. Талас-тартыстардың алдын көре алатын болсаң, ешкім жеңе алмайтындай қайратты бола аласың.

– Қалай сонда?

– Иә, ешкім сені жеңе алмайтын болады, өйткені ешкіммен егеспейсің⁶¹.

Жігіт кетіп қалады. Бірақ бірнеше жыл өтіп, ұстазға қайтып келеді.

– Не іздедің? – деп сұрайды қария.

– Сіздің аман-саулығыңызды және қандай да бір көмегім

⁶⁰ Ықыласты.

⁶¹ Ерегеспеу, таласпау, ұрыспау.



керек пе деп сұрайын деп келдім... Сол кезде ұстаз жігітті шәкірттікке алады.



- Мәтіндегі ұстаздың «Айналаңа мейірімді, кішіпейіл және ілтипатты бол» деген ойымен келісесің бе? Себебін түсіндіріңдер.
- Осы ұстаз айтқан қасиеттердің сендерді жеңіске жеткізетініне көздерің жете ме? Неліктен?
- Жігітке ұстаздың ақылын ұғуға кім (не) сабақ болды деп ойлайсың?
- Өздеріңе таңдау берсе, ұстазға нені үйрет деп өтінер едіңдер? Неліктен?



1-тапсырма. Төмендегі кейіпкерлерге сипаттама беріп, сол қасиеттеріне сәйкес «Дұрыс әрекет жасаймыз» тақырыбында шағын қойылым дайындап, сахналаңдар.

- Ақылды бала.
- Елгезек бала.
- Пысық бала.
- Мейірімді бала.
- Жомарт бала.

2-тапсырма. Дәптердегі бір жыл бойы жазған «Сабақтағы сабақ» кестесін карап, ондағы «Біліп алдым» айдарындағы жазбаларыңды оқып, қорытындысын шығарыңдар.

3-тапсырма. Осы оқу жылында жасаған жобаның нәтижесі бойынша көрме ұйымдастырындар.

Шәкәрім



... Адамның таза ақылы, ақ жүрегі, мейірімі, ынсабы басын қосса, адам баласы дұрыс өмір сүрмек. Бұл қасиеттер біріксе, өзімшілдік, мансапқорлық, мақтан, өтірік, зорлық, мейірімсіздік, қара ниеттілік деген қылықтарға орын қалмайды. Бұл қашан болады дегенде, адамзат баласының санасы өсіп, дамып келеді. Аң заман, ағаш заман, тас заманнан өтіп, бүгінгі қоғам қандай өскен болса, ертеңгі болашақ бүгінгіден де жарқын болады. Адам санасы өскен сайын таза адамдар көбейеді, жаман әдет қала береді, әділет үстемдік алады.



Лұқман хакімнің ұлына айтқан өсиеттерінен

Ел аузынан

Кімге ақыл-насихат айтсаң, алдымен өзің жүзеге асыр! Сөйлеген сөзің өз қадіріңе лайық болсын. Адамдарды қадірлей біл. Көпшіліктің ақысын ойла, қиянат қылма. Өз сырыңды жасырын ұста. Дана және білгір адаммен дос бол. Ақкөңіл және дана кісілермен ақылдас. Жақсы жұмысты тастама, жаман жұмысты бастама.

Аз сөйлеп, аз тамақтануды әдет қыл. Адамдардың жақсылығына күншілдік қылма. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырма. Көпшілікке жек көрінуші болма. Әжет⁶² сұрап келгендерді үмітсіз қайтарма. Шын сөзді әзілге бұрма. Біреуді екінші адамның алдында ұялтпа. Айтқан сөзіңді екінші рет қайталама. Өзіңді және жақындарыңды бөтендердің алдында мақтама.

Ескі ұрысты еске алушы болма. Барша адамды құрметтей біл. Күн шыққанға дейін ұйықтама. Екі адам сөйлескенде сөзіне араласпа. Орынсыз жұмыстарға соқтығып, абыройыңды төкпе. Адамдардың көре алмаушылығынан сақтан. Өзіңнің қор болмауыңды ойла. Мейірімді және кішіпейіл бол. Халыққа

⁶² Қолқанат болу, қажетке жарау, пайдаға асу.

ынсап қыл, кішілерге мейірім жаса, жоқ-жұқанаға қайыр-садақа бер, жастарға насихат айт, дұшпандарға ақкөңілділік көрсет және ғалымдарға еліктеумен өмір сүр. Істеген жақсылығыңды міндет қылмай естен шығар!



- *Лұқман хакімнің ұлына айтқан өсиеттерінен өзіңе қайсысы ұнады? Неліктен?*
- *Мәтіндегі «Кімге ақыл-насихат айтсаң, алдымен өзің жүзеге асыр» деген ойды қалай түсінесің?*
- *Ұстаз неліктен «Істеген жақсылығыңды міндет қылмай естен шығар!» деп өсиет еткен? Себебін түсіндіріп бер.*

4-тапсырма. «Лұқман хакімнің ұлына айтқан өсиеттерін» басшылыққа алып, жыл бойы үйренгендерді естеріңе түсіре отырып, өздеріңе адамдықтың ережесін жасандар.

5-тапсырма. Дәптердегі бір жыл бойы жазған «Сабақтағы сабақ» кестесін қарап, ондағы «Сабақ болды» айдарындағы жазбаларыңды оқып, қорытындысын шығарыңдар.

6-тапсырма. «Ұжымдағы достық» жобасының 4-кезеңі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындандар.

• «Ұжымдағы достық» жобасының сендер үшін аса маңызды тұстары қандай болды? Жобадағы естеріңде қалған әсерлі, маңызды сәттерді (фотосуреттер немесе таспаға түсірген қысқаша бейнематериал және т.б.) әңгімелеп беріңдер.

• Жобаның орындалуына байланысты өзіңнің және достарыңның өміріндегі өзгерістер туралы әңгімелеңдер.

• «Ұжымдағы достық» жоба жұмысының барлық кезеңіндегі нәтижелерін жүйелеп, жобаны қорғандар.



БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Қоршаған әлеммен үндестік – адамның риясыз сүйіспеншілігі пен қиянат жасамауының жемісі.

А) Әрбір адамның қоршаған әлемді риясыз жақсы көруі міндетті емес.

Ә) Қоршаған әлеммен үндестікті адамдармен тіл табысу арқылы да жасауға болады.

Б) Мен толық келісемін.

2-тест

Л.Толстойдың «Жақсы нәрсе туралы ойлан, сонда ойларың ізгі істер жасауға дағдыланады» деген ойына пікірім.

А) Мүмкін емес. Адамның ылғи да өз ойын басқарып, қадағалап отыруға шамасы жетпейді.

Ә) Дұрыс айтады. Адамның ойы ісі болады, сондықтан адам өз ойын реттеп, басқарып отыруы керек.

Б) Ол үшін адамға өте мықты ерік-күш керек. Оған барлығының шамасы жетер ме екен?!

3-тест

Адам жасампаздығы – ізгілігінде деуге бола ма?

А) Жоқ. Өркениет дамып отырған заманда олай дей алмаймын.

Ә) Иә, келісемін. Барлық ашылулар, жаңалықтар болып, адамдар арасындағы ізгілік, жақсылық жасау, мейірімділік болмаса мына өмір не болар еді!

Б) Мүмкін. Бірақ толықтай қосыла алмаймын.

4-тест

Сүйіспеншілік – ол айналамыздағы әлемді өзгерте алатын қуатты энергия. Сенің көзқарасың?

А) Өте дұрыс айтады, адам сүйіспеншілікпен дүниеге келеді, бүкіл өмірін сүйіспеншілікпен өткізеді.

Ә) Мүмкін, бірақ сүйіспеншілікті түсінбейтіндерді қайтеміз?

Б) Өмірдің мәні сүйіспеншілікпен өлшенбейді.



Ырзамын

Сөзін жазған Мұқағали Мақатаев

Әнін жазған Қ. Намаз

Тағы да көрдім,
Тағы да көрем таң нұрын!
Аязын қыстың,
Аяулы жаздың жаңбырын.
Алтынға, мейлі, толмай-ақ қойсын сандығым,
Ырзамын саған!
Ырзамын саған, тағдырым!
Шаршаған шақта,
Шақырып сені жекпе-жек,
Басыма менің,
Бақыттан басқа төкпе деп,
Тағдырым, саған
Жүріппін босқа өкпелеп.
Өшпестей етіп,
Өмірдің жазған бұл заңын,
Түсінбей кейде,
Тосырқап менің жүр жаным.
Кеудемде мына,
Өзің сыйлаған бір жалын,
Лапылдап жатыр,
Тағдырым, саған ырзамын!

Қымбатты жас достар!

Біз жыл бойы өзіміздің ойымыз, сөзіміз, ісімізді тек қана жақсылыққа, ізгілікке бағыттап тек жақсы, ізгі болуы керек екенін ұғындық.

Шынайылыққа, адамдыққа, ізгі мақсаттарға қарай өзгеруге нықтап ден қойдық. Күнделікті өмірде біреудің бізге жасаған жамандығын, біздің өзгелерге жасаған жақсылықтарымызды естен шығарып, ұмыту керек екенін түсіндік.

Сендердің ақ пейілдерің мен ізгі істерің жүректерден жол тауып, әлемді ізгі, мейірімді, шуақты ететіне сенеміз!



«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Абырой 1. Ар-намыстың тазалығы, адамгершілік, еңбек арқылы көпшілік тарапынан қадір-қасиетке, сый-құрметке ие ететін этикалық категория. 2. Ар, ұят.

Абыройлы – абыройы бар, қадірлі, беделді адам.

Адал – кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз. Ақниет.

Адалдық 1. Адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет. 2. Адам бойындағы бағалы моральдық қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер. 3. Пікір мен борышына берілгендік, өзінің іс-әрекетін сол пікіріне бағындыра білу, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау, адал ниетпен орындау.

Адамгершілік – қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым. Адамның күнделікті өмірінде жетекші болатын ішкі қасиеттер, этикалық нормалар.

Адалдық – адамның мінезіндегі бағалы қасиет, жеке адамның сана-сезіміне, ар-ожданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен ұштасатын іс-әрекеттер.

Ақниет – көңілі таза, пейілі ақ, адал пиғыл адамның кісілік тұлғасы мен мінезіндегі аса құнды қасиет.

Ақкөңілділік – адам баласының жақсы қасиеттерінің бірі. Ақкөңіл адам өзгенің жетістігіне, қуаныш, бақытына өз жетістігі мен игілік-бақытындай көріп, қуанады. Олар басқаға көмектесуге, басқаны көңілдендіруге, шаттандыруға, қиындықтан құтқаруға әзір тұрады.

Ар 1. Кісінің халық пен қоғам, жеке адамдар алдында өз әрекеті үшін моральдық жауапкершілігін сезініп, саналы ұғынуын, өз ойы мен ісін адамгершілік ұжданымен бағалай білуін бейнелейтін тарихи мәні бар, қоғамдық-этикалық категория. 2. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауаптылығын сезінуі және адамның өзіне-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуі.

Әдептілік 1. (араб. – сыпайылық, ізеттілік) – белгілі моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. 2. Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.

Әдепті – инабатты, ізетті, тәртіпті, биязы, сыпайы.

Байсалды – ұстамды, байыпты.

Байсалдылық – байыптылық, сабырлылық, ұстамдылық.

Бата 1. Адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрлері.

2. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдеп талаптарына сай адамға ізгі тілек білдіру.

Жанашырлық 1. Ниеттестік, тілектестік, қамқорлық, ет жақындық. 2. Бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға тілектес, ниеттес, сыйлас кісілеріне деген ерекше көңіл-күйі, қамқорлығы.

Жауапкершілік 1. Адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет. 2. Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі. Жауапкершілік – тәртіптіліктің, адамдықтың белгісі.

Жомарттық 1. Берегендік, қолы ашықтық. Дарқандық, кендік, молдық. 2. Бір адамның екінші адамға немесе адамдар тобына қарымтасыз, міндеттеусіз қайырымдылық жасауы.

Зеректік – адамның өзінің маңындағы нәрселер мен құбылыстарды танып білудегі сезімталдығын, ақыл-ойының ұшқырлығын, ойлау әрекетінің орамдылығын білдіретін даралық қасиеті.

Ибалылық – адамның мінез-құлқындағы әдептілік, ізеттілік, арлылықты білдіретін ұнамды әрі жағымды қасиет.

Инабаттылық 1. Этиканың негізгі категорияларының бірі. Ерекше әдептілік, тәртіптілік, ізеттілік мағыналарында қолданылады. 2. Адамның қоғамдағы, күнделікті іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адагершілік, ізгілік, кісілік белгісі.

Кешірімділік – адам бойындағы жақсы қасиет, пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарау. Кешірім сұрау – әрбір адамның өзі жіберген қатесін ой-санасымен сезініп мойындауы, оның мінезіндегі ерлігі мен батылдығын білдіреді.

Кісілік – адамның тұлғалық жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. Қазақ тілінде кісілік-адам деген ұғымның мәнді бір атауы. Имандылық, ізгілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, дербестік, жауапкершілік, намысқойлық, жігерлілік кісілік қасиеттерге жатады.

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), екіншісі іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Мейірім – қайырымды көңіл, ақ пейіл, ықылас.

Мейірімділік – адамның бір-біріне жылылығын білдіріп, оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, адамның шат-шадыман тіршілігі үшін аса маңызды қасиет. Мейірімділік – тек жақсылық ойлаушының басқаға игі әрекет көрсетуі, игілік жасауы.

Намыс 1. Адамгершілік, ар, абырой. 2. Ұят, ұждан. 3. Адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезім.

Намысқой – ар-абырой, намысшыл.

Өнеге – тәлім-тәрбие, үлгі ақыл.

Рақмет – ілтипат білдіріп айтылатын ризалық алғыс.

Рақым – қайырым, мейірім, шапағат.

Рақымды – мейірімді, мейірбанды, қайырымды.

Риясыз – шын ықыласпен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.

Риясыздық – қалтқысыздық, бүкпесіздік, шынайылық.

Рухани – адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән.

Руханилық – рухани, адамгершілік және интеллектуалды қызығушылық-тардың материалдыққа қарағанда басым жағдайы, адам жанының таза қасиеті.

Рухани дүние – адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы.

Сабырлы – салмақты, ұстамды, байыпты.

Сабырлылық 1. Ұстамдылық, шыдамдылық, салмақтылық. 2. Адамның өз мінез-құлқын басқарып, иелік ете алуы, ашулы, ызалы кезінде, қиын жағдайға тап болғанда, өмірлік мәселелерді шешкен кезде өзін-өзі ұстай білуі.

Ұждан 1. Ар, намыс, ұят. 2. Адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін этика категориясы.

Шыншылдық – шындықты бағалай білу және шындықты айта білу.

Ізгі – адал, ақ, игі.

Ізгілік (гумандық) – адамның тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркін дамуына және өз қабілеттерін көрсетуге құқығын мойындау. Тұлға қасиеті ретінде моральды-саяси сезімдерді, адамдарға, олардың өмірі мен ісіне жағымды көзқарасты, адамсүйгіштікті және жан жылулығын қамтиды.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – қазақ ақыны, қазақ әдеби тілінің негізін салушы, ойшыл, ағартушы, философ. Оның туғанына 150 жыл толуы 1995 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.

Адлер Альфред (нем. *Alfred Adler*; 1870-1937) – Аустрия психологі, психоаналитикалық бағыттың өкілі. Вена педагогикалық институтының (1915 жылы), Колумб университетінің (1929, Нью-Йорк) профессоры.

Айтматов Шыңғыс (1928- 2008) – қырғыз жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО-ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының иегері

Аллен Джеймс (1912) – британ жазушысы, философиялық мазмұнды кітаптары және поэзиясымен белгілі.

Алтынсарин Ыбырай (1841-1889) – қазақ ағартушысы, педагог, ақын, жазушы.

Аманжолов Нұрболат – журналист, жазушы.

Аристотель (б.з. дейінгі 384-322) – ежелгі грек философы, ғалым, ойшыл.

Асыллов Ұлықман (1939-2015) – педагог-жазушы, аудармашы.

Аязбекова Жәмила – «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, сценарист әрі кәсіпқой кинотанушы.

Байжанов Сапар (1930-1999) – әр жылдары жарияланған «Жаңа леп», «Құрыш зергерлері», «Ақ маржан», «Сұңқар көңіл самғайды», тағы басқа туындылардың авторы.

Байтұрсынов Ахмет (1873-1937) қоғам қайраткері, ақын әрі аудармашы.

Баласағұн Жүсіп (1015 (16) ж. туған – қайтыс болған жылы белгісіз) – түркі тілдес халықтар ақыны, ойшыл, «Құтты білік» дастанының авторы.

Бөкей Оралхан (1943-1993) – жазушы, драматург.

Бөкейханов Әлихан (1866-1937 жж.) – қазақ зиялылары арасында ірі тұлға ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамында белгілі болған зиялы тұлғалардың көшбасшысы, жетекшісі.

Бұхар жырау (1668-1781) – қазақ ойшылы.

Гельвеций Клод Адриан (1715-1771) – француз әдебиетшісі, философы.

Гете Иоганн Вольфганг (1749-1832) – неміс ақыны, ойшылы, жаратылыстанушысы.

Гоголь Николай Васильевич (1809-1852) – орыстың ұлы жазушыларының бірі.

Горький Максим (шын аты жөні – Алексей Максимович Пешков) (1868-1936) – орыс жазушысы.

Дәрібаев Сәкен – музыкант, патриоттық тақырыптағы динамикалық әндерді жазып, аранжировка жасаумен айналысады. «Дәрібаевтар ансамблінің» мүшесі.

Достоевский Федор Михайлович (1821-1881) – ең атақты орыс жазушыларының және ойшылдарының бірі.

Дүзелханов Ағымсалы Дүзелханұлы (1951 жылытуған) – суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. 200-ден астам кітапты, әртүрлі тақырыптағы 50-ден астам плакатты безендірген. «Абылай хан», «Әбілхайыр хан», «Әйтеке би», «Қазыбек би», «Төле би», «Қорқыт» тәрізді портреттер сериясы бар. Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңгені безендірушілердің бірі.

Есенберлин Ілияс (1915-1983) — қазақ жазушысы, Қазақ әдебиетінде өнімді еңбек еткен аса көрнекті жазушылардың бірі. Алғашында ақын ретінде танылған оның шығармалары 1940 жылдан бастап жарық көре бастайды.

Есімов Ғарифолла (1947) – ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, абайтанушы.

Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлы (1933) – философ, қоғам қайраткері.

Әйтеке би (1666-1722) – қазақ биі, қоғам қайраткері.

Әлімқұлов Нұрсұлтан (1928-1982) – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Халық арасында кең таралған ән текстерінің авторы.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897-1961) – қазақ жазушысы, ғалым, «Абай» эпопеясының авторы, оның туғанына 100 жыл толуы 1997 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.

Жақаев Ыбырай (1891-1981) – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, күріш өсіруші, колхоз құрылысының ардагері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Жарықбаев Құбығұл 1929 жылы туған – ғалым-педагог, этнопсихолог.

Жиенбаев Сағи (1934-1994) – ақын, «Қарлығаш» атты тұңғыш жинағы 1959 жылы жарық көрген. Жиырмадан аса өлең кітаптарын жариялады.

Жиренше (XIV-XV) – аты аңызға айналған дала данышпаны, шешен. Түркі халықтарына ортақ ойшыл.

Жүйнеки Ахмет (XII ғ.) – түркі халықтарының ақыны

Жүнісұлы Ахмет – жазушы, «Екі терезе», «Ақ желек», «Жолаушы», «Пәниден бақиға дейін» туындыларының авторы.

Жұбанов Ахмет (1906-1968) – ғалым, композитор, дирижер.

Жұмабаев Мағжан (1893-1938) – қазақ ақыны, педагог, кеңестік қуғын-сүргін құрбаны.

Зенон Элейский (*Элеатский*; ежелгі грек. Ζήνων λεάτης; б.д.д. 490 ж., Элея, Лукания, – б.д.д. 430 ж.) – ежелгі грек философы, Парменидтің шәкірті, Элея мектебінің өкілі.

Йасауи Қожа Ахмет (1103(05) – 1167) – түркі тілінде жазған ақын, әйгілі «Диуани хикметтің» («Парасат кітабы») авторы.

Иманжанов Мұқан (1916-1958) – жазушы, «Алғашқы айлар» повесі, «Таныс қыз», «Көк белес» романдары, «Тыңдағылар» әңгіме және очерктер жинағының авторы.

Карлейль Томас (1795-1881) – британ жазушысы, тарихшы және философ.

Кекілбайұлы Әбіш (1939-2015) – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002), Парламент Сенатының депутаты (2002-2015).

Келімбетов Немат (1937-2010) – түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі.

Кеннеди Джон Фицджералд (ағылш. *John Fitzgerald «Jack» Kennedy*, АҚШ-тың 35-президенті (1961-1963).

Кәрімбаев Садық (1918-1975) – композитор, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген артисі.

Коменский Ян Амос (1592-1670) – чех педагогі.

Конфуций (б.з. дейінгі 551-476) – ежелгі қытай философ-ойшылы.

Көпей Мәшһүр Жүсіп (1858-1931) – қазақ ақын-жазушысы, шежіреші-тарихшы, әдеби мұраны жинаушы.

Кутзее Джон Максвелл (Джей Эм) Кутси (*John Maxwell Coetzee*, (1940) – оңтүстік Африкалық жазушы, сыншы, лингвист. Әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты.

Қабанбай Марат (1948-2000) – балалар жазушысы, публицист.

Қабанұлы Байыт – Моңғолияның Ерденет қаласында тұратын қазақ ақыны. Қаламгердің өлеңдер мен поэмалардан және әңгімелерден құралған қазақ және моңғол тілдерінде 20-ға жуық кітабы жарық көріпті.

Қазыбек би (XVIII ғ.) – орта жүздің төбе биі.

Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлы (1924) – қазақ және ұйғыр тіл білімінің маманы, түркітанушы, қоғам қайраткері. Филология ғылымы докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Қайырбеков Ғафу (1928-1994) – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Қалдаяқов Шәмші (1930-1992) – аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген

қайраткер, осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі.

Қалдыбай Мамытбек (1939) – жазушы.

Қастеев Әбілхан (1904-1973) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақстанның халық суретшісі.

Қашқари Махмұд (1029-1038 жылдар аралығында туған - қайтыс болған жылы белгісіз) – түркі ғалымы, филолог, «Диуан луғат ат-түрік» атты көп томды сөздіктің авторы.

Қорқыт ата (VIII ғ.-да өмір сүрген) – ақын, күйші, ойшыл. Оның есіміне катысты жәдігерліктер «Қорқыт ата кітабына» (XI ғ.) жинақталған.

Құдайбердіұлы Шәкәрім (1858-1931) – ақын, аудармашы, философ.

Құдайбердиев Ахат Шәкәрімұлы (1900-1984) – ақын. 1984 жылы 26 маусымда Ахаттың өзінің өсиет, тілегі бойынша Семейдегі Абай мұражайының негізгі қорына 36 құжат, 51 қолжазба шығармалар (поэма 7318 жол, өлең 25431 жол, прозалық шығармалар, естелік-әңгімелер 813 бет) қабылданған.

Құрманалин Мұхтар (1927-2011) – ақын, жазушы.

Ларошфуко (1613-1680) – француз моралисі, афоризмдерімен әйгілі.

Линкольн Авраам (1809-1865) – Американың мемлекет қайраткері, АҚШ-тың 16-шы президенті, американ құлдарын азат етуші, американ халқының ұлттық батыры, тарихтағы атақты 100 тұлғаның тізіміне кіреді.

Мақатаев Мұқағали (1934-1978) – қазақ ақыны.

Мендеке Әмірхан (1956) – жазушы.

Молдағалиев Жұбан (1920-1987) – қазақ ақыны, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты.

Молдағалиев Тұманбай (1935-2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Момышұлы Бауыржан (1910-1982) – Кеңес Одағының батыры, «Халық қаһарманы», жазушы.

Монтень Мишель (1533-1592) – француз философы және жазушысы.

Мүсірепов Ғабит (1902-1985) – қазақ жазушысы және драматургі.

Мұқанов Сәбит (1900-1973) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері.

Мұратбеков Сайын (1936-2007) – жазушы, аудармашы.

Мұстафин Ғабиден (1902-1985) – қазақ жазушысы.

Мырза Әлі Қадыр (1935-2011) – Қазақстанның халық жазушысы, он алты томдық таңдамалары жарық көрген.

Назарбаев Нұрсұлтан (1940) – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

Нәжімеденов Жүмекен (1935-1983) – қазақ ақыны, Қазақстан комсомолы сыйлығының иегері.

Ницше Фридрих Вильгельм (1844-1900) – неміс философы, ақын және композитор.

Нүрпейісова Дина Кенжеқызы (1861-1955) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі.

Нұршайықов Әзілхан (1922-2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Омаров Досым (1948) – абайтанушы.

Салықов Кәкімбек (1932-2013) – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын.

Сапарәлі Бейбіт Төлеубайұлы (1962) – жазушы, көсемсөзші, абайтанушы.

Сариев Шөмішбай Нағашыбайұлы (1946) – ақын, аудармашы, филология ғылымының кандидаты, Кафка атындағы Халықаралық сыйлықтың және «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Жыл Адамы – Алтын Адам» сыйлығының иегері.

Сейдімбек Ақселеу Сланұлы (1942-2009) – жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор.

Сейітман Серік (1982) – Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың және Халықаралық «Шабыт» фестивалінің I-дәрежелі лауреаты, «Жас тұлпар» сыйлығының иегері.

Сейфуллин Сәкен (1894-1938) – қазақ ақыны, әдебиет зерттеуші, кеңестік құғын-сүргін құрбаны.

Сенека Луций Анней (б.з. дейінгі 4 жылдар шамасында туған – б.з. 65 жылы қайтыс болған) – римдік философ.

Серікбаев Ержан (1960-2011) – белгілі әнші және композитор.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, шын есімі – Ғабдулғани (1899 – геолог-ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Смаханұлы Шона (1924-1988) – қазақ ақыны, сықақшы.

Сократ (б.з. бұрынғы 436-338) – ежелгі грек публицисі, философы.

Стивенсон Роберт Льюис (ағыл. *Robert Louis Stevenson*; 1850-1894) – шотланд жазушысы және ақыны, шытырман оқиғалы романдар – «Қазына аралы», т.б. мен повестердің авторы, ағылшын неоромантизмінің ірі өкілі.

Сухомлинский Василий Александрович (1918-1970) – украин педагогі.

Сүлейменов Олжас (1936) – ақын, белгілі қоғам қайраткері.

Таңсықбаев Орал (1904-1974) – кескіндемеші, КСРО халық суретшісі.

Тасқара Иран Тасқараұлы (1939) – ақын, әнші, сазгер.

Тілендиев Нұрғиса (1925-1998) – қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Қазақ КСР халық әртісі, КСРО халық әртісі), Халық қаһарманы.

Толстой Лев Николаевич (1828-1910) – орыс жазушысы.

Томсон Джозеф Джон (1856-1940) – ағылшын физигі, Нобель сыйлығының лауреаты.

Төлепбай Ерболат (1955) – кескіндемеші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Қырғызстанның және Ресей көркемсурет академиясының толық мүшесі. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Тұрсынжан Шапай Мұқанұлы (1957) – әдебиет сыншысы, филология ғылымның кандидаты.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835-1865) – қазақ ғалымы, ағартушы, саяхатшы.

Ушинский Константин Дмитриевич (1824-1870) – орыс педагогі.

Фараби әл-Фараби Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Тархан (870-950) – Отырардан шыққан философ және энциклопедияшы-ғалым.

Фейербах Людвиг (1804-1872) – неміс философы.

Феофраст, Theophrastos, (б.э.д 372–287 жж.) – гректің философ ғалымы. Платонның, содан кейін Аристотельдің шәкірті және ізбасары болған, Афина мектебін басқарған.

Хасанғалиев Ескендір Өтегенұлы (1940) – әнші, композитор.

Хокинс Джеймс (Джим) (ағыл. *Jim Hawkins*) – Роберт Льюис Стивенсонның «Қазына аралы» романындағы жағымды кейіпкер.

Хокинс Джон (ағыл. *John Hawkins* немесе *John Hawkyns*), (1532-1595) – ағылшын теңізшісі, кеме жасаушы, адмирал, талантты ұйымдастырушы.

Шаханов Мұхтар (1942) – Қазақстанның халық жазушысы, Қырғыз Республикасының ел ақыны, көрнекті қоғам қайраткері.

Шаяхмет Ақылбек (1951) – ақын, прозашы.

МАЗМҰНЫ

I тарау. таным қуанышы	7
<i>1-2 сабақтар. Ақыл-парасат, ерік-жігер және жүрек</i>	8
<i>3-4 сабақтар. Адамның ішкі әлемі</i>	16
<i>5-6 сабақтар. Өмірдің мәні</i>	23
<i>7-8 сабақтар. Адам бақыты</i>	29
II тарау. Адам болам десеңіз	37
<i>9-10 сабақтар. Адам абыройы</i>	38
<i>11-12 сабақтар. Адам жауапкершілігі</i>	45
<i>13-14 сабақтар. Парыз тәртіптен басталады</i>	51
<i>15-16 сабақтар. Қоғамға қызмет ету</i>	58
III тарау. Адам және әлем	67
<i>17-18 сабақтар. Адами қарым-қатынас жарастығы</i>	68
<i>19-20 сабақтар. Отбасылық құндылықтар</i>	74
<i>21-22 сабақтар. Ұжымдағы өзара қарым-қатынас</i>	84
<i>23-24 сабақтар. Адам және адамзат</i>	91
IV тарау. Адамзаттың рухани тәжірибесі	99
<i>25-26 сабақтар. Қоршаған әлеммен үндестік</i>	100
<i>27-28 сабақтар. Адамның рухани әлемі</i>	107
<i>29-30 сабақтар. Адам жасампаздығы</i>	114
<i>31-32 сабақтар. Сүйіспеншілік жолындағы өмір</i>	122
<i>33-34 сабақтар. Әсемдік әлемінде</i>	128
«Өзін-өзі тану» пәні бойынша түсіндірме сөздік	135
Есімдер көрсеткіші	138



Оқу басылымы

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

**Әкімбаева Жазира Жайлаубекқызы
Бақаш Ерғали
Нүркеева Сатұалды
Мұратханова Райхан**

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық

Редакторы: *Э. Бөкенбаева*

Суретшісі: *Т. Жубаньшева*

Компьютерде беттеген: *Р. Ставер*

Басуға 13.07.17 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Agial». Пішімі 60×90^{1/16}. Баспа табағы 9,0.

Таралымы 2 162 дана. Тапсырыс 1649-16

«Интеллсервис» ЖШС, B64E9X5, Талғар қ., Промышленная к-сі, 5
www.intellservice.kz